


84 Каз 2  
М 88

ФАБИТ  
МУСРЕПОВ  
11292



ДОСТЫК  
САШАРЫ

ҒАБИТ МҮСРЕПОВ

Каз2  
М 88

# ДОСТЫҚ САПАРЫ

*Әңгімелер мен очерктер*

**Мұсрепов Ғабит.**

**M 88** Достық сапары. Әңгімелер мен очерктер.  
Алматы, «Жазушы», 1971.

**128 бет. 8800 дана 21 т.**

Көрнекті жазушы Ғабит Мұсреповтың бұл жинағына  
шет елдерге жасаған саяхатының нәтижесінде туған әңгімелері,  
жолжазбалары, ынтымақтық, достық хакында сейлемен-  
ген сөздері еніп отыр.

**7—3—3**


**390—74**

**Каз 2**

**АБОЛДІМЕНТ**

**33**

**013**



# Жапон балладасы

## АРҚАНЫң ӘҢГІМЕСІ

Арқаңнан бұлай түйіп жібергенді білген емеспін. Басым қайқайып барып өкшеме тиді білем. Догадай иліп қалдым. Егер азды-көпті спортсмен болмасам, не мойным үзіліп кететін еді, не болмаса — белім.

Бұдан үш-төрт жыл бұрын өзім де талай баланы түйіп қалған болуым керек. Өз сыбағамды да алатынын. Ал, мына түйіс оқыс та орасан екен. Машинаға тиелген кранның тұмсығы түйіп жіберді ме екен деп едім. Егер мен емес бір мосқалдау адам болса, әсіреле, не әйел, не бір жас бала болса, мойны үзіліп, басы көшемен домалап бара жатар еді.

Мүмкін, бүгін талай бастар домалаған да болу керек...

Басым кілт қайқайып шалқалай бергенде түйіп жібергенді көріп қалғым келіп, арт жағымды шолып үлгірдім. Ешкім жоқ, ешнәрсе жоқ. Бұл қас қаққанша дерлік, кез ілеспес сәтте болған оқиға. Бірақ, адам ойы одан шабан емес екен, мен де біраз нәрсені аңғарып қалдым. Арт жағым иық тірескен биік тас үйлер еді. Ұшып кеткендей біреуі қалмапты. Орындары қара тақтадай. Үлкен өртерден, қаланың опар-топарын шығаратын жер сілкіністерінен, қара күйік үй қабырғалары, сорайған тұрба, шаң басқан ағаштар, құлаған үйлердің үйіндісі сияқты апат белгілері қалушы еді ғой, бұл жолы келген апат ешнәрсе қалдырмаған, жалап кетіпті. Айналаң тып-типыл... Әшенинде биік үйлердің тасасынан көріне бермейтін жүндес таулар өркеш-өркеш болып, ап-айқын көзіме шалынды. Таулар орнында екен.

Аспаннан қат-қабаттасып қалықтап мен көріп білмен жалпақ тақталар құлап келеді. Жұздеген үйлердің

төбелері дүр етіп бірден аспанға ұшып, енді жерге қайта құлап келе жатқандай. Әлденелер аспанда әлі қалықтап жүр.

Жалпақ тақталардың ара-арасында құлап келе жатқан адам денелері танылады. Олар да үй төбелерімен бірге ұшып кетіп, аспанда ажырасып, ауыр-женілге бөлініп, бөлек-бөлек құлап келеді. Кейбіреулерінің құлашы керіліп, креске ұқсайды. Енді біразын адамға тән дene белгілерінен танырылық. Тағы біраз адам аспанға енді көтеріліп барады.

Мен бұл апатты догадай ііліп тұрып көрдім. Басымды көтере беріп көрдім, тұра беріп көрдім, құлай беріп көрдім. Ес пен сезімнің апар-топар кезінде көрдім. Акты қарадай, қараны актай сезінген кезімде көрдім. Қасыма түскен қара тас шоқтай қып-қызыл жанып жатқан кезінде көрдім. Эр жағы қаранғылық, әр жағы меніреулік... тылсым...

Биік тас үйлері нық тірескен кварталдары мен жаңа ғана көлденең кесіп өткемін. Қаланың тар көшелі, бір қабат үйлі шет жағына жеткенім осы. Жапон қалаларының бір қабат үйлі шет жактары адам тұруға әрі жайлы, әрі көркем келеді. Бұл бабалардың бабасы мен әжелердің әжесінің қолы тиғен үйлер. Мұндай үйлердің ауласындағы әрбір бүршақтай тасты адам қолы ойып орнатқан. Эр үйдің шағын-шағын ауласынан жапон географиясының бір алқабын көргендей боласың. Кішкене-кішкене таулар, кішкенелігіне қарамай тауға ұқсайды. Алақандай ғана көлдер көлге ұқсайды... Өзендер, көпірлер. Аласа-аласа шие ағаштары, тырбық қарағайлар, шатыр жапырақты ағаштар. Хризантема гүлдері. Тұкті кілемдей көк алаң... Соғыс кезеңі қанша қыспакқа алса да жапон әйелі бұл ауласына шаң жұқтырмай, күтімді ұстайтын.

Жапонның музыкасы да, әлемге таныс сурет өнері де өзінің жаратылыс табиғатын көшіріп алғандай. Сондыктан болу керек, жапон баласы бір бұтаны сыйдырмайды, жапон көгалдарын адам аяғы таптамайды.

Алдыңғы жағымнан жапонның мұнды бір музыкасы естіледі. Абыройсыз соғысты басынан кешірген жапон бұқарасы бұл кездे ылғи мұнды музыканы ойнайтын. Құн ыстық, музыка үні әлде кімнің ауласынан келеді. Мені тап осы секундта арқамнан түйіп жіберді. Бір қабат үйлі кварталдардың не болғанын мен андай алғаным жок. Бұл кезде менің миым асты-үстіне келіп қайнап кеткен...

Ояндым ба, есімді жидым ба, қай жерде, қандай күй-

де есімді жиғым, оны мен осы күнге дейін білмеймін. Ораулы, таңулы күйімде жата беріппін. Мен өзімше, бірер күн ессіз болған сияқтанамын. Бірақ Америка институтының адамдары, әсіресе, бір соғыс докторы маган скі ай бойы ұрып жүріпті.

— Не деген қырсық адам, арқасының қалай күйгенін, бомба жарылған эпицентрден қанша жерде күйгенін неге тезірек айтпайды!? Соғыс ғылымы үшін оның қандай маңызы барлығын түсінбей ме екен! Жоқ, ол жақсы түсінеді. Қасакана айтпайды. Намыстанған болады, корланған болады!.. Елің женіліп, тізе бүгіп, бас иген шақта мұныкі қай қорлану екен? Елің бас иді, ақымақ жапон, императорың бас иді, күнің бас иді!..

Бұл кезде менің ойыма қорлану келген жоқ-ты. Кейін келді. Арқа күйігінің уыты бәсендей берген кезде келді. Мүмкін арқа күйігінен қорлану күйігі уыттырақ болған шығар, бірақ кейін келді. Америка докторы маган бекер ұрыпты... Бекер ренжіпті.

Мен ол кезде неден таңулы жатқанымды да білген емеспін. Айлар бойында ойымда жалғыз-ақ елес жатты. Ол әлгі арқамнан түйіп жібергенде көргендерім. Соның өзі немене? Мен оны да түсіне алған жоқпын. Кейін түсіндім...

Есім кіргенинен кейін ақ халат киген доктордан неге жатқанымды сұрадым.

— Арқаң Жапонияның географиялық картасында,— деді ол,— он жақ жауырыныңа Хоккайдо аралын салыпты... Ұлы Хонсю түгелімен он жақ жонында... Мықыныңда Симоносеки қылтасы... Санында Кюсю... Құдайға шүкірлік ет. Осының бәрі сол жағында болса оянуың қын болатын еді...

Мен мұны неше айдан кейін сұрадым, оны да білмеймін. Талай күндер әлденені сұрағым келіп, сұрауға тілім келмей жатқаным есімде.

Келер бір жолы доктор менің арқамды мактаңқырай суреттеді:— Арқаң енді айта қалғандай!.. Бедерлі де бұдырлы... Фудзияма тауы да, Асахи тауы да бар. Тюгоқу, Кюсю жоталары да бар. Хиросима, Нагасаки қалалары да өз орындарында... Соғыс уақытында шыққан бедерлі карталардың ішінде бұдан әдемісі аз болар...

— Доктор, осының бәрі неден болған өзі? Соны түсіндіріңіші,— дедім.

— Доктордың көзілдірігі жарылып кете жаздады. Шатынап бара жатқандай көрінді. Жапон үлкен көзді

ел емес. Ойлы көзді, аз ғана мұндың көзді ел. Маған қалжың айтып жүрген доктордың көзіне едәуір кек қорланған екен, көзілдірігін жарып жібере жаздады.

— Танека Урико!— деп, есікке қарай тез бұрылып кетті. Осы күнге дейін айтпап па едіңіз?

Орта жасты әйел Урико-Сан келді:

— Айтып көріп едім. Ұфына алмап еді.

Ие, ұфына алмағаным рас еді. Екі ұлкен қаланың как жарты халқы қас қаққанша қырылып қалды, жоқ болып кетті деген кездे миым тағы да қайнап жүре берген. Енді аңдасам одан бері де он күн өткен екен.

Доктор азғана басын шайқап қасыма келіп отырды да:

— Сіз енді ереккек ылайық шыдаммен тындаңыз. Біздің екі қалаға американецтер атом бомбасын таставан,— деп бір тоқтады.— Неге? Шыдаммен тындаңыз демедім бе? Тәжірибе жасаған көрінеді. Алғашқысы — тәжірибе, екіншісі — тәжірибелің дұрыс екендігін біржола анықтау... Э? Ол туралы екі түрлі жoramал бар. Жапония жеңіліп тізе бұксе де оның аржағында біржола бұқтырып тастава керек.. Одан соң, одактастарының өзін де ықтырып алу... Соғыс арты қашанды бірдемені бөлісу, соғыс атын әрірек апарып арқандаумен аяқталатын әдеті бар емес пе... Жұрт аузындағы жoramалдар осы. Енді дем ал. Жат...

— Менің шешем бар еді, қарындасым бар еді... Солармен хабарласуға болар ма екен?

— Фамилияң кім?.. Қай көшеде тұруши едіңдер?

— Жазғы таң кварталында...

— Ол квартал қазір жоқ, күнім...

— Шешем орталық бақшада қызмет ететін еді...

— Орталық бақшаның орны ғана бар, күнім... Ал енді дем ал, үн шығарма...

Доктор дұрыс айтыпты, үн шығармау керек екен... Қорланған ел аяншақтап, қайғы сарының қорек етіп отыра берсе, сары ауру болудан басқа не шыгады дейсің!..

Содан бері, міне жиырма жыл өтті. Мен ауруханаға он алты рет жатып шықтым. Арқамды он алты рет жаматтым. Бір елдің бедерлі географиясын арқалап жүре беру ауыр болды. Жапон географиясының бір беті Ұлы Мұхит теңізі, бір беті Жапон теңізі ғой. Сол теңіздер сијакты, менің денемде де сау жер қалыпты. Содан тілдіріп алам да жаматам, тілдіріп алам да жаматам... Терісін тіліп алған жерлерде жана жаралар пайдада болады.

Қазір мен ақ қанды адаммын. Қызыл қан азая-азая сарқылып келеді. Жиырма жыл жасау үшін де аз арпа-лысқаным жоқ. Әлі де алысып көремін...

Жасым әлі қырыққа жеткен жоқ. Кейде үйленгім келеді. Кімге үйленемін? Екі ақ қанды қосылсақ, нәсіл не болмақ? Қиқы-шойқы, шалажансар бір мүгедек туып жүрсе қайтерміз?

Тегінде, доктор дұрыс айтқан болар. Еркекше шыдау керек болатын шығар...

---

### КЕЗДІҢ ӘҢГІМЕСІ

Айконы мен сонадайдан таныдым. О да мені танып, күтіп тұр. Өзге қыздар машинаға мініп қалыпты. Жапон қызында айғай салу әдеті жоқ, Айко мені асықтырып, термос салған торламасын бұлғады.

Мен өзім де асығып келе жатқамын. Бұгін біз көршілес бір поселкенің мектебін жөндесіп қайтуға баратынбыз. Қарама-қарсы келе жатқан екі трамвай ортақ аялдамасына жақындей бермегендеге мен де көшени көлденен қесіп өтіп кететін едім.

Трамвайлар өтіспін кеткен соң, өзіміздің мектептің бақшасына қарай тезірек басып кеттім. Айко маған осы арада торлама-дорбасын бұлғады. Мектебіміз сол бақшаның ішінде, трамвай үні естілмейтін жерде болатын. Машинаға мініп қалған қыздар шуласып өлең айта бастады. Айко термос салып алған торлама-дорбасын тез-тез бұлғап кетті. Термостың жарқыраған қақпағы күнге шағылысып күміс доңғалақ жасай бастады. Айконың ылғи сөйтітіні бар. Еркелей біледі. Құлдіре біледі. Жабырқай білмейді.

Оқиға мені осы арада ұстап қалды. Жапон аспаны жарылып кеткен шығар деп едім. Тегі, ол жарылып кеткен менің құлағым-ау деймін...

Аң-таң, аспанға қарадым. Аспан мен қала арасына ақ қардан жасалғандай аппақ — ақ шулан, от пен қарды араластырып жасағандай от — шулан, бір баған орнап қалыпты. От төгіп тұр, көзің қарай алмас жарық төгіп тұр. Жоғарғы жағы ақ қалпақтанып, бұрқырап қайнап, кеңейп барады. Төменгі жағы қаланың қай жеріне қадалғанын андай алмадым. Жуандығы дейсіз бе? Қалай десем екен?.. Біздің қаланың орта тұсында көрме сарайы

болатын. Дөңгелектеу салынған сарай еді. Соның қаңқасы әлі құламай түр дейді. Бағаның жуандығы маған сол сарайдай сезіледі...

Сасқалақтап мектеп жаққа қарадым.

— Айко! Айко!.. — Өз дауысым өзіме естілген жоқ.

Айко да жоқ. Машина да жоқ, мектеп те жоқ екен. Бәрі де үшып кеткендей. Қара күйік бір дала елестейді. Мектеп түгіл оның аржағы да қара күйік дала. Бүкіл дүние қара күйік дала...

Бақшаның мен жақ шеткі ағаштары кесе көлденең жапырылып, жер бауырлап, бұксие берді. Әріректегі ағаштар жоқ. Жапырылған ағаштардан ыстық леп келеді. Қойлек түймелері денеме шегедей кіріп барады. Дөңгелене бергенім есімде... Аржағы қараңғылық...

Сол қараңғылықта мен жиырма жыл отырмын... Жаңағы көрдім дегендерім әдеттегі түсініктердің баламасы. Оның бірде бірін көзбен көруге болмайды. Қөніліңмен көресін... Менің от, жарық, ак қар, ак шулан, от шулан дегендерімнің бәрі де үстірт баламалар... Ол әлі аты жоқ бәле, ол әлі теңеуі жоқ бәле. Өзгесі былай тұрсын, өлім, қырғын дегендердің өзі соған баламаға жарай алар маекен!..

Тас балқып, темір еріп деген сөздер қай елде де болу керек. Ал, тас пен темір қас қаққанша күйіп, күл болып кеткенін неменеге тенеіміз? Үлкен бір қала көзінді ашып жұмғанша күл болып аспанға үшып кеткенін неменеге тенеіміз?

Ие, енді ол менің жұмысым емес. Мен жиырма жыл қараңғыда отырмын. Қала өнделіп, қалпына келді деседі. Бұрынғысынан көркем де бай деседі. Мендеңі арман қалпына келген қаланы бір көру болар еді. Бір-ақ рет! Содан соң көзімді біржола жұмып алар едім!.. Жұмып алып қараңғылығыма қайта көшер едім.

Осы арманымнан мен әлі үміт үзгім келмейді. Үзе алмасам керек... Ауруханада алғаш есім жиналғаннан кейін доктордан сұрағаным да осы, көзімнің жайы болатын.

— Женеше-жан, шыныңызды айтыңызы, көзім не жайда? — дегенмін.

— Қарағым-ау, оның несін сұрайсың... Көзің жайнап түр! — деді мудірмesten.

— Соқыр болып қалған жоқпын ба әйтеуір?

— Жоқ, жоқ!.. Қөрмей қалғаның рас. Ұзамай көретін боласын...

— Бет-аузым не жайда?

О, бет-аузында елеулі ешнәрсе де жоқ. Ақ мрамордай бұрынғы қалпында...

— Шашым ше?..

— Шашынды алдырып тастауға тұра келді. Оп-онай өсіп кететін шашты қойши, тәнірі...

Екі қол, екі аяғым қайда? Бар ма, жоқ па, оны мен білмеймін, сезінбеймін. Алдымен екі көзімді, бет аузынды сұрастырып жатырмын. Көздерімді сипап көргім келеді. Екі қолым таңулы сняқты. Мүмкін, кесіліп те қалған болар. Аяқтарым да сондай.

Қалайда екі көзден үміт үзе алмаймын. Көздерім қалпына келсе, бет-ауызды оцай-ақ ажарлап аламын гой. Ажарланбайтын не болды дейсің. Ақ мрамордай қалпында демеді ме? Мрамор емес, аққұба болатынмын. Жапон қызының көбі аққұба гой. Айко маған көзіце қызығамын деуші еді.— Көзіңнің қарасы мөп-мөлдір, ағы көгілдір жарқырап тұрады. Кірпіктерің қою, үш жағы азырақ қайқайып тұрады...— дейтін.

Жиырма жыл бойы менің бөлмеме кірген бір адам мені, мына қыз соқыр ма деген жоқ. Соның бәріне кім үйретіп қойды дейсің. Сондыктан мен бетімді ашық үстаймын. Дауыс шыққан жаққа ығыспай қараймын. Аман-дасам, езу тартам... Сіздерге де соны істеп отырмын. Егер менің көздерім ағып кеткендей, қабактарым инемен тігіп тастағандай желімденіп тұрса, сіздер де шошынып кетпес пе едіңіздер? Оның үстіне бет-аузым ілбісін тырнағандай білем-білем болса, қасыма келер ме едіңіздер!..

— Жоқ, жоқ, көздеріңіз жарқырап тұр. Жат елдің адамы ретінде айтқан сыпайылығымыз емес, мөлдір қара көзіңіздің қалай көрмейтініне таң қалғандаймыз. Жат елдің адамы ретінде іркілуді лайық көреміз, әйтпесе, осы бөлменің жарығында сіздің көзіңіздің едауір еншісі бар дер едік...

— Мен қазір отыз беске шықтым. Жарық дүние мен тіршілікten айрылған күні он бесте болатынмын. Өзім араласпаған соңғы жиырма жылды өмірге де санағым келмейді. Баяғы он бесімде жатырмын. Көзден үміт үзбейтінім де сондыктан. Осы үміт мені қартайтпай келеді.

Көзім жазылған күні мектебіме барам. Баяғы жапырылып қалған ағаштар басын көтеріп, қайтадан әдемі бақша болып кетті деседі. Бұрынғы екі қабат мектептің орнына бес қабат мектеп салыныпты. Фотограф келіп суретімді түсіріп әкеткен, оны үлкен залға іліп қойыпты.

Мектепті бітіруге бір-ақ жылым қалып еді. Ең алдымен соны бітіріп алсам деймін. Токио университетінің бірінде жас балалар тамағының факультеті ашылыпты. Соған түскім келеді.

Мен бір көріп қалған қара құйік дүние қайтадан көгеріп, қала қайғысын ұмытқан деседі. Қайғылы қала, қара жамылған қала жақсы емес, әрине, ұмытқаны жән. Бірақ адамдар бекер ұмытады. Қөзім жазылса, сол күнгі көргенімді жазу арманы да бар... Мен оны қөзімді беріп көрдім гой! Қәнілімде бәрі сайрап тұр. Алғашқы жылдары көнілім күнде үстемелеп, анықтай тұсуши еді, соңғы жылдарда кей бірдемелер күнгірттене бастады. Қөзім тез жазылмаса, біраз нәрселер ұмытылуы да мүмкін... Менде айғайлап айттар дауыс жок. Ақырын тізбектеп қағазға түсірсем бе деп едім...

Хиросима тәбесінде атом бомбасы жарылғаннан кейін дүние шулап қарсылық білдіріпті. Ол кезде мен әл үстінде едім. Қарсылық қатал болды ма, қорку, ықтау араласты ма, мен оны білмеймін. Сіздің елдер қайтты? Ә, солай болған шығар.

Біздің қаланың қак жарты халқы екі секундта қырылыш қалды, жанып күл болып кетті. Күл болып кетпегендегі қолдан өртелді. Бұл соғыстық қала емес, қатын-қалаш, бала-шаға, кемпір-шалдың бейбіт қаласы болатын. Біреуге істеген зұлымдығы да жоқ, әзірлеп жатқан хаупі де жоқ, қызығары да жоқ қала еді. Менің балаң ойым әлі жетпейді, біз не жаздық, кімге жаздық? Ерек жоқтықтан көрші поселкенің мектебін жөндесуге кетіп бара жаткан қыздардың жазығы не? Жиырма екі қыз бір сәтте күл болды, тозаңға айналып кетті. Жиырма үшінші мен ғана аман қалдым. Аман қалдым деймін-ау, қай бір амандық... Бұлтызың күні жаңбыр күткен шерменде.

Айко қандай еді? Тар үйшіктерде аш-жалаңаш тұратын төрт-бес кемпірдің сүйеніші болатын. Ерке дауысымен, ақжарқын мінезімен сүйеніш болып тұрып еді. Айхо бір түйір күріш, бір уыс жуа, бір балықтың құйрығынан бір үйге жететін тамақ істей алатын... Сен айтып болғанша, ол істеп үлгеретін еді. Екі қолындағы он саусағы он қолға тұратын. Ол менің қөзімे қызықса, мен оның қөзіне қызығушы едім.

Кейде жапа көрген ой жәбіршіге қарғыс айтқысы келеді. Дүние желі олай соғып, бұлай соғып, бір теңбіл шаңды соның ішіп отырған шайына апарып түсірсе қандай жақсы болар еді дейді. Ар жағы белгілі, о да сондай

мүгедек... Туатын баласы қиқы-шойқы, жарымжан... Баласының баласы тағы сондай...

Жоқ, бұл ойды мен өсірген емеспін. Мұндай ой келмегі, келмейді десем, сенбеніздер. Талай келді, булықтыра келді. Біраз жылдар бұқтырып қойып жүрдім, осы кезде түгел өшіріліп кетті. Қай елде де бұл жамандықты жауыма да тілемеймін дейтін сөз болу керек. Ол бізде де бар. Жапон елі қонақжай, мейірімді халық. Мен ол бәлені ешкімге де тілемеймін. Әсіресе тоқсан қабат, жұз қабат үйлердің мұндай апатқа ұшырауын тілемеймін. Сол үйлердегі құмырысқа илеуіндей ығы-жығы тұратын адамдардың үйіліп, өртеніп жатқанын тілемеймін. Дүние желі ерсілі-қарсылы соққанда өңкей бір таңбалы шандарды, теңбіл шандарды бұрқыратып жүруін тілемеймін. Сондайды жоқ ететін құштердің өсуін тілеймін.

Көп адамдармен жолыға берген сон, көп қайталап айта берген сон, мүмкін, менің сөздерім өзімдікі емес — үйретінді, өзімдікі болса — жаттанды көрінер. Оған істер амалым жоқ.

Менің тіршілігім үмітімде. Үмітім өз қолымда емес. Басқалардың үміті неде, оны өздері айтар...

Ай, көзім жазылса екен, көзім!..

— • —

### ТАСТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Мен қара мрамор, қара таспын. Адам қолынан өткен соң айнадаймын. Алдымағының бәрін көремін, түгел көремін. Адам кунге қарай алмайды. Мен қарай аламын. Адам қызыға қарайды, қуана қарайды, қорқа қарайды. Мұның бірі де дұрыс көру емес. Менде ондайдың бірі де жоқ, мен анық көремін. Мен түнде ғана көре алмаймын.

Мен қара мрамор, қара таспын. Қөргенімді ғана айта аламын. Мен адамның қуанышын да сезінбеймін, қайғысын да сезінбеймін. Менде қөргенімнен бұзылар көніл де жоқ. Мен қалай көрсем, солай ғана айта аламын. Менің қуәлігімнен адам өзі қандай қортынды жасар, оны адамның өзі білсін.

Ол мейрам күні емес-ті. Бұл кезде бұл елде мейрамға үқсар ешиәрсе жоқ-ты. Соғыс салмағынан жаншылып, жеңіліс азасын енді ғана сезіне бастаған ел езу тартуга үялатын. Менің алдыманан ылғи жабырқау адамдар өтіп

жатты. Қөшпілігі балғын жастар, окушылар, әйелдер мен кәрілер. Жемірілген өкшелер, жырым-жырым шалбар балактары етіп жатты. Қабактары түюлі, үсті-бастарына қарамай, көгөлжім, сарғылт бояулар жүккән, шалбар тізелері бұлтиып кеткен жұмыскерлер мана, күн шықпай өткен.

Соғыстан бұрын қыздар менің тұсынан өткенде көздері бір жарқ етіп қалушы еді, қазір ол да жоқ. Балалар мойны жіңішкеген, әйелдер еңесі түсіңкі, барлық адам кішіреппі, шөгіп кеткен. Біреи-сарапдаған согыс машыналары үн шығармай, ұрланып қаша кетіп барады. Бұған дейінгі кеудем — соқ, әңгі жүрістің уақыты өтіп кеткендей.

Аспан бұлтсыз, күн шаңқан ыстық еді. Қаланың орталығын түгел орап алған орманды таулар ыстықтан балбырап, мұлгіп тұр. Менің бетіме жібек көйлектің желпігенишдегі де леп келмейді. Қөшे бойындағы ағаш жапырақтары әлде қандай дыбысқа тоса қойған құлаққа ұқсан тұнып қалыпты.

Қала төбесінен жарты километр биіктегі әлдене бұрк етті де от — жолақ, аппақ бағана орнай қалды: жоғарғы жағы бұрқырап қайнап бүйраланған ақ қалпак, түбі қаланың дәл орталығына қадалыпты. Жан-жаққа мен көріп білмен от тасқыны, жарық тасқыны гу ете түсті. Қала отқа түскен қағаздай бүрісіп бір қалды да жоқ болды. Темір жанып құлге айналды. Тас жанып тозаңға айналды. От пен жарық сұрапылы қөзінді ашып-жұмғанша қаланы тозаңға айналдыры да, үлкен бір өңеш барлық шаң-то занды сурып-сорып аспанға үшірып әкетті. Қала орнында кедір-бұдырлы қара күйік қалды. Мен, құлағым болса, аспаның жарылғанын естідім дер едім. Содан саңырау болып қалдым дер едім. Бірақ, мен қара таспын, ешинарсені естігенім жоқ. Аспаннан жерге найзадай қадалған от тасқыны менің алдыма әкеліп бір топ адамды үйіп таставды. Бәрі де атылып келіп түсті. Бәрі де зенбірек өңешінен атылғандай пәрмендеп келіп соғылып жатыр. Аяқ-қолдар үзіліп кетіпті. Бастьар мылжа-мылжа... Адам басы тасқа келіп соғылмауға керек екен де... Менің бетіме шұбытылған адам ішектері келіп жабысты, адам қаны шашырады. Ішектер жабыса беріп күйіп кетті, қан шашырай беріп күйіп кетті. Ауа отқа айналды.

Трамвай аялдамасында ығы-жығы адам. Іші-тысы толған адам, трамвай орнынан қозғала берді де лап етті. Трамвайдың темір қанқасы бір сәтке ғана көзге ілікті де

жоқ болды. Үңғы-жығы болып түрған адамдар да ғайып болды. Адам күйгенін сезінген жоқ, өлгенін сезінген жоқ. Егер жетпіс бес мың адам күйгенін сезініп, ауырсынып ыңғыранғанын естісеп не болар едің?! Мындаған жас балалардың мөлдіреген қара көздері күйіп жатқанын көрсеп не болар едің?! Мындаған мектеп қыздарының киімдері лып етіп кетіп, жалаңаш қалған балғын дененің қуырдақтай шыжылдан қуырылып жатқанын көрсеп не болар едің?! Әйтеуір мен соны көрген жоқпын. Жылан тілі жылт еткендей ғана уақыт өтті, қала жоқ болды. Ілеңде қала орны кедір-бұдыр қара күйік дала болып қалды. Қарсы беттегі тау бектеріне шықкан қалың орманның жапырактары жұлқына бүйраланып алай-тулей болды да күзді күні топталған қара торғай сияқтанып бүрк етіп үшып кетті. Тау бектерінде мындаған піл өліктегі жатқандай.

Қаланы өртеп, шаң-тозаңға айналдырып үшырып әкеткен бәлсені тұра қуғаңдай жел аңырап кетті. Жолында жеңіл үйлер кездессе бұ да жұлып әкетстіп. Құйындастып, үйитқып согады. Қаланы талай кезгел жел, қала бақшаларын талай иіскеген жел бүгін қара күйікті иіскеlep жүр. Қара күйік тым үлкен, бүкіл бір елдің басына қара жамылуға жететін.

Қара күйіктің алау-жалауы басыла бергенде тіршілік қозғалысы белгі берді. Алдымен аң-таң алақтаған бала-лар көрінді. Аң-таң болмасқа амал жоқ. Бала түгіл үлкенниң ойына мұндан апат барлығы келген емес. Бұл дүниеге бірінші рет келген апат. Адам жасаған, адамның өзін қыру үшін жасаған апат.

Балалардан кейін қара күйіктің маңайына әйелдер, шалдар келді. Айнала қаранады, қаланы іздейді. Таба алмай жүр. Таныс дүниесін тани алмай қалыпты. Таба алмассың да, тани алмассың. Адам, сен оны іздеме, қара түнек қайдан қопарылып кетті, соны ізде! Зұлымдық ордасын өрте!

Қара күйіктің қаң ортасында бір-ақ үйдің қаңқасы көрінеді. Айналасы тып-типыл. Бұл бес қабат, төбесі киіз үй сияқты көк күмбез, дөңгеленіп бітетін үй болатын. Өзі де дөңгеленіп салынған үй. От найзалар тура қадалмады ма, әлде дөңгелене салынған үйге соғылған от топаны екі жағынан сусып кетті ме, әйтеуір сол үйдің қаңқасы аман қалған.

Қара күйікте қыбыр-қыбыр тіршілік басталды. Бытшыт болған, қуырылып қалған адам денелерін өртеп

жүр. Адам өртөнген ұясының орнын тазалап жүр. Біреудің қолын, біреудің басын, енді біреудің әлде неменесін тауып алып, шөмелелеп, үйіп өртейді. Менде есітер құлақ болса, ең ауыр азап осы болды дер едім.

Ұзамай менің қарсы алдыма бірнеше жазулы тақтайлар пайдада болды. Апат отының ыстықтығы үш жүз мың градус екен. Апат оғы қадалған жердің айналасы бір километр көлемінде жанды-жансыз түгел жоғалыпты. Одан әріректе апат күші бәсендіген. Тас пен темір балқып барып, есін жинаған. Жан иесі бұл маңайда да түгел қырылған.

Мен қара мрамор, қара таспын. Айлар өтті, жылдар өтті, мен оны санай алмаймын. Мен мәңгілік уақыты ғана білемін. Қазір баяғы қала қайта орнына түсті. Бұрынғысынан биік те көркем, көшелері кең. Қара күйіктен із қалған жоқ. Адамдар жабылды, таулар жабылды, сұлар жабылды. Бақшалар тірілді. Бұл жөнінде адам еңбегін жыр қылып айтуда болар еді. Бірақ менің айтайын дегенім ол емес, анау сұрапыл апат жайы. Темір өртөнген күн, тас өртөнген күн жайы. Ұмытпа демекпін, сақтан демекпін.

Апат топаны қадалған қаланың қақ ортасында қазір биік тас ескерткіш тұр. Оң қолын жоғары көтеріп, сұқ саусағымен аспанды меңзеген адам мұсіні. Сол қолын көлденең сермен, бейбіт тіршілікті нұсқайды. Екі көзі жұмұлы, енді аспаннан апат келмеуін тілеп отырғандай.

Менің айтарым да осы ғана. Ол үшін не шара бар, оны адам тастан сұрамас деймін...

Нагасаки-Хиросима. XI. 1966 ж.

---

**АРАНДЫ ТЕМІР ҚОРШАУДА**  
(Аударма)

Мен бүгін де аранды темір қоршауға қарап отырмын. Ай бойы осылай, узақ күнге сол темір қоршаудан көзімді ала алмаймын. Өйткені ол азаттықпен арамызыға құрылған аранды қоршашу.

Коршашу онша биік те емес. Менің иегімнен ғана келеді. Ол онша жиі торланған қоршашу да емес. Не бәрі қатарлап тартылған алты-ак аранды сым — арасынан өтіп кетуге де болады... Сым керілген бағаналар да менің білегімнен жуан емес, сындырып кетуге де болады.

Бір күні осы бағаналардың біреуін сындырып, шығып кетсем қайтеді деген ой келеді. Тағы бірде сирек тартылған аранды сымдардың арасынан өтіп кетуге де болар еді-ау деп ойладым.

Осындай жорамалдар ойфа келгенімен оның орындалмайтынын да жақсы білемін. Ол қоршашуға жақындасадам-ақ құзетшілер атып тастар еді. Олар қоршашудың арғы бетінде көз алмай аңдып тұр. Әсіресе түнде қоршашудың арғы беті толып жатқан сөре. Әр сөреде қарулы құзетші.

Аранды қоршашу лагерьді түгел орап алған. Бұл үлкен лагерь. Лагерьде біз, тұтқындар... қазір мен, міне бір ай болды, госпиталь барабындамын.

Сол темір қоршашуға күні бойы қарап отыру үшін барактан күнде ерте шығамын. Күнде сол сөрелерді көремін. Сөрелердің арасы жүз метрден екенін күнде бір еске алып қоямын. Сөре төбесінде мелшиіп қатып, қозғалмай қадалып тұрган құзетшілерді де көремін. Мені темір қоршашу да күнде көреді...

Егер мен аранды қоршашудан да, құзетшілерден де аман өтіп кетсем, қалың шөптесін кең далага шығар едім.

Одан әрі төбесіне түк шықпайтын тақыр тауларға жетер.  
Амал не, оны істеуге ешбір шара жок...

Мен Феликске:

— Осында өлеңтін болармыз,— дедім.

— Ие, әлсіредік кой. Біздің күніміз де санаулы болар,— деді ол.

Феликс менің жаңа тауып алған досым. Одан бұрынғы достарымның көбі осында өліп қалды. Жақында гана Дольфо өлді. Өлер түні ол тыным таппай сөйлеп шыкты. Бұл бір таңданатын нәрсе. Аузы біржола жабыларын сезінген адам өлер алдында өте көп сөйлейді. Дольфо тек қана тамақ жайын сөйлеп жатты. Өмірінде қандай дәмді тамақ жесе, сонын бәрін есіне алды. Ол сөйлеген саяын менің аузынан сілекей арып, мен де сол тамактарды көз алдымға экелдім. Бірақ Дольфоны тоқтата алмадым. Ол өмірінің ең бір бақытты сәттерін еске алыш жатты. Мен оны сол бақытты сәттерінен ажыратқым келмеді. Өлер алдында бір сәт бақытты болсын да дедім. Өйткені, бұл лагерьде бұдан басқа бақытты сәтке ешкім де кездеспейді. Өзі үйиқтап кеткенше мен оны бөгемедім, тацертен оятайын десем Дольфо қатып қалған екен. Көп достарымнан осылай айрылдым.

Феликс осыдан кейін кездескен досым. Бұл тырбиған арық, қынаға бояғандай сап-сары адам. Менімен қатар отыра беріп әрен жымиды.

— Безгекпін,— деді.

Мен де,— дедім.

Феликс аз сөйлейтін адам екен. Ол бей-жай маган қарайды, мен оған қараймын. Осымен күніміз өтеді. Бір-біріміздің қалай әлсіреп, қалай қаусап бара жатқанымызды көреміз.

Қалай сөніп бара жатқанымызды көреміз. Осыны бақыласып отырғандай, бірімізден біріміз көз алмаймыз. Осымен тағы бір күніміз өтеді.

Госпитальда тамақ тіпті аз, жоқ дерліктің аз-ақ алты.

Түндер керемет сұық. Астымызға төселген ешнәрсे жоқ. Арасынан сұық жел гулеген бамбук тақтайда жатамыз. Тоңу дегеннің не екенін өзің тоңбасаң — білмесең керек. Бірақ айтып баяндарға тіл жетпейді. Оны түн бойы қақсан шыгатын сүйектерің сөйлеп кетсе гана айтып жеткізе алар еді.

Феликс арқасын менің арқама жапсырады. Мен арқамды оның арқасына жапсырамын. Енді қозғалмауы-

мыз керек. Аз қозгалсаң-ақ арамызга сүйкі кіріп кетеді. Достар арасына сүйкі леп кірмеу керек-ті.

Феликтің безгегі ұстап тұла бойы оттай жанғанда маған рахат болады! Мен оған тығыла түсемін. Рахаттынып жылынам. Мениң безгегім ұстағанда ол рахаттынып қалады. Менен басқа бір адамды ол осылай қатты құшақтап көрді ме екен сірә! Біз достық жылуын осылай ауысып келеміз. Бірімізге біріміз қарыздар да емеспіз.

Міне, таң атты, күн де көтерілді. Біз әлдеқашан түргамыз. Манадан бері тамақ күтудеміз. Бірақ тамақ бұгін де берілмеді. Ертен де бола қояр ма екен!

Бармақтай көк шыбындар өлім халіндегі әлсіздерді айналдырып жүр. Қозгала қоймайтындарды еркін жайлап, олар тойынып алды. Енді бәрімізді айнала ұшып, ән салып жүр.

Мен госпиталь дейтін үйшіктен зорға шықтым. Тағы да аранды қоршауға қарадым. Менімен бірге Феликс те қарап тұр. Ол да үндемейді, мен де үндемеймін. Бізде сөйлесер сез жоқ...

Барактың аржағына қарагымыз да келмейді. Ол жаққа мениң бір қарағаным да бар. Енді қайтып қарамастай болғамын. Ол жақта қап-қара болып кеткен өліктер жатыр. Тістері аксисан қара денелер қаз-қатар күн көзінде жатыр. Енді олар тоңбайды да, жылынбайды да. Одан әрі ұбақ-шұбақ өліктерді далада әкетіп бара жатқан адамдар. Арасын сыммен шырмажан қос бамбук сырғауыл, үстінде тыр жалаңаш өлік. Бұл жаққа қарасан, күн бойы көретінің осы ғана. Оған қарағаннан да темір қоршауға қараган жақсы да. Ол жаққа қарай берсең, бір күні өзің де соларға қосылатыныңды сезінгендейсің.

Бір күні біз бір рет тамақ көрдік. Мен бұрын көрдім де Феликске айттым. Содан кейін ол да көрді. Ол тамақ кішкене ғана бұзау еді. Аштар көзі түгел қадалған бейшара бұзауды барактардың арасымен жетелеп әкеле жатыр екен. Бұзауды ас үйдің алдына алып келді, темір бағанаға байлад жатқандарын да көрдік. Ауыр бір қолдар, ауыр бір келдекпен бұзауды қақ маңдайдан ұрып жіберді. Бейшара бұзау әуелі тізерленіп қалды да, ауыр ыңырысып, серейе құлады. Біз бұзаудан көз алмай тұрмыз. Бұзау еті біз үшін сағым елесінен де алыс. Оның еті де, бүйрек, бауыры да, жүрегі мен тілі де біздің лагерді бағатын офицерлерге тиеді: өздеріне тиеді.

Содан кейін біз бұзауды көрген жоқпыз, ілініп қалған терісін ғана көрдік. Әлдекім терінің бір пұшпағын

жұлып алды. Одан кейін мен де жармасып барып, терінің бір алақандайын жұлып алдым. Жалма-жан Феликс келіп, ол да терінің бір жерін жұлып алды. Сонымен тері бір сәтте қолды-қолда кетті. Итше таласып бөліп алдық.

Енді шикі теріні қайтерімізді білмей, аңырысып қалдық. Дүние байлышы қолымызда тұр, қалай иемдену кепек?

Оның орайы да табылды. Госпиталь маңайында дәретхана болмайтын. Ондай жерде адам қызы қайда кетпек? Осы төңіректе болады да. Оны өзіміз жинап, өзіміз өртейтінбіз. Жоқ, сіз жеркенбеніз. Бірақ оның бәрі мына қоршаудын сыртында қалды.

Тұтқындардың бірі қолындағы терісін бықсып жаңып жатқан адам қызының шоғына тастап жіберді. Феликс екеуміз де сөйттік. Жұлып-жұлып алған алақандай терілерінің бәрі де сол шоққа түсіп жатыр. Тері жуні тез үйітіліп, терінің өзін от бүрістіріп күйдіре бастады. Қөзінді аударсаң-ақ жеп қоятында. Терінің шет жақтары күйіп көмірленіп барады. Ішіміз ауырып кетті: терімізді тез-тез оттан суырып алдық. Эркім адаспай, жазбай өз терісін алып жатыр. Күйген терінің іісі қандай! Сағынғаң, арман еткен иісің — кәдүілгі тамақ іісі. Эркім өз терісін аңдып тұр екен, оттан жұлып алып іскелей бастады.

Баракқа тез қайтып келдік. Барактағылар әрі қызығып, әрі күнделеп, бізді қоршап алды. Олар да күйген теріні иіскегілері келеді, анталасып тұр.

Мен күйген теріні аузыма тығып жібердім де, шайнай бастадым. Жұрттың қозең қызықтыру — әрі мазақ, әрі хауіпті болар еді. Феликс те сөйтті. Барактағылар ындыны құрып, қадалып қарап отыр.

Шала күйген тері тым қатты екен. Тісім өтер емес. Тұтас жұтып жіберейін десем тамақтан өтер емес. Бір шетінен жұлып алуға тісте шама жоқ. Бірақ мен шайнай бердім, шикі теріні сора бердім. Феликс те шайнай берді. Біздің баракта қолына тері іліккен тұтқын сол екеуміз гана екенбіз.

— Дәмді ме, ей? — десіп сұрасып қояды.

— Қеремет дәмді, — деймін мен.

Біз шайнап отырмыз. Басқалар сілекейлерін жұтып отыр.

— Дәмді-ақ шығар, ә?!

— Сұрама!

Мен әрі-бері шайнадым да, қалжырап қалдым. Аузынан теріні суырып алдым да, лақтырып таstadtым.

Ыза қылған, жұтылмаған теріні мен боктай бастадым. Басқалардың онда жұмысы жоқ, сүйретіліп тұра келіп, бассалып теріге жармasti. Итше таласып, ұмар-жұмар болысып қалды. Бірін-бірі итермелеп, бірін-бірі тістелеп, тепкілеп, төбелесіп жатыр. Бір кезде тері біреуінің қолына оңаша түсіп қалды. Тері қолына оңаша түскен тұтқын терінің шаң-топырағын жалаңаш қара санына бірекі сүйкеді де, аузына салып жіберді. Төбелес те тоқтады. Енді ол өзгелерден бір қырқа жоғары — бақытқа ұшырағандай, айналасына такаббар қарап, теріні масаттана шайнап тұр.

Мен госпитальға түскелі бір ай. Мұнда дәрі-дәрмек деген жоқ. Тамак дегенді де жоқ деуге болады. Біз өліп таусылу үшін қоршауға алынған адамдармыз. Енді мен таңертен тұрған соң айналага қарауды да қойдым. Қарасам нени қөретінімді де білем. Қөрерімнің түк қызыры жоғын да білем. Сіз көз алдыңызға өліктің қаңқасын әкеліп қөріңіші. Аты қаңқа емес, нағыз қаңқаны айтамын: адамның тек қана сүйегі қалсын. Сол қаңқаға тек қана тері жабыңыз. Қаны-сөлі бар тері емес, кепкен тері болсын. Сол қаңқаға екі көз орнатыңыз. Қөзі болған соң ол өлі адам емес, тірі адам болып қөрінсін. Осындай тірі адамды екінші қайта қөргіңіз келер ме еді? Жоқ қой? Мен де сондаймын.

Госпиталь тұнде ығы-жығы жатқан адамға толады. Аһлаған-үнлеген, ыңғысыған, жылаған адамдар сығылысып жатады. Кейбіреулер ауру баладай жылайды. Өлім жақындағандар ылғи шешелерін шақырады. Тұн бойы кім шешесін шақырып шықса, таңертен ол өліп қалған болады. Феликс екеуміздің барактан ертерек қашып шығатын себебіміз де осында. Дағаға, тауларға, көк аспанға қараймыз. Эттең, арамызда — аранды темір қоршау тұрады.

Тұс кезінде аспанда бір құс пайда болды. Біз соған қарап отырмыз. Азат құс еркін шырқап жүр. Ол аспанға бостандық өрнегін салып жүргендей болады. Соны қөріп көніліміз көтерілді. Барактың қасында, тыржаланаш өліктерді есептеп, исмерлеп жатыр. Оған қараганша азат құсқа қараган жақсы да.

— Айнаң ылғи өлік. Ұзамай біз де өлетін болармыз,— деді Феликс.

Өмір дегеннің ең соңғы ноқатының аты «өлім» емес пе, ол соны есіне алып отыр. Мен үндемедім. Шын-ақ өмір сүрген болсаң, соңғы ноқат есіңе де келмес еді.

Сол күні бір жолдасымыз өлді. Ол менімен қатар жаттын. Феликс екеуміз оны барактан шығардық. Есепке алынуы керек, номерленуі керек. Мен оны екі қолынан көтердім. Феликс шалбар дерлік болмашиның балағынан үстап еді, жолдасымыздың денесі әбден солып, күр сүйегі қалған екен. Шалбар болмысы көтере бергенде-ақ сыйрылып қолға келді. Дене сылқ етіп жерге түсті. Феликс енді оны аяғынан көтеріп алды. Апарып өзге өліктердің қатарына қостық.

Біз тағы да аспанға қарадық. Азат құс көрінбеді. Қөп күттік, көрінбеді. Коршаудың аржағында бір қимыл жоқ. Феликс өкіріп жылап жіберді.

— Элгіні жерге түсіріп алғанымыз-ай! — деді бір кезде. Содан кейін мені иығымнан жүлқылап: — мен бұрын өлсем, мені де сөйтіп жерге түсіріп алып жүрмесін, сен қатты бақылайтын бол! — деді Феликс. Мен басымды изедім.

Мен онын бетіне қарай алмадым. Аранды темір коршауға қарадым. Оның аржағындағы бей-жай тыныштық-қа қарадым. Өліктей үнсіз далага, қымылсыз көк аспанға қарадым. Аранды темір қоршау арамызда тұра берді, тұра берді.

Күні бойы сол қоршауға бір қарамаған кезім де бар. Қайда қарағанымды да, не ойлағанымды да білмеймін. Ешнэрсені көрмей, тек алдымға қарап отыра берген болуым керек. Есімде қалған бір-ақ елес — біз бұдан құтыла алмасақ керек деген ой сияқтанады.

Сол түні Феликс те тым көп сөйлеп кетті. Феликс аузын жаппай сөйледі. Шешесін шақыра бастады. Аға-іні, апа-қарындастарын көп сөз етті. Бәрін де жақсы көреді екен. Бәрін де өлердей сағыныпты. Ен жақсы көрері — жалғыз ұлы көз алдынан кетпей жатыр. Өлім енді оның қасына келіп отырғаны даусыз. Оның сөйлеуінде де, демалысында да сол бар.

Феликс сөйлеп жатып ұйықтап кетті. Түн ортасында маған тығыла түсті. Мен де тығыла түстім. Сорымызға қарай, бүгін оның да безгегі ұстаған жоқ, менің де безгегім ұстаған жоқ. Не ол жылыта алмады мені, не мен жылыта алмадым оны.

Бір кезде Феликс мені қатты құшақтап алды да:

— Суық... керемет тоңдым, — деді.

— Ие, суық, — дедім мен де. Екеуміз тағы да бір-бірі мізге тығыла түстік.

Осыдан кейін екеуміз де ұйықтап кетіппіз. Тағы да

тан атты. Барактардың бәрі де оянды. Жалғыз Феликс ауыр демалып, ақырын қорылдап жатыр. Мен оған қарадым да ақырын ғана қозғап койдым. Бірақ оятқаным жоқ. Оның ұйықтай бергені жақсы еді: тамақ бәрібір бүгін де берілмейтін.

Бір кезде Феликс өзі атып түрдү. Түс әлпеті азырак таңырқау екен. Атып түрдү да, менің көзіме қарады. Қолымнан ұстай алды да құліп жіберді.

— Қөрдің ғой,— деді Феликс.

— Қімді?— дедім мен.

Ол тағы кулді, бұл жолы тіпті шаттана күлді.

— Менің шешемді деймін. Қөрдің ғой шешемді?

— Жоқ.

— Е, ол келді ғой осында! Қалай көрмедің?

— Осында келді ме?

— Ие, осында келді. Сен көрдің бе оны. Қандай сұлу, қандай мейірімді нәзік жан, ә? Ол бәрімізді де еркелетіп, бәрімізге де шегі-шеті жоқ мейіріммен сөйлесті ғой! Әсіресе сені мен маған елжіреді. Қандай бауырмал сөйлесті. Менің шешем бәріне де ұнады. Сенің өзің маған — шешен бір ғажап адам екен, маған қатты ұнады демедің бе?

Мен оның бетіне қарап, аңырып қалдым.

— Жүр, далаға шығайық. Аранды коршауға қара-йық,— дедім мен оған.

— Жоқ, тоқтай түршы, сен неғып көрмедім дейсің менің шешемді. Болды ғой осында... Қандай сұлу, қандай мейірімді нәзік жан, ә? Шешем әдемі машинамен келді ғой. Кетерінде бізге көп қылыш печене, әртүрлі та-мақ қалдырып кетпеді ме? Тағы да келем демеді ме? Сен қуанып көп-көп рахмет айтпадың ба?

Менің жылагым келді.

— Жүрші, Феликс, далаға шығайықшы,— дедім.

— Е!.. Сенің кеткің келеді екен ғой! Маған ананы бергің келмей түр екен ғой!— деді Феликс, маған қарай еңсе-ріле беріп.

— Нені бергім келмейді, нені дейсің?— дедім мен.

— Печеньені!— деді Феликс.

— Печеньені?!

— Экел, өзіме бер печенъемді.

— Қайды печене?

— Мен берген печене. Шешем қалдырып кеткен пе-чене. Экел бері!

— Менде дәннеме жоқ, Феликс...

— Сен мынаны бір жерге көз таса қыла түр деп бер-

дім ғой саган. Екеуміз үшін демедім бе, танып кеткің келе ме?

Феликс маған қадала қарап айғайлай бастады:

— Жеп қойған екенсің ғой! Бәрін жеп қойған екенсің ғой! Мен саган көз таса қыла тұр, екеуміз бірге жерміз демеп пе едім? Жақсы жолдас екенсің! — деді ол.

Мен «құдай-ау, бұл неменен еді!» — деп қалдым.

Феликс айғайлай берді. Оны тоқтатуга менің де түк дәрменім жоқ.

— Жеп қойыпсың, түк қалдырмапсың. Енді мен не жеймін? — дейді Феликс. Қалш-қалш етіп ол да әрең дем алып тұр, мен де әрең дем алып тұрмын.

— Феликс!

— Оңбаган екенсің! — деді де, Феликс барактан жүгіре шықты.

— Қайда барасың, Феликс? — дедім мен.

— Шешеме! — деді.

Оның соңғы жауабын мен азғана кідірістен кейін естідім. Үніне қарап оның қайда ұшып бара жатқанын да аңғардым.

Енді мен оны ұстай да алмаймын, тоқтата да алмаймын. Кешігіп қалдым, тынысымды ішке тартып, қалшиып қатып қалыптын.

Мен мылтық даусы гұрс-гұрс еткеннен кейін ғана барактан шықтым. Гұрс-гұрс бірнеше рет қайталанады. Құлағым тұнып қалыпты. Содан кейін айналамыз тыптыныш болды.

Феликстің денесін мен қоршауға асылып қалған күйінде көрдім. Ол қоршаудан өтем дегенде күзетшілер атып-атып жіберген екен. Оның денесі кешке дейін аранды қоршауда асылған бойы тұра берді. Мен күнбойы сол жаққа қарадым. Барактың қасында қарадым да тұрдым.

Құнарсыз кен дала тып-тыныш жатыр. Жалаңаш алыс таулар да тыныш тұр. Аспанда қалқыған азат құс, азат қыран бізді көріп күлетін сияқты. Биік аспанға оның қандай өрпек салып жүргеніне түсінбегенімізге күлестін сияқты.

Мен ертең де осы аранды қоршауға қарап тұрарымды жақсы білемін. Алда қалған бар күндерім сонымен өтпек. Енді қарап тұрар күнім қанша қалды. Оны есептегім де келмейді.

Қараған сайын көрерім де біреу-ақ. Ол — аранды те-мір қоршау. Ол — бізбен бостандық арасына құрылған аранды қоршау, одан көз айырмауымыз керек...

Токио аэропортына мен түнгі он бір шамасында келіп тұстім. Қасымда жапон тілінің маманы Ирина Иоффе бар. Оннан астам кинокамералар, одан да көбірек фотографтар шолақ наизағайларын жарқылдатып, сыйылысып, сыйаласып келіп қоршап алды. Әлде кімдермен қол алысып жатырымыз. Әлде кімдер қолымды қатты қысып тұрып өз үйіне қонаққа шақырады:

— Ертең тұстікке...

— Кешкі тамаққа...

Бәрінे де алғыс айттып, бәріне де уәде беруге тура келді. Шақыруышылардың басы — жапон жазушылар үйимының бастығы қызметінен жаңадан ғана босаған жетпістен асқан Аоно қарт.

Аэропорттың үлкен бір залында жүзден аса адам алқа-қотан тұрып совет делегациясына қошемет көрсетіп, «Қош келіпсіз» айтты. Жапон жазушыларының бірден сезілген шынайы меймандостығына ырза көнілден дос-тық жауап қайтарды.

Калаға отыздан астам машинамен келіп кірдік. Машинаға бізben бірге мінген жапон жазушысы қарсы алғандардың кім екенін таныстырып келеді: көшілілігі жапон жазушылары, енді біразы Азия, Африка жазушылары тұракты алқасының төтенше сессиясына келген Цейлон, Қытай, Индия, Индонезия, Монголия, Гана, Араб, Алжир, тағы басқа Азия, Африка елдерінің жазушылары. Бұл совет делегациясына көрсетілген көніл еді. Келесі күндері үздік-создық, жеке-жеке келген Зулфия мен К. Симоновқа да осылай қарсылай болды.

Бізді бір қабат, особняк дерлік «Империал» қонақ үйіне әкеліп түсірді. XVII ғасырда қызыл кірпіштен төсөлген кораның ішіндегі жолдарға осы күнге дейін адам аяғы тимегендей тап-таза, бір кірпіштің қыры мұқалмаған. Көркемдік үшін отырғызылған әртүрлі ағаштардың бір бұтағы сынбаған, бір бүршігі үзілмеген.

Қонақ үйі өте жайлы, телевизор, телефон, кондишен, таза ауа, сырттан бір дыбыс келмейді. Қымбат қонақ үй екендігі байқалады. Қалтаңды қысып қойғандайсын...

— Мына бір жас жігіт полицай... күндіз-түні сіздің коридорда отырар... Далаға шықсаныз қасынызда болар,— деді бізге еріп жүрген жапон жазушысы.

Томпақ беттеу, жапоннан гөрі қытайға көбірек үқсайтын қысық көздеу жас полицай маған басын изеді.

— Маған полицайдың керегі не? Өзіміздің елде мен өндайға үйренбекен адам едім... — дедім мен.

— Жоқ, ыңғайсызданбай-ақ қабыл етініз... Токиода «17 жасарлар» дейтін бір бәлеміз бар...

— Бәлениң бәрі он жеті жаста ма?

— Жоқ, әрине, бірақ жастар арасындағы қылмыс біткеннің ортан қазығы сол он жетіге келгендер...

Сонымен, өмірімде бірінші рет және бір-ақ рет қарулы қорғаушымен жүретін болдым. Қорғаушым жапон полицайы.

— Ал, енді тамаққа жүріңіз.

Жолшыбай бірнеше елдің самолеттеріне аудысып мініп, Москвадан Токиода дейін 53 сағат жолда болғамын. Кейде үш сағат үшасын, бес сағат күтіп отырасың... Езіліп, сарылып қалжырап келген екемін, кешірек ояндым. Қөзімді ашсам сағат сегіз болып қалыпты.

Жұнып, киініп коридорға шықсам төрт адам күтіп отыр екен. Аоно қарт, профессор Курода және екі жас жазуши. Еңкейе бас изесіп амандасып қалдық. Бәрі де қонаққа шақыра келіпті. Оларды маған полицайым таныстыруды.

Профессор Курода Токиода орыс тілінде шығатын журналдың редакторы екен. Орыс классиктерін аударушылардың бірі, Иокогамада тұрады.

— Мен сізді қонаққа шақыра келіп едім, құрметті Аоно қарт менен бұрын келіп күтіп отыр екен. Амал жоқ, кезекті бұл кісіге беруге тұра келді. Бірақ ертеңгі күн менікі боласың, — деді Курода.

Қарт Аоно мейірімді жымып басын изеп қояды. Жастар жағы килемелемей әдеппен күтіп отыр. Екі қартқа өздері тағайындаған кезек бойынша қонаққа баруға уәде етіп, жастармен кейінірек кездеспек болдым.

Таңтеренгі тамак ішуге қонақ үйдің рестораннына келсем, шетіректеу жерде қытай жазушысы Ян Шо отыр екен. Қолдасып амандастық. Ол осыдан үш ай бұрын Москвада болып, Алматыға соғып кеткен. Таныспыз да.

— Жә, достар, келіп қалғансыздар ма? Амансындар ма?

— Келіп қалдық. Делегация бастығы Лю-Бей-Юй. Он жеті адамбыз.

— Осындастырда ма?

— Жоқ, басқа жерде. — Ян Шо қайда түскендерін айтқан жоқ. Мен де қайталап сұрамадым. «Басқа жерде» дегеніне қарағанда қонақ үйге де түспеген сияқты. Жа-

пон-қытай арасында өкілдік байланыстары болмағанымен аралас-құраластары үзілмейді деп еститінбіз.

— Мен сізбен жапон жазушыларымен кездесуіңізден бұрын азырақ сөйлесіп алуға келіп едім...

— Жақсы, отырыңыз. Бірге тамақтанайык.

— Жок, мен тамақ ішіп келдім.

Мен тамақтанып болғанша Ян Шо коридорға шығып кетті. Тамақтан кейін мен оны номеріме алғып келдім. Ян Шо номерді тіміскілене қарап жүріп оң қолымен аузын басып, басын шайқады. Сөйлесуге болмайды деп тұр.

— Неге сөйлесуге болмайды?

Ол кондишенді, телефонды, телевизорды, стол үстіндегі шамды сұқ саусағымен бір-бір нұсқап тағы да басын шайқады. Шығып сөйлесейік деп басымен есікті нұсқады.

Мен онда-мұнда барып жүре бастағалы жазушы қауымында жасырын болар-ау деп ойламайтынмын. Қайда барсам да шамадан аузы ашық, қол тисе жазармын деп ала жүретін қағаздарым шашылып жатады. Номеріме біреулер келсе үйреншікті қалжыңым қалған емес. Мұнда келген жұмысымыз жасырын емес, ашық сөйлесетін сессия. Ян Шо досымның неден құystанып жүргеніне, әрине, түсіне алмадым.. Солай бола тұрса да еріп далаға шықтым.

Ішкерек салынған қонақ үйдің көше жақтағы кеңірек ауласына да бардық, ұзыншалау болса да тарлау келген ішкі ауласына да бардық. Ұақыт март айының бас кезі еді. Эзір ғұлдене қоймаса да бүрленіп қалған аласа ағаштар өте әдемі, өте шебер отырғызылған. Өзеншелер, құлама сулар, көпірлер бар. Таулар, жыралар, жазықтар, аралдар бар. Аралдарда қалын жапырақты ағаштардың арасында кішкене-кішкене үйлер, будда храмдары бар. Жалпы әсер — осының бәрі жапон жерінің жағрафиясы сияқты. Амал не, осынша әдемі суреттер Ян Шоға тыңшылыққа арналған сиқыр сияқтанып досым аузын ашпай койды. Көздерін олай-бұлай ойнақшытып, ананы-мынаны нұсқайды да басын шайқайды.

«Империал» императордың бақшасымен түспа-түс екен. Аяңдап сонда келдік. Ол император сарайлары қорғанының сыртындағы бақша. Айналамызда жан жок. Ян Шо сол бақшада жақындей бергенде ғана дыбысын шығарып:

— Мен мұнда бұрынырақ келіп едім... Жапон жазушылары тұракты алқаның бас секретары Сенанаякидің бетін бұрып алғанға үқсайды,— деді.

- Қөздеңен мақсаттары не екен сонда?
- Барлық Азия-Африка жазушыларының қозғалысын өз ықпалдарына қаратып алғылары келеді.
- Ол ыңғай сессияда байқалатын болар?
- Мен соны күтпесек деп едім.
- Құтпегенде қалай?
- Құн тәртібі әңгіме болғанда көніспей қоюымызға болады ғой.

Мен оның көзіне көзімді қадай қарап едім, ол күліп жіберді.

Байқаймын, Ян Шо бір жарықшақ тауып, қытай-совет делегацияларының атынан сол жарықшаққа сына қақпақшы. Тапқан жарықшағы қандай, қағатын сынасы немене, ол жағын айтқысы келмейді. Мен оған:

- Ең дұрыс саясат — принципті саясат деген бар ғой. Мен содан ауытқығым келмейді,— дедім.

Ян Шо сауысқандай сақ екен, менің ыңғайымды аңғарды да:

— Менің айтайын дегенім де осы ғой!.. Тек осы бағытта бірге болайық!— деп тағы күле бастады.— Мен орысша өте нашар білемін. Ойымды жеткізе алмаймын.

Ян Шо мені сендеремін деп ең бір адал күлкімен күлгендей болады. Маған онысы ең арам күлкідей көрінеді. Бұдан кейін сөйлесудің мәні қалған жоқ. Түпкі ойлар аңғарылды да, екеуміз осы арадан екі айрылып кеттік. Ян Шо тұрақты алқаның бас секретары Сенанаяқиді бұрып әкету тілегінде екенін аңғартты, мен қозғалысқа жарықшақ кіргізбек жағында екенімді аңғарттым. Осыдан кейін қытай жазушыларымен біздің бағытымыздың арасы алшақтай берді.

Түске жақын мен жапон жазушылары үйимының бастығы Тацудзо Исиқавага барып қайттым. Ол үлкен романист жазушы. Сырт қарағанда түсі біздің Ілияс Жансүгіров сияқты салқындау, ауыр қабактау адам. Сөйлесе келе ойын-қалжыны, құлығы барын көресің. Қытай жазушысы Лю-Бей-Юй үшеуміз бір кездесіп қалған екенбіз, бір сафаттай қөнілді әңгімелесіп отырдық.

Бұл кезде Исиқаваны қайғылы жазушы деуге болатын еді. Ол жапон мемлекетін Американың басып алғанына қатты қорланады. Алдақашан күні өткен самурайлық мен-мендігінің, мен-мендікпен бірге туатын егізінің сынары топастықтың салдарынан ел жапон басқыншысының табан астында қалды. Құйын соққан қоғадай жапы-

рылып «ұлы армия» тас-талқан болды. Хиросима мен Нагасаки қалай ұмытылар!?

Исикава әрине, мұның бірін де айтпайды. Бірақ, кез түбінде тұрган мұн көзге ілікпей қалған жок. Жазушы ойсыз-мағынасыз өткен күнге назалы болады да, өткен күннің шек-шенберінде отырып қалған жұртқа ызалы болады. Бұл оның жасыра алмас мұны.

Исикавадан әлгіде ғана Ян Шо айтқан ыңғайдың иісі де сезілмейді. Қайта ол Азия-Африка жазушыларының қозғалысына жарықшақ кірмеуін ойлайтын адам екенин байқалады. Ян Шо сияқтылардың тіміскіленуінен хабары да бар ма, кім білсін, әйтеуір екі үлкен елдің өкілдеріне осы ойын сыр ретінде ацгардты. Лю-Бей-Юй екеуміздің көздеріміз болар-болмас қана жанасыңырап өтісті.

Далаға шыққаннан кейін Лю-Бей-Юй маған күлімдей қараған:

— Біздің Ян Шо бірдемені асығыс сезіктеніп жүр... оның сезінен мән берменіз,— деді. Ян Шоның мінездеріне әбден мән бере жүру керектігін ол кезде Лю-Бей-Юй өзі де сезінбеген сияқты екен.

Тұс ауа қарт Аоно мені өз үйіне алып кетті. Орысша жақсы білетін профессор Курода екеуі келіпті. Жолшыбай парламент сарайын, үкімет сарайын бір-біріне айналып өтіп, жақында ғана жапон жұртшылығының басынан өткен оқиғаларды айтысып келеді:

— Америка-жапон соғыстық шартына қарсы жасалған көтеріліс жайымен таныс боларсыз. Бұл жолы жапон халқы тұтас сілкінді. Парламент сарайын, үкімет сарайын әлденеше күн камауда ұстадық. Сарайлардың айналасы лық толы адам... Жұрт жақын көшелерді де кернеп кетті. Үкіметіміз бен парламент адамдары қояндай бұғып қалды. Бұл жай жалғыз Токиода емес, барлық үлкен қалаларымызда осылай болды.

Жаңбыр үш күн шелектеп құйып тұрса да бір адам орынан қозғалған жок. Иық тіресіп, бірімізге біріміз сүйеніп тұра бердік.

— Адам бір-біріне сүйеніп тұрса көпке шыдайды екен!— деп Аоно қарт бір құлық қыстырып қалды.

— Парламент пен үкімет сарайынан бір адам шығармадық. Бір адам сырттан кіре алмады. Полиция лек-лекімен келеді. Иығын сыйғыза алмай кейін қайтады.

— Аоно қарт сол үш күнде парламент алаңынан табан аударған жок.

— Аздаған жөтел алып қайттым. Одан басқа түгім кеткен жок. Біз әлі күнге басқыншының қас-қабағына қарап отырған елміз. Табанының астында жатқан елдің қалай қараганына басқыншы пысқырмайды да екен.

— Әсіресе, сол үш күнде бір сауыт су ішкен адам болды ма екен, сірә!

— Қалың топтың сырт жағындағылар болмаса ортада қалған біз ешнэрсе татқан жоқпыз. Жаңбырмен сусындастық.

Кейін, мәжіліс өткен «Асахи» газетінің толып жатқан залдарында сол қозғалыстың толып жатқан фотографияларын көрдім. Он мындаған емес, жұз мындаған адам қара нөсер шелектеп құйып түрғанда қап-қара шатырдың астына иық тіресіп тұр. Парламент сарайы тұнгі қара толқынды теңіздің ортасында қалған аралдай ғана бозараптады.

Екі қарт оқиға бояуын кейде қоюлатып жіберетін болар, бірақ бұл бір жапон бұқарасының орасан қайрат көрсеткен кезі екені де даусыз. Жапон аспаның басқыншының самолеттері күні-тұні шарлап жүрген кезде, жапон жолдарын басқыншының соғыстық машиналары күні-тұні кезіп жүрген кезде жапон бұқарасы басқыншы елдің президенті Эйзенхауэрді Токиоға келтірmedі. Жапон халқының осындай елдік жігерін алыстан-ақ жоғары бағалап сүйсініп келіп едім. Екі қарт ғалымның айтқандары ол ойымды орнықтыра тусты.

— Біздің үйге жақындал қалдық. Біздің жөн-жорығымыз бойынша үйіце шақырған қонаққа саясаттан шай қайнатып беруге болмайды. Осымен тоқталайык...

— Күрес корытындысын айтпадыңыз ғой,— дедім мен.

— Корытынды — елімізді сыртынан сатып, басқыншының ыңғайына қарай ықтай берген бас министрді орнынан ұшырып түсірдік...

Машина бозғылт бүршіктері тұнып, мөлдіреп түрған бақшаның ішіндегі әдемі оңаша үйдің алдына келіп токтады. Менің бұл жапон үйіне бірінші келуім. Сондықтан әр нәрсеге көзім түсе берді. Үйдің табалдырығына дейін тәселген өрнекті қызыл кірпіш. Бақшаның ішіне жүндес көк кілем тәсеп тастағандай. Март айының орта кезі білса да көп жылдар бойы өсе беретін көгал шөптің бір талы сарғаймағандай. Бүршіктері түктеніп қалған ағаш бұталарының майы шығып тұр. Әр бұтаны жамшымен сүртіп қойғандай.

Есік алдында жиырма шақты синтетика тапочкалары тізіліп тұр. Өз аяқ киімімізді сыртқа тастап, аяғымызға бір-бір тапочка іліп алып үйге кірдік. Барлық жапон со-лай ете беруге шамасы келмес, бірақ ауқатты үйлерде үйде киер аяқ киімі табалдырықтан әрі аттамай, түзде киері үйге кірмеу керек. Жапонияға үш рет барғанда мен жиырма шақты үйде қонақта болдым, соның бәрінде де осыны көрдім.

Еденде кіршіксіз аппақ тоқыма төсеніштер. Сырт естуімше бұл төсеніштерді күріштің сабағынан тоқиды деуші еді. Жоқ, олай емес, әрі салалы, әрі биязы бір өсімдіктен тоқылатын сияқты. Қалайда ақ төсеніш адамды кір жүктырмауға, кір жұқса тезірек жоюға шақырады. Ұзыншалау аласа столдың екі жағында дөңгелек-дөңгелек макталап сырған жастықтар. Үй ішінде бір басы артық нәрсе жоқ, «жиһаз» жоқ, шаң жинар жоқ. Бұл да мен араласқан жапон үйлерінің бір ерекшелігі. Тазалық, жарасымды жұпынылық, мәдениет, адам мінезді жағынан қарағанда ел жапон байлығын да, кедейлігін де көрмеге қоймайтын сияқты. Сол мінездің бір көрінісі — жоқшылығы қанша сезіліп тұrsa да алақанын жаю түгіл мөлиген адамға кездескенім жоқ. Қөзіне қөзім түсіп кетсе, жымып қалмайтын жапон да сирек кездеседі. Жымиды — болды, сіздің не мұқтажыныз барлығын сұрай бастайды. Сізге үлкен бе, кіші ме жәрдем етіп қалса, ең алдымен өзіне өзі ырза болып қалады. Мен-мендік жоқ, енжарлық жоқ, тәменшілік жоқ, өзін өзі жоғары да, тәмен де үстамай, тең үстаяу бар. Мен жапон бұқарасының осы мінездің аса жоғары бағалаймын. Жапон мінездіңдегі әдептілік, мәдениеттілік дегендерді айтып жеткізу үшін мындаған мысалдар келтіруге болар еді, оған бұл жолы орын да жоқ, уақыт та жоқ.

Қарт жазушы кабинетіне алып кірді. Аяғынды қосіліп отыратын жатаған креслолар, орын алмайтын жіңішке де аласа столдар. Қымбат ағаштардан жасалған үй қабырғалары. Үй қабырғалары сырғымалы екен. Менің қарсы алдында қабырғаның қай жағына қарай қалай сырғып кеткенін байқамай қалдым. Қызыл-күрең ағаш подноспен әртүрлі жеміс суларын, кристал бокалдарын, жемістер көтерген эйел пайда болды. Өмір бойы бір ренжіп көрмеген, ренжітіп көрмеген адамдай екен.

Қарттың әйелі шашына ақ кірмеген жасаң адам. Аса бір жылы мейріммен жымып, екі-үш рет әсем еңкейіп

бізге су ұсынды. Ол адамдай жымия да алар емессің, оңдай әсем еңкейе де алар емессің. Мен әйтеуір иба қылған болдың фой деймін.

Әкелген шыны сауыттардың ішінде көз таныстары да бар. Өзіміздің әдет бойынша тамақ үстінде ішерміз деп көз таныстардың бірі вискиге де қол созбаған едім, оным бекер болған екен... Ол қатемді ертеңіне профессор Куроданың үйінде ойдағыдан түзеп алдым...

Жапон үйінің түскі тамағы әрі түрлі-түрлі, әрі еселеме келеді екен. Қек базар түгел алдыңа келіпті. Шие мен жидектен бастап капустаға дейін арасында жігі ашылмайды. Ет, құс, балық, креветке, шаян, теніз жәндіктерінің толып жатқан егіз емшектестері... бірінен-бірі дәмді, бірінен-бірі әсем жасалған. Сонымен бірге кесек-кесек дарақы мол қолдық та жоқ. Бұл жолы мен 7 — 8 үйде қонақ болып едім, бәрінен де осыны көрдім.

Бұл жапон бұқара қайраткерлерінің қызу қозғалыс үстіндегі кезі сияқты. Қай үйге барсан да, кіммен кездессең де ашығырақ сөйлесуге, ойындағысын бүкпей, бүркемей сөйлесуге тырысады. Жоғарғы таптың екі жүзділігінен, арамдығынан аузы талай құйген бұқара интелегенциясы не жайлы болса да ашық сөйлесетін жаңа беталыстарын көрсетеді. Коммунист, социалист, ешбір партияда жоқ жазушылар мен ғалымдардың үйлерінде болғанымда, осы бір мен үшін жана мінездері ерекше көзге түсті. Тұтас бір елге түгіл, шағын бір қауымға мінездеме берем деп ойлау есердің ойына ғана келер. Қоғамдық күн райы, өз басының күнделігі әсер етпейтін адам жоқ, бірақ сыналар, сынасар күндерде жапон бұқара қайраткерлерінің мін жұқтырmas табанды екендігінде дау жоқ дегім келеді. Мен Жапонияға үш рет барғанымда бір нәрсені екі рет ескертіп, не болмаса айнымалы мінездерге ұшырасып көргенім жоқ.

Ертеңіне мәжілісіміз ашылды. Үлкен залға дөңгеле-те тізілген столдарда сары жұрт, ақ жұрт өкілдері қатар отырмыз. Алдымызда әртүрлі су — соктар, сигарет, анда-санда кофе келіп қалады. Сырт елдерде барлық мәжілістердің осылай өтетіні мен сияқты темекіні көп тартатын адамға қатты ұнайды.

Мәжілісті Йисикава басқарды. Тұракты алқаның бас секретары Сенанаяке ұшып-қонып, орынсыз қалжындар айтып, бөгесін де жасап жүр. Жапон әлеуметтік және әдебиеттік жайлары туралы үш жазушы баяндама жасады, біреуі коммунист Накано.

Баяндамашылар жапон халқы туралы ерте замандардан бері қалыптасып қалған ойлардың, теңеулердің иеден тараған тамырларын, оған мұрындық болған ішкі жайларды бүркемей сөйледі. Эсіресе, соғыста Жапонияның фашизм жетегінде кеткеніне кешірім жоқ екенін баса аңғартады. Басқа елдер ескілітерінен арылар дәүірге кіргенде жапон елі керекті кездे самурайлыққа қарсы тұра алмағаны бұқара жүрегінде кешілмес өкініш сияқты қатып қалған ба дерсің! Ұлт-азаттық қурестеріне жанашырлықпен қатар агрессорға, карулану дүрлікпесіне қатты қарсылықтар көрсетіліп жатыр. Бұл қай заманда, қай елде болса да игілікті бағдар.

Шет елдерге араласа жүріп, халықаралық бір тіл білмеу деген үлкен қорлық. Қөшілігі кешегі күнге дейін отар болған Азия, Африка елдерінде ағылшын, француз тілдері өз тілдеріндегі. Шоферлары да қонақ үй қызметкерлері де, әсіресе интеллигенциясы бұл екі тілдің бірін өте жақсы біледі. Біз болсақ, бірін де білмейміз. Кейде бір қолма-қол, шартпа-шұрт егжесу болғанда сен мелшиіп отыра қаласың. Екі-үш адамға жалғыз аударушы аударып үлгере алмайды. Әсіресе ұялатының — өткір айтылған қалжындарды сен кешірек түсінесің де, өзге жұрт күліп болған соң күлесің. Өйткені аударушың айтылып жатқан қалжындарды түсініп отырады да жұртпен бірге әуелі өзі күліп алады. Саған содан кейін түсінідіреді. Олай етпеске амалы қайсы?

Біз — Симонов, Зульфия, мен — үшеуміз де европалық тілдердің бірін білмейміз. Баяндамашылар әлдеқандай ойларын шегендеп балғалай бастағанда үшеуміз бірдей аударушыға:

- Не дейді?
- Не айтып тұр?
- Неменеге түйілді? — десіп қаламыз.

Аударушымыз үшеумізге бірдей сыйырлап болғанша, баяндамашы тағы біраз жер кетіп қалады. Сонымен қалжың түгіл іс жайындағы ұсыныстарды да, ой жүйесінің әртүрлі құбылмасын да шала-шарпы ұстап қаламыз. Мұның арты кешке қарай баяндамашылардың қолжазбасын алып аударушымызға қайта бір түсіндіртіп алуға әкеліп соғады.

Делегацияда бір-ак аударушы болуы келер күндері секцияға белініп, әр мәселені жеке-жеке тексерерде үлкен қынышылық келтірді. Біз тәнертең бір секцияға, түстен кейін екінші секцияға барып амалдан жүрдік. Кейде бір

секцияның жұмысы аяқталуға жақындал, басты мәселе жайында пікір түйіліп қалған соң кездеседі. Ондай болған күнде болмашыны өзгертудің өзі қындал кетеді. Кейбір делегациялар өте толық, олар әр секцияда өз ойларын кезінде айтып қала алады.

Бізге жапон жазушыларының қолқабысы үлкен сүйемел болды. Қай секцияда қандай онқай-солақай пікірлер барын олар бізден жасырған жоқ.

Мәжіліске келгендердін ішінде кер-ауыз, әсіре-қызылдар да жоқ емес. Қайдан пайда болғаны белгісіз, Судан жазушыларының атынан сөйлейтін біреу, Индонезиядан біреу бар. Екеуі де ағылшын тіліне жетік, ағып түр. Накты ұсыныстарға жақындаспайды. Ирткі салар бет алыстары айқын-ақ. Мәжіліс олардың сөзіне мән бермеген сайын өршеленіп, ызаланып сөйлейді. Бұлардың сөздеріне жаны кіріп отыратын жалғыз Ян Шо. Лю-Бей-Юй оған наразылығын жасырғысы келмейтінін анғартады.

Сессия аяқталғаннан кейін үлкен алаңда митинг болды. Әр елдің делегациясы аяқталған іске, қозғалысымызға береке-бірлік тілестік. Қонақжай жапон жазушыларына алғысымызды айттық.

Исикава жазушылар қозғалысын жапон саяси тіршілігіне байланыстыра сөйледі.— Америка-жапон соғыстық шартына қарсы жапон халқының қозғалысы бір бас министрді ұшырып түсірді. Басқыншылардың президенті Эйзенхауэрді Токиоға келтірмедік, бүгінгі бас министрі міз де құлар күнін санай берсін. Біздің байтақ бұқара қозғалысы жоғары таптың шабарманы болған үкіметпен еш уақытта келісе алмайды. Қозғалыс қанатын кең серпетін кезі әлі алда,— деп тоқтады ол.

Күн ашық, шаңқай түс. Кең алаң. Мындаған адам... Жапон жазушысы осыны айтып түр. Жапон бұқарасы оған үн қосып, қол ұрып түр... жапон мемлекеті, әрине, естіп отыр...

Сол күні кешке, қасымда полицайым, қаланы аралауға шыктым. Бұл кезде Токио негізінде бір этажды қала екен. Жаңада бой көтеріп келе жатқан биік үйлердің темір қаңқалары сирек кездеседі. Қай жерден қарасан да Токио башнясы көрініп тұрады.

Гинза Токионың ең бай, ең бір қайнап жатқан орталығы. Адам дегеніңіз құмырсқадай ағылады. Мұндай ерсілі-қарсылы ағылған көпшілікте тек қана жапондар соқтығыспай жүре алатын сияқты. Адам қозғалысында белгілі бір шама, белгілі бір ырғақ бар сияқты. Қакты-

гысын, қабак қайшыласып қалған адам байқалмайды. Біреу асығыс, біреу баяу емес, бар адам өлшеумен жүретіндегі сезіледі.

Кешкі сағат алты үлкен қалалардың бәрінде де салырылыс кез ғой. Токио халқы, әсіресе, осы кездे өзін өзі қатты бақылайтын сияқты. Қала транспортты жетпей жатқаны анық. Қызметтөн шыққан адамдардың алыста тұратындары мындаған велосипедпен ағылып барады. Қошесінде бойлары солдатша аяңдаған жаяу адам. Қақтығыспайды, соқтығыспайды.

— Токиода қазір қаша адам қызметтөн шықты екен? — деги сұрадым полицайымнан.

— Уш жарым миллион,— деді полицайым.— Кешірек тағы екі миллион...

Әрине, мұндай жағдайда әр адам өзін өзі қатал тәртіпте ұстауға тиісті. Жапон халқы тәртіп дегенге қатал қарайтын да жүрт.

Ертецине Токиода темір жолшылар жұмыс тастап, ереуіл жасады. Жапон жазушылары бізге ел аратпақ еді, темір жол тоқтап қалды. Жазушылар мен темір жолшылардың қалай келіскеңі бізге мәлім емес, әйтеуір тұс ауа біз Қиото, Нара жаққа поезден жүріп кеттік.

Софыс кезінде жапон тұтқындарымен бірге Алматыда болған үйлер салысқан, тас тәсескен, қазір университетте сабак беретін Накадзимо бізді жапон жерімен таныстырып келеді:

— Жапония — Шығыс Азияда үлкен-үлкен төрт аралға орналасқан. Ұсақ аралдарымыз жүзден саналады. Жалпы жеріміздің көлемі 368 мың шаршы километр. Қазақстан жерінен алты еседей аз. Халқымыз қазір жүз миллион шамасында. Айналамыз — Ұлы Мұхит, Охот, Жапон және Шығыс Қытай теңіздері. Жеріміз таулы елміз. Тауларымыз онша биік емес, бәрі де қалың орманды, жылғалы келеді. Ең биік тауымыз Фудзияма, биіктігі 3776 метр, ол сөнген жанар тау.

Жапония — жанар таулар елі. Сөнген краторларды есептемегендеге үнемі сары ала қойыртпақ төгіл, атқылап жататын тауларымыз отыз бес.

Жер сілкіну деген өте жиі. Жеріміздің жалпы дірілі аптасына алты жұз, жеті жұзге жетеді. Жер сілкінуі дегенге қаша бойымыз үйреніп кетсе де кейде үлкен апаттарға ұшырап қаламыз.

Тау араларында, теңіз жағаларында ойдым-ойдым

жазықтар бар. Бізде, өрине, Қазақстап сияқты шалқып жатқан тың жер жок.

Жапон халкы қайда да өте тығыз орналасқан. Біз ірі индустримальы елміз. Ауыл шаруашылығы бүкіл жеріміздің бестен бірін ғана алады. Негізгі егісіміз күріш. Ауыл шаруашылығында халқымыздың тәрттеп бірі ғана. Соған қарамай азық-тұлік жағымыз тарыншылыққа ұшыратқан емес, тіпті молшылық дейтін жылдарымыз да болады. Жұмыссыздар арасында үнемі ашаршылық болса оның себебі басқада... Жапон ауа райы көбінесе жыллы, дымқос. Жаңбыр көп. Көбіне жазды күні, керек кезінде жауады. Бір маусым ішінде кейбір егістер екі-үш рет пісіп үлгіреді. Әттен, ауыл шаруашылық жерлерінің басым көшілігі помещиктердің, құлақтардың қолында. Сізге түсініктірек болу үшін «помещик», «құлақ» деп отырмын. Эйтпесе, бізде олар басқаша аталады.

Жапония жетінші ғасырдан бастап елдік іргесін қалай бастаған. Мысыр фараондарының династиялары секілді бізде де династиялар көп болған. Ұзак дәуірлер династия аттарымен аталатыны да бар. Ол кездерде жапон халқы рулық құрылыштың ыдырай бастаған дәуірін басынан откізді дейміз. Феодализмнің дәуірлеп толық қалыптасқан кезі де сол кездер.

Біз он тогызыныш ғасырдың орта деңгейіне дейін сырт елдермен араласпай, қақпамызды жауып ұстаған елміз. 1854 жылы Америка Құрама Штаттары соғыс ашар ызгармен келіп, ықтатып алғып, Жапонияны ең алғашқы кіріптарлық шартқа қол қойғызыда да, бұдан былай біз де дүниелік капитализмнің қанды жолына түсіп кеттік... 1867 — 1868 жылдардағы буржуазиялық революциядан кейін үкімет билігін буржуазия мен помещиктер блогі женіп алған. Содан кейін жиырмасыныш ғасырдың басына дейін Жапония ірі өндірісті елге айналып үлгереді.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін Америка Жапонияны басып алды. Содан бері, шынымызды айтсак, Американың тәуелдісі есебіндеміз. Парламентіміз де бар, өкіметіміз де бар... Еліміз тәуелділікке бой ұсынып отырған жоқ, мемлекет басшыларымыз олай емес. Солардың ықтай берулерінің арқасында жапон жері қазір Американың соғыстық базаларына толып кетті... Шындығымыз да осы, шымбайымызға бататын да осы.

Поезд сырғын жапон жерінің ой-қырын, толып жатқан туннельдерін, өзендерін, көпірлерін көрсетіп келеді. Жапон халқын тек қана енбекті сүйеді деу жетпейді. Еңбек-

тің тәсілін де, монин де, сөніп де біледі деуіміз керек. Егіп орындары болсын, көпірлері болсын, үйлері болсын, бәрінде де ұқыптылық, адам еңбегін бағалай білу бар. Жамады — бүтінделді, жапты — тебе болды, үй салды — үй болды дерлік ешнэрсе кездеспейді.

Киотаға кіре бере бір қызыққа ұшырастық. Орталық бір алаңның шетінде гана әртүрлі жеміс сататын киоска бар екен. Соның иесі киосканың төбесінен іргесіне дейін түсетін ұзын ак шуберекке мынадай жазу жазыпты. «Темір жолшылардың ереуілін қолдал, қашан ереуіл жеңіспен аяқталғанша мен де саудамды тоқтаттым». Темір жолшылар ереуілді жеңіспен аяқтағаны рас, ал саудагер немен аяқтағанын біле алмадық...

Киота үлкен бір клубта бізді «Интернационал» айтып қарсы алды, «Интернационал» айтып шығарып салды. Осы сияқты, бір жағынан қоғам өміріне көз сала, әлеуметтік қарым-қатынастарға араласа жүріп, екінші жағынан жеңе адамдармен жиі кездесулерім арқылы мен жапон бұкарасына, жапон жазушылары мен жалпы мәдениет қайраткерлеріне үлкен құрметпен қарайтын адамдардың бірі болып қайтым.

Жапонияға екінші барғанымда қасымда Украина жазушысы М. Стельмах, драматург А. Арбузов бар еді. Аударушымыз Ленинград университетінің жапон тілі кафедрасын басқарушы Г. Пинус.

Бізді Иокогама портында жапон жазушылары, «Жапон-совет достық қоғамының» басшылары, Токио университеттерінің профессорлары қарсы алды. Бәрі де ақ жарқын, ескі достарындағы қарсы алып жатыр.

Портта айтай-шу, әбігер-абыржу жоқ. Бар жұмыс өз ретімен, өз бабымен жүріп жатыр. Порт басы тап-таза. Шашылып-төгіліп, ыбырып жатқан ешнэрсе жоқ. Тәртіп, әдеп, іскерлік, қонақжайлыш, сыпайылық.

Бес жылдың ішінде Токио тани алмастай өзгерген. Көп қабатты зәулім үйлер бір қабатты бұрынғы Токионы каланың жан-жағына қараі ысырып тастаған. Алпыс километр тұратын Иокогама Токиоға қосылып кеткен. Айналасына зәулім үйлер орнағаннан кейін император сарайы ағаш ішіндегі бір аралдай болып қалған. Құрылыш жұмысы берік қолда сияқты. Жаңа дәуірдің жаңа ойларын, жаңа архитектурасын көресін. Жері тарын елде тынысы кең жаңа үйлер көз түндіріді. Қала күн санап өсіп, күн санап биіктеп бара жатқандай. Металл, шыны, металл, шыны... күндіз көз тоқтата алмайсың. Жаңа үй-

лерді ескі салтпен қалай болса солай сала бермей, архитектуралық сәулетпен салыпты. Жаңа жолдар, жаңа көпірлер көбейген. Жапония қатты байып барады екен. Эйел-ерек шағаладай аппак, актан киінген. Қонырқай киінген адам өте сирек. Халық қеудесі көтеріңкі. Екі бас министрлі ұшырып түсіріп, енді үшінші бас министрмен алысып жатыр. Ауыр-жәңіл өндірістер үдерес өркендеген. Қазір бұл капиталистік дүниесіндегі алдыңғы қатарлы индустріялы мемлекеттердің бірі.

Біз бұл жолы жапон жазушыларының кезекті съезіне қатынасуға келгенбіз. Сол күндерде «Жапон-совет достығы қоғамының» да съезі өтіп жатыр екен, оған да қатынастық.

Жапон жазушыларының съезіне қатынасуға қытай жазушылары да келген екен. Делегация бастығы құрметті қартаң жазушы Лау-Шэ. Ол менің достас адамым болатын. 1957 жылы Синьцзян жазушыларының бірінші үйімдастыру конференциясына бірге қатынасқанбыз. Конференциядан кейін ол бізді он қүнге Пекинге қонаққа шақырып апарған. Оның өз үйінде де қонақ болғамыз. Оның еңбектері бізде талай аударылған көрнекті жазушы. Қытай делегациясында Лю-Бей-Юй да бар екен. Біз онымен Москвада, Ташкентте, Токиода талай бірге болып, қол ұстасып істес болғамыз. Ол бір оңай шатақтаса қоймайтын ойлы да сабырлы, орнықты жазушы еді.

Мен олармен кездесуге асықтым. Алғашқы кездесуларден бері талай желдер терісінен соқса да жазушылардың дүниесі өз алдына, кездесуге болады ғой. Бірақ кездесе алмадым. Қайтар күндері апрельдің 23 күні болса да олар дәл съезд ашылар апрельдің 20 күні елдеріне қайтып кеткендерін бір-ақ білдік. Сонша шұғыл аттанып кетулеріне не себеп болғанын біле алмадық.

Лау-Шэ мен Лю-Бей-Юйді «мәдениет революциясының» туын көтерісуге шақырып әкетті ме, әлде құрбаны етуге шақырып әкетті ме, ол дүдәмал менің ойымда әлі жүр. Содан бері бұл жазушылардың аттары біржола өшіп кеткеніне қарағанда ендігі жерде дүдәмалға да орын қалған жоқ. Дегенмен, бір елдің жазушылар съезіне арнап келген жазушылар съезд ашылар күні аттанып кетулері орынсыз-ақ еді. Жапон жазушыларының съезіне біз бастан-аяқ қатынастық.

Съезд аяқталғаннан кейін қонаққа шақырулар тіпті көбейіп кетті. Жеке жазушылармен қатар толып жатқан қоғамдық үйімдармен кездесулер жасап, қонақта бол-

дық, сауық кештерін көрдік. Бізбен пікір алысып, біздің әдебиетпен танысқан мынадай үйымдар еді: жапон жазушыларының үйимы, жапон жана әдебиетінің қоғамы, совет әдебиетін аударуға арналған комитет, Азия-Африка жазушыларының байланыс комитеті, Васеда университеті, Осака жазушылары, бірнеше театр, кино колективтері, жеке жазушылар, ғалымдар, аударушылар...

Жапон жазушылары бізге бұл жолы да елін көп аратты. Киото, Нара, Йокогама, Осака қалаларында, Хоккайдо курортында, балықшылар арасында, деревняларда болдық. Қайда да еңбекші бұқараның қошемет-құрметтінде жүрдік.

Жапон жерінде қызығарлық дәстүрлер аз емес. Соның бірі — жер күтімі, өсімдік күтімі дер едім. Егіс арасында бір тал арам шөп жоқ. Бірдеме егілер бір сантиметр жер бос қалмаған. Егістің жағалауы әдіптең қайып тастағандай. Күріш егілетін жерлер теп-тегіс. Ауылдық жерлердің өзінде бір тал шөп жанышылмаған. Адам да, мал да жалғызаяқ сүрлеумен ғана жүретін сияқты. Ағаштың бір бұтағы сындырылмаған, бір жапырағы үзілмеген дерлік. Барлық көк дүние тунып тұр, мөлдіреп тұр. Кейде бір өзеннің үстінен салынған бес-алты көпір көресін. Көпірлердің арасы бір-екі-ақ километр. Машина жолы, темір жол, адам жүретін жолдар біріне бірі бөгесін болмауы қатты ескерілген.

Жапон бұқарасы жай еңбекші емес, мәдениетті еңбекші, аса инабатты, аса әдепті. Жапон еңбекшілерінің арасында екі түрлі мамандығы бар адамдар әр үйден кездеседі.

Жапон бұқара интеллигенциясы кабинетте, кеңседе ресми қабылдаудан гөрі өз үйінде, дастарқан айналасында еркін отырып сөйлесуді жақсы көреді. Ойын-қалжыны аралас, достық райда отырып пікір алысқанды ұнатады. Мұндай жағдайда табылған келісім қауымен бірдей, табан аудармай бекіп қалады.

Мен Токиодо Бірінші Май демонстрациясының қалай өткеніне таң қалдым. Коммунистік және социалистік партиялар мен кәсіподактарының басшылығы арқылы миллионнан астам адам көшеге шығыпты. Сағат тоғыз шамасында аландар мен көшелерде, бақшаларда қаптаған халық теңізін көрдік. Адам дегеннен көз сүрінеді. Аппақ киінген студенттер, жұмыскерлер, интеллигенция. «Интернационал» мен «Марсельеза» бір үзілмейді. Бірінен соң бірі күнірене көтеріліп жапон астанасының көгіл-

дір аспаның жаңғыртып, кернеп кеткендей болады. Біз де демонстрацияға еріп жиырма бір километр жүрдік. Сол ұзақ жөнкілу жолында эн бір тоқталған жок. Эр жерде компартия мен социалистік партияның өкілдері айғайлап, қысқа-қысқа ұран тастайды. Эн көтеріле туғаседі. Таңертенгі тоғыздан түстен кейінгі төртке дейін Токио ұран астында қалды: «Жалақы өсірілсін!», «Американың жандайшаптары қуылсын!», «Вьетнамдағы соғыс тоқтатылсын!», «Жапония жеріндегі американ соғыстық базалары жойылсын!» тағы-тағылар.

Бұқара қозғалысынан қатты сескенетін өкімет адамдары біржола бұғып қалғандай. Демонстранттар сол ұрандарымен парламент сарайын біраз қоршап тұрды. «Янки, үйлеріне қайтындар!» деген ұранды қайталап Америка Құрама Штаттарының елшілігіне де соны істеді. Жапон бұқарасы есейген, ерлігі бар ел екенін көрдік.

Аздап болса да жапон халқының театр өнерімен тыстық. Жапондардың ең көне театры «Но» деп аталады. Оның артистері орындарынан қозғалмай отырып, көрер спектакльдің драмалық мазмұнын, оқиғаның өршіп-өрістеуін, шиеленісуін, шешімін эн-өлең арқылы жеткізеді. Жапон музыка тілін жақсы білетін ел. Ойналып жатқан музыка, салынып жатқан эн, айтылып жатқан өлең арқылы оқиғаның құлкісі мен трагедиясын, тартысы мен желісін аудармай ұғатын сияқты. Театрда отырған адамдардың түстері құбылып, кейде қызынып, кейде қайғырып қалады.

Жапон «Кабуки» театрында әйелдер ролін еркектер ойнайды. Толып жатқан шартты қымылдар, симулдар бар. Әйел ролін әдемі шығара алмаған артист өнері жоғары бағаланбайды деседі. Бұл театрдың ойыны белгілі сюжетке құрылған. Солай бола тұрса да алғашқы көргенінде әсер алу қыын-ак.

«Менгей» театрында Арбузовтың «Үркіт хикаясы» қойылған екен. Театр гастрольде жүрді де оны біз көре алмадық. Оның «Үркіт хикаясын» кино артистері қойған екен, соны көрдік. Автор риза болып қайтты. Осака театрында Шолоховтың «Көтерілген тың» романы бойынша қойылған спектакльді көріп, бәріміз де ұнатып қайттық. Жапонияда аса өнерлі, шебер артистер бар екен.

Жапонияда күшті дамыған өнер саласы — кино. «Жалаңаш арал» сияқты атакты фильм біздің елге де таныс. Откен жылы бұл елде 780 кино шығарылыпты. Бірақ, батыс елдерінің әсеріне еліктеп жасалған кинофильмдері

көбінесе мазмұнызыз, тақырыптары таяз, жеңіл ғана көніл көтерудің айналасында: төсек күйі, құшақ күйлері көбірек кездеседі.

Жалпы алғанда, Жапония — қашаннан бергі ескіліктерін қалдырмай, жоймай-жоғалтпай күні бүгінге дейін архивке бермей келе жатқан ел. Мәдениеттің қай саласында болса да барлық ескіліктері жаңалықтарымен қатар өмір сүріп жатыр. Сонымен бірге қазіргі заманың өнері, әрине, басым, анағұрлым озық орында. Әсіре-се Жапонияның жаңа әдебиеті қауап өсіп келеді.

Қайтар күніміз де таяп қалды. «Байкал» кемесі кеше келіп күтіп тұр... Тағы да Иокогама порты. Жапон жазушылары, ғалымдары, қоғамдық ұйымдар өкілдері топтыбымен келіпті. Біреулер виски әкелген, біреулер алқа, біреулер сырға әкеліп беріп жатыр.

Ең қызығы — біз кемеге мініп болғаннан кейін жағала тұрган адамдар бізге мындаған серпантин лақтыра бастады. Қызылды-жасылды ұзын ленталар кеме мен жағаны мындаған лентамен жалғастырып шырман тастады. Ленталардың бір ұшы біздің қолда, бір ұшы бізben қоштасуышылардың қолдарында. Су бетіне қызылды-жасылды өрмек түсіп қалған. Кеме мен жағаның екі арасына қызыл ала шатыр құрылып қалғандай.

«Байкал» жылжып жөнеле бергенде ұзын ленталар оңай үзіле қоймай, кеменің артынан ұзак үақыт шұбалып отырды.

Қызылды-жасылды ленталар әрен айрылысқан достардың қоштасуы сияқты еді. Доспен қоштасқанда қолыңды тез айырып ала қою оңай емес қой.

Жапон халқының осындай мейманостығы, адал дос-тыққа әзірлігі менің ойыма күнде бір түсіп қояды...

1965

## КЕЗДЕСУЛЕР

### 1

Италияга бұл менің үшінші рет келуім. Жазғытұры келдім, жаздығуні келдім, күздігүні келдім.

Бұл жолы саяхат емес, жұмыспен -- командировкамен келдім. Қөрген, аラлаган қалаларым — Ұлы Рим, Вене-

ция, Флоренсия, Неаполь, көне Помпей, Амикто, Сорренто... Рим қаласы ең көркем ескерткіштердің бірі саналатын де Треви фонтанына бұл жолы да бір уыс ұсақтының лақтырып кеттім, мүмкін, тағы келермін... Қалайда дүниелік көркем өнердің бесігі, барлық адам баласына ортақ музей сияқты Римді көрген сайын, түсінген сайын көргің келе береді. Әулие Петр храмы мен үшін күлшылық орны емес: Рафаэль, Микеланджело.

Ең алғаш, 1960 жылы жазғытурым Рим шаһарына шақырылған Батыс пен Шығыс мәдениет қайраткерлерінің кездесуіне бардым. Бұл кездесуді үйымдастырған «Батыс мәденистінің қоғамы» болатын. Ол кездесуге ең көп қатысқан Африка мәдениетінің қайраткерлері болды. Африканың ең алыс түкпірлерінен жазушылар, суретшілер, ғылым адамдары, әртүрлі дін өкілдері келді. Олардың көбірек қатысуына себеп болған орталық басқармасы осы күнге дейін Парижде тұратын «Африка мәденистінің қоғамы» еken. Сонымен қатар, бір топ католик діндегі африкалықтарды Даниелло дейтін француз поп бастан әкелді. Батыс Европадан жиырмадан астам елдердің мәдениет қайраткерлері қатынасты.

Бұл кездесуде екі мәселеге көбірек үймелесіп қалдық. Біреуі жана ғана отарлықтан құтылып, өз тағдырын өз қолдарына алған Африка халықтарының мәдени бет алышы қай бағытта болмақ? Мәдениет деп аталатын кең майданның адамгершілік принциптерін қайдан іздеп, қайдан алу керек? Бұл бір. Екінші, «Негритюд» аталып, өріс алып келе жатқан бағыттың негіздері неде? Не бермек, нeden бездірмек, нені меңземек?

Бірінші мәселенің сырын аша, бағытын белгілей баяндама жасаған Францияның белгілі жазушысы, үлкен романіст Француа Морияк болды. Батыс Европада үлкен беделі бар жазушы азат Африка халықтарына үлкен досстық белгілерін көрсете, отарлық бағыттарға қарсы сөйлер деп күттік. Әсіресе, Франция отаршылдығымен Батыс Африка арасында еске алар нәрселер көп еді. Жазушының отаршылдыққа қарсы атар оғы болса, осындаидатылады да!

Бірақ алыстан қатты қадырлеп жүретін жазушымызда ондай оқ жоқ еken. Ең бір түйінді мәселеге келгенде Морияк мектеп баласы келісе алмайтын ойларды айтты. Олай айналдырып, бұлай айналдырып келіп, баяндамашының табан тіреп түйгені мынау болды: «Жаңадан жасалмак Африка мәдениетінің айнымас, тапжылmas уни-

версалдық принциптері католик діннен алынуы керек» деді.

Бізде де талай романдары аударылып жүретін, ең бері болғанда жалпы адам баласына ортақ гуманизмнің, әділліттің жаршысы болуға лайық жазушыда осындай да балаң ойлар болар деп күтпеген едік. Оның өзі қай дінде, қай дінді шындық көреді, онда біздің не жұмысымыз бар, бірақ Африка халықтарының мәдениетін өркендешту үшін католик дінінің жол-жосығын ұсынғаны тым-ақ ерсі шықты. Бұл ойының ең кем дегенде бір ғасыр кешігіп қалған екен деуге әзір отырдым: жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында мұндай ойды шіркеуде ғана айтуға болатын шығар!

Жиналыс селдір ғана қол шапалақтап, көңілсіз ғана қошемет көрсетіп, Мориякты мінбеден шығарып салды... Әлдеқашан ағарған шашы сарғыштанып селдірей бастаған ұзын бойлы қартаң жазушы орнына барып отырғанда жиналыстың наразылығын өзі де сезгендей.

Екінші мәселеге ертеңіне кездестік. Рим капитолиясы деп аталатын тарихи үй. Тура алға, одан кейін сол жаққа көлденеңдей созылып жатқан мәрмәр баспалдақпен көтеріліп келгеніміз сыры да кетпеген, сыны да кетпеген, музей ме деп қаларлық көркем зал еді. Сахнаға қараның сұлуы, алтын көзіллірікті, ақ көйлекті, қара костюмді, денесі кішірек келген, өте ықшам, қымыл-қозғалыстары онтайлы Леопольд Сенгор шықты. Сенгор — Африканың атақты ақындарының бірі. Сенегалда бұл, Нигерияда Дениис Осадебэй. Бұлар Батыс елдерінде де кең мағннада танылған ақындар. Араб елдерін қоспағанда Африкада бұл екеуінен ірі ақын жоқ тәрізді. Сенгор осы күні Сенегал республикасының президенті, ал Осадебэй Нигерия парламентінің тере ағасы.

Сенгор ақын қызу да көркем сөйлейді. Әлденеше жылдар Европа астаналарының университеттерінде лекция оқығандығы, оның устіне өзінің шешендік шеберлігі көрініп тұр. Француз жазушысы Морияктан гәрі Сенгор француз тілінде сөйлеуге жетік сияқты көрінеді. Ағып тұр, ағызып тұр...

Сенгордың ең әсірелеп байымдағаны «Негритюд» теориясы болды. Бұл оның көптен көтеріп жүрген әңгімесі. Оның ойынша батыс халықтары адам баласының өркендеу жолындағы бар дәүірлерден өтуімен бірге адамгершілік, мейрімділік, бауырмалдық, жан қыысар достық сияқты сезімдерден де аттап өтіп кетті... Енді олар техни-

ка өндіріс, сұмдық соғысқа бергісіз арбасу, араидатудан басқаны қымбат қасиет көрмейді. Мұндағы қасиеттер неше ғасыр бойында құлдықта, отарлық тамұғында болған, табиғаттың бел баласы Африка халықтарында, негрлерде ғана, бұлғынбекен күйінде сақталды. Африка халқы ешбір елді жаулап алған емес, соғыс дегенді тілемейді, техниканың құлыш емес...

Қыза келе Сенгор Европа халықтары адамгершілік үлгілерін бізден алсын, ол былай тұрсын, батыс халықтарының қанын негр қанымен тазарту керек деп соңты. Қөлелегейлемей турасынан басты. Расизмнен қорлық көрген Африка ақыны енді бүгін негр расизмін тудыруға жарсалып тұрғанына қызыарған жок. Менін байқауымша қызыарар да емес.

Сенгордың бұл ойы ең әуелі «Нью-Йорк» деген қысқа поэмасында айтылып еді, ол поэма жарық көргелі төртбес жыл өткен. Енді ондай ойы философияға, теорияға айналыпты. Сайып келгенде Африка халықтары дүниелік мәдениеттен біржола безіп, өз жолымен өркендеуге ксерек... Өркендегенде ескі табиғатынан алыстамау керек....

«Негритюд» философиясы дүниеге келгелі он-он бес жыл болып қалды. Қандай өткелдерден өткені маған, әрине, қараңғы, бірақ қайнап шыққан қазаны — Париж. Парижде негр халықтарының азаттығы үшін күрескен ерлер аз емес, бірақ «Негритюд» философиясы Африканы алға бастайтын теория емес, қаз қалпында, қараңғы қалпында ұстаудың құралы. Бұл теория бойынша негр халықтарының әлеуметтік, таптық, материялдық жайлары еске алынбайды, психологиялық жақтары ғана есепке алынады. Ақыл-ой есепке алынбайды, сана-сезім есепке алынады. Тұптеп келгенде сезімі күшті. «Негр халықтары сезімі топастанып қалған» ақ жүрттардан жоғары қойылады.

Біздің құлаққа шалышған «Негритюд» теориясы сиалдымен Леопольд Сенгор, Еме Сезар сияқты ақындардың аузынан шығып еді, бірақ оны философиялық теорияға айналдыруға тырысқан белгілі француз жазушысы Сартр. Бұл қаламдастарымыздың көзқарастары бойынша қара жүрттар ақ жүрттардың мәдениетіне жоламай одан біржола безіп, өзіндік мәдениет жасауға тиісті. Африка халықтары сонда ғана өзінің африкалық рухын табады. Айта кету керек, бұл Африка интеллигенциясының арасында кең еріс алып келе жатқан философия.

Мұның тұп нысанасы Африка халықтарын баяғы қал-

пина қайтару екепін дәлелдеп жатудың керегі де жок. Отаршылдықтың ең бір ұзаққа созылған құралы — отар жүрттарды қараңғылықта ұстаса ғой, Сенгор да, Сартр да осының жаршысы болып отыр.

Морияк пен Сенгорға ешкім қарсы шыққан жок. Европа да үндемейді, Африка да үндемейді. Сөйлеушілер Шығыс елдеріндегі әртүрлі ауыр халдерді — жоқшылықты, надандықты, қараңғылықты зар қағып айтады да, оны тезірек жоюдың жайына келгенде жарға соғылатындей тоқталып қалады. Әлдекімдерден турасын айтар әділдік күтеді.

Бұл жолы Римға Борис Полевој, Георгий Брейтбурд үшеуміз келген едік. Кеше ғана патшалық Ресейдің отары болған қазақтың жазушысы маган сөйлесуге тұра келді.

Мен әуелі Октябрь революциясы арқылы шын азаттыққа жеткенше қазақ халқының қандай қалың қараңғылықта болғапын айттым. Оған дейінгі надандығымыз жағынан жарыска түсे қалсақ, бәйгені сіздер әкете қоюларыңыз тәуекел-ақ еді дедім Африка, Азия елдерінің әкілдеріне қарап. Тұысқан өзбек, қыргыз, түрікпен елдерін де үмытқаным жок. Бақсы-балгері бар, паранжысы бар, әрі құдайға, әрі табиғат күштеріне табынары бар, көксауы көп, пұшығы көп кезімді жасырғаным жок.

Содан кейін бүгінгі Советтік Қазақстанның жайына көштім. Бұл кездесуге мен томаға-түйық, ешбір әзірліксіз кеткемін. Сонда да бірге өсіп, бірге жасап, күнде көріп жүрген өмірімізден қапелімде еске түскендерінің өзі-ақ жиналысты үйітып тастады. Тындаушылардың тындауына қарап, өтірік айтып тұрған жоқпын ба деп қалған кезім де болды. Жок, бірі де өтірік емес, бірі де ертеғі емес.

Жоғары дәрежелі жиырма мектебіміз бары рас па? Рас.

Академиямыз бары рас па? Рас.

Академиямыздың қырық сегіз ғылыми-зерттеу институты бар ма? Бар.

Консерваториямыз бар ма? Бар.

Қазақстан азаттыққа қолы жеткеннен кейін бес жылдың ішінде Қазақтың драмалық театрын ашты ма? Ашты.

Он бес жылға жеткізбей опера және балет театрын ашты ма? Ашты.

Он жыл ішінде хат танымаушылықты жойды ма? Жойды.

Қазір жаппай орта білім алу жоспарын қабылдады ма? Қабылдады.

Ендеше, тез жетілу, жедел өсу дегениң тұра жолы осы болады да!

1922 жылы ағылшын капиталисі Уркварт Лесли Балқаштың айналасындағы кең даланы мен шұқылайын.... Өздерің ең берісі «елу жылсыз, елу түгіл жұз жылсыз ол жақты менгере алмайсындар» деп пе еді? Деген.

Қазір ол далада Қарағанды, Балқаш, Қоңырат, Жезқазған алыптары жасалды ма? Жасалды. Айналасы он бес жылдың ішінде жасалды.

Жиырмасынши ғасырдың бас кезінде Алтай, Қарағанды, Екібастұз, Жезқазған, Қарсакпай, Нілді, Ембінің иесі кім еді? Ағылшын капиталистері — Уркварт Лесли, Нельсон Фелль, француз президентінің баласы Эрнст Карно, Америка президенті Гувер болатын.

Қазіргі иесі кім? Қазақ халқы.

Халқының тұрмысын, мәдениетін тез көтеру үшін ең алдымен өмірдің өзегі — ауыр өндірісті өз қолыңа алу керек екен. Содан кейін жиырма алты миллион гектарлық жерді мықышында май-ақ көтере алады екесін. Қысқасы, «Әуелі құдай болу қыын, құдай болып алған соң жаңбыр жаудыру бәрінен де оңай...» сонда мектепті де көбірек ашасың, сонда ән де еркін шырқалады, сонда қыздар да сүлуланып кетеді, еркектер де ақылды болады.

Аяңдап Мориякқа келдім. Тиісті құрмет-қошеметімді көрсетіп болып, әріректен Стендалді, беріректен Мопасанды есіне түсірдім. Менін әрі сүйетін, әрі сенетін жазушыларым. Құл саудасының, отаршылдықтың тарихын жікелей тексерген ғылыми еңбектерді қоя тұрып, осы екеуіне сүйенсек те жетіп отыр. Бұларға Морияк та қарсы бола алмауы керек. Жә, сонда нені көреміз? Библия мен Енжілді көтеріп Африкаға әуелі поптар шұбаган, олардың артынан шыны маржан, кесек-тас арқалаған саудагерлер жеткен. Бұлардың артынан кернейін тартып армия келген ғой! Сонымен құл саудасы да, отаршылдықта дәүірлей өсіп журе бермеді ме? Католик дінінің бұлжымас принциптері осыған жол ашпады ма? Қатолик дінінің құл саудасына, отаршылдыққа сүрлеу салып бермеген кезі болды ма? Жоқ сияқты. Қазір жартылай босанып, жартылай босану үшін жалаң қол, жалаңаш жүртқан төгіп жатқанда католик діні қандай достық көрсетіп отыр оларға?

Ләз гана көзім түсіп кетіп еді, Морияктың селдір ақ шашының астынан барлық бас терісі қызырып кеткені көрінді. Бет томпағына қызыл шытырман өрнек түсе қалыпты. Мен де тоқтай қалып, Сенгорға ауыстым...

Сенгор мырзаның кейбір қыңыратпасы менің есіме «Алаш» мырзаларының көзқарастарын түсіреді. Олар да өз алдына ел бола қалғанда атамзаманғы ескілікке тартатын еді. Өзге елдердің озық өнегесі деген олардың аузына да түспейтін. Орынборда, Семейде, Оралда талай бас қосып, талай қаулы-қараптар алғанда ең болмаса сабын заводын салайық деген емес қой. Бар адамдары көшпелі елді сол күйінде сақтап, еркін билеп-төстей беру сияқты.

Сенгор да Африка елдерін өз табиғатынан айырмай, байырғы қалпында ұстауды ең дұрыс жол көреді. Африка табиғаты, Африка әні, Африка биі, Африка халқы... Бірінен бірін айырмау керек. Ол өзі француз тілінде жазатын ақын, оның жазғандары өз елінің тіліне аударылған да, басылып шыққан да емес. Сөйті тұра қалың бұқараны «табиғи» күйінде қалдыра бергісі келеді.

Мен әуелі Европа мәдениетінен қашқалақтаудың қате де қатерлі жол екенін айттым. Шындал келгенде со-веттің Шығыс халықтарына орыс мәдениетінің қандай рухани азық бергенін кім ұмытар? Орыс тілі арқылы орта мектептің есігін аша бере бүкіл дүниелік мәдениетпен таныспадық па? Бүгінгі балаларымыз орта мектепте оқып жүріп-ақ француз, ағылшын, америка, неміс жазушыларымен танысып қалды. Бізге Шекспир де, Гейне де, Гете де, Данте де, Гюго де орыс тілі арқылы жетті емес пе? Ағылшын, француз, неміс тілдеріне аударылған қазак, өзбек, түрікпен, қырғыз жазушылары ше? Бұл да орыс тілі арқылы болып жатыр. Iрі өндіріс, шаруашылық техникасын орыс тіліне сүйенбей менгеріп алар ма едік! Африка халықтары отарлықтан босанып, өз алдына мемлекет болғанда Европа елдерінің мәдениетіне сүйенбесе, қатерлі жолға түсken болар еді.

Мен қай елдің дә өзіне өзі сенімді де такаппар қарауын дұрыс көремін. Сөйті тұра басқа елдерге, басқа халықтарға қорлай қарау дегенді естіп көрген емеспін. Ақыл-ойға бай елдер сезімге кедей болады деген әзір дәлелденбеген көзқарас болар... Негрді қорсынған капитализмнің ең жексүрын өнегесін енді өңін айналдырып, ақ жұрттарға айтатын болсақ, біз кім болғанымыз? Мұның аты нәсілшілдік болмай ма екен? Қапитализмнен

безіне отырып, оның ең жекесүрүн инегелерін алмауымыз керек болар...

Морияк та Сенгор да маған қарсы дау айтқан жок, әдеппей салқын ғана бас изесіп жұруге ыңғай білдірісті...

Жиналыс менің сөзімді жақсы қарсы алды. Жиналыс бастығы - - Европа мәдениеті қоғамының вице-президенті Антоний Бабель алғыс айтты. Мен сөйлегендегі бір қызырып, бір қуарып, мазасыздана берген поп Даниелло қарсы шығар деп күтіп едім, ол да үндей алмады. Ол Африка католиктеріне дірижер болуга келгेन екен — кара түсті католиктерге иек көтеріп, ымдаған бағын еді, олар оған ерген жок.

Англия, Швейцария, Бельгия, Греция, Бразилия, Франция жазушылары көрер көзге маған ыстық ықлас көрсетіп қол алысты.

— Рим кездесуі сізге әбден риза!.. Айта алмай отырған сөзімізді айттыңыз... Керек ойлар салдыңыз... — деді ағылшын жазушы-журналистерінің бірі, мосқал әйел Сильвия Сприоже.— Мен мұны жасыра алмаймын. Бардаусыммен айтамын!

Италия коммунистік партиясының орталық газеті «Унита» менің сөзімді көтере мақұлдан, мақала басты.

Қазақ сияқты бұрын артта қалған елдердің мәдениет майданындағы көз сүрінерлік табыстары Азия-Африка халықтары түгіл, Батыстан келген демократ жазушы-журналистер үшін де үлкен қуаныш екені байқалады. Азия-Африка мәдениет қайраткерлері озық тәжірибелерден үлгі алғылары келеді. Бөгесін, бұгаулардың қалай бұзылғанын бар ықыластарымен тыңдайды.

Батыстың демократиялық бағыттағы қауымдарынан көп нәрсені үйренуге болады. Соның бірі адал айтылған жанды сөзге қуанып қалатын әдеттері. Ондайда сені қоршап алады да визит карточкаларын ұсына бастайды. Кездескен сайын бас изеп, достық жылдылығын білдірді. Қөзқарасың танылды — болды, енді өз жағдайларын ақтарыла айта бастайды. Азия-Африка демократ қайраткерлері одан да әрі. Бірақ мұндай кездесулерге үнемі демократия өкілдері ғана келе бермейді. Франциядан келген поп Даниелло кейінгі бір кездесуде Сенегалдан келген Дакар мұсылмân институтының «проректоры» — француз офицері Монтей сияқты мырзалар саяси комиссарлық міндетін атқарып, жанталас үстінде жүрді. Олар Азия-Африка өкілдерінің арасына ұйтқы емес, іріткі әкеледі.

Солармен текстес тағы бір елеусіздер жүреді. Бір кеште бізді «Қоғам» қонаққа шақырып, ресторандан отырдык. Аздан кейін-ақ кішкене залдың іші дуылдай бастанды. Біздің столдың шетіне бір жас әйел жақындаш келіп рұқсат сұрады.

— Отырыңыз дедік. Денесі борпылдақтау, сары шашты, ақсары әйел.

Біздің столдың басында да қызу қалжындастып отырғанбыз. Ұзамай жаңағы әйел ақ салфетканың астына бірдемені тығып жібергейін андал қалдық. Сағаттың соққашылдай гана дыбыс естіледі.

Нолевой маган:

— Бірдеме-бірдемелерді боратып жіберші, мынау әйелдің пленкасы бос кетпесін... — деді.

Мен қазақша сөйлем кеттім:

— Ләйлаңа еллә алла! — деп ашып едім бұл өмірдің есігін: кіріп келсем, қап-қараңғы, тамұқ екен кіргенім... Қызыса бойым, туласа ойым, өз қолымнан тұсап-матап тұтқын етіп беріп ем. Жұз бұрылып, мың толқындаш келіп тұрған ән бар еді ойымда... Енді мынау арманда өткен жас кезеңнің құйрығына жармасқалы отырған жаңа сарны...

Сары әйел біздің қалжақты түсіне қалды да, тұрып жүре берді...

Ертеңіне бізді Рим сенаты қонаққа шақырды. Со-пактау келген алтынды-мраморлы залда сенат бастығы делегаттар денсаулығына бокал көтерді. Айтылған реcми сөз сол ғана. Содан кейін әр столдың басында көңілді әңгімелер, қалжындар басталып кетті.

Біздің столға, яғни біздің делегацияға бекітілген адам оқу министрі Медичи екен. Бұл Флоренцияда баяғыдан бері келе жатқан атышұлы ақсүйектер үрпағы болып шықты. Аса көнілді отыратын адам екен.

— Кездесуде сіз қазақ өмірінен көп нәрселерді айттыпсыз. Оныңызды үгіт-өсінет деп қараганымыз жоқ... Ризашылықпен қарсы алдық, — деді.

— Мен үгіт дегенді онша түсіне бермеймін. Егер осындаид кездесулерде тәжірибе алысуга тиым салатын болса, ол кездесудің керегі не? Мен біздің тәжірибені ала көріңдер дегенім жоқ. Өз тәжірибемізді гана айттым гой деймін.

— Күдай күэ, мен солай түсіндірдім. Кейбіреулер жәбірленіп қалса өзінен көрсін. Тісті ауызға бармағын сүқпағын... Жә, келіңіздер, тауықты талқандайық....

Бір тақырыптан екінші тақырыпқа оңай да сергек көшіп отырып, министр бір ретте:

— Атқа неше сағат мініп жүре аласыз? — деп сұрады.  
— Бес сағат, дедім мен.

— Мен сегіз сағат жүре аламын. Қызметтеп машинамен қайтамын да, жолда ат ұстайтын фермам бар, машинамды сонда қалдышып, аржағына атпен кетемін. Ферма мен Вилламның арасы жиырма километрдей жер. Құнде осылай...

Москвада әдеби кездескенде Буденның қарт білегінің бұлшық еттерін ұстасып көрсетіп еді, темірдей скен. Медичи білдектері де сіңірдей.

Уш күнге созылған Рим кездесуі аяқталғаннан кейін флоренция мәдениет қайраткерлері бізді қонаққа шақырды.

— Италия көркем өнерінің алтын бесігі — Флоренция... Ең ұлы суретшілер бізден шыққан. Ең сұлу әйелдер, яғни ең дарынды әйелдер Флоренциядан шыққан. Қазір де солай. Қадірлі қонағымыз болысыздар... Совет әдебиеті жайында, Қазақстан мәдениеті жайында бірер лекция оқып берсециздер... — десті.

Шақыруларын қабылдай тұрып, мен оларға қазақтың бір даналыққа жататын мәтелін айттым:

— «Еркектің көркі ақылында, әйелдің ақылы көркінде!» — дейді қазақ мәтелі. Флоренция туралы сіздер маған осыны айтып тұрган сияқтанасыздар... Флоренцияны көру біз үшін үлкен арман... — дедім.

Қазақ мәтелі оларға қатты ұнады.

Сағатына жұз қырық километр жүретін ұшқыр поезд Римнан шыққан бойы Флоренцияға келіп бір-ақ тоқтады. Рим мен Флоренцияның арасы неше километр екені есімде жоқ, тұс аугансын шығып едік, ертеңгі тұскі тамак Флоренцияда болды. Тамақ жайын жазуды мен ұната бермеймін, бірақ Италияда жеген тамақтың ішінен еттің екі түрін жазбау күнә сияқты: біреуі кәдімгі бифштекс, енді бірі лақ еті.

Флоренцияда тұскі тамаққа бізді бір жұпнығанға ресторанға апарды. Отыз-қырық кісіғанға сиятын кішкене зал, официант екі-ақ адам. Салқын су, қызыл балық сорпадан кейін бифштекс келді. Бұл үлкен тарелканы ұлық толтырып тураған бір-ақ кесек ет, қалыңдығы бес сантиметр. Жеті атамыз түгел жетпіс атамыздан бері мал өсіріп, ет жеп келе жатқан қазақ баласы мен мұндағай етті, аздал болса да қаны білініп тұрган етті қандай

жұмсақ болса да жеп көрген емеспін! Тұтас кесек еттің арасында бір қылтан шандыр, не болмаса бір қылтан сіңір болсайшы! Сұрастырып келсем омыртқа мен қабыртқа үстіне бітетін жон еті екен.

Лақ етіне Римде кездескенмін. Біздің тілмәшіміз Георгий Брейтбурд Европаны түгел шарлаған адам. Лақ етін беретін ресторанға сол алып келді. Бәріміз де лақ етін алдырыдық. Маған асықты жіліктің жуан басы кездесті. Лактың асықты жілігінде мұнша көп кесек ет боларын, мұндай дәмді боларын көріп білген емеспін!..

Кешке дейін Флоренцияның көркем өнер галереяларын, музейлерін аралап, сағат жетіде қала интеллигенциясы жиналған клубқа келдік. Полевой совет әдебиеті жайында, мен совет ұлттық әдебиеттері мен ұлттық мәдениеттерінің өсіп өркендеуі жайында лекция оқыдым. Сұраулар көп болды. Біздің жайды білгісі келгендердің сұраулары да бар, хабарсыз адамдардың да сұраулары бар, шатқалаңға тартқан сұраулар да бар. Бірақ шындыққа тізе бүкпеске амал болсын ба, жиналыс аяғы сол клубта бокал соғыстырумен тарады.

— Бұл Қазақстан дегеніңіз Россияның қай жерінде? — деп сұрады біреу орысша, тілінде акценті бар, шұбандай сөйлейтін адам. Мен оған Қазақстанның шекараларына жақын тауларды, өзендерді атап бердім.

— Ойда, оның шағын жер болды ғой. Солай ма?

Мен азырақ езу тартып, қайтарар жауабымды қалай тұздықтауды ойланып болғанша, қолында бір жапырақ қағазы бар бір мосқалдау адам, асыға қозғалып менің қасыма келді:

— Мұсрепов мырза, сіздің атаған тау, өзендеріңіз бойынша мен Қазақстанның шекара шеңберін сыйып едім, соны көріп беріңізші, жаңағы сұрауға мен жауап берейін,— деді.

Ол Флоренция университетінің профессоры екен. Қазақстан картасын шамамен айтқанда дәл түсіріпті: Орал — Алатау, Ертіс — Еділ. Мен мақұлдалап қолын қыстым. Ол әлгі сұрау берген адамға қадала қарап:

— Сіз өзіңіз орыс адамысыз. Славян тілдерінен университетте сабак бересіз. Қазақ жерін қалай шағын деп ойлайсыз? Менің шамалауымша қазақ жеріне бүкіл Европа сыйып кетеді,— деді.

— Англиядан басқасы...— деп мен қосымша жасадым.

Сұрау берген адам 1910 жылы Одессадан кеткен екен, жаңа қайтарылған жауаптан сасқалактап қалып:

— Қазақ қай тілде сөйлейді?— деп сұрады.

— Қазақ тілінде дедім.

Бұл жолы атақты «Купалшица» суретіне жан бітіп, қазір қырыққа келіп қалған екен дерлік сұлу әйел мырс етіп күліп жіберді. О да университет профессоры, аса қадірлі адам болу керек, зал жарыла күліп қолдан кетті. Осымен сұрау да тоқталды. Жоғарыда ескертілген бокал соғыстыруға көштік...

Римнен қайтарда артыңа қарай-қарай қайтасың: мынан бірін көре алмагаш ұшы-қырысыз көркем өнер мұраларын қия алмайсың. Флоренция тагы сондай!

Италияга сол алғаш барған жол «Европа мәдениетінің қогамы» маған сол қоғамға мүше болу жайында ұсынысы жасады. Мен ризашылық бердім: олар мүше етіп алды, мен кірдім. Борис Полевой ол қоғамға бұрыннан мүше екен.

Рим кездесуінен қалған бір сұрау менің ойымда әлі күнге дейін жүр. Ақын Сенгор, осы күні Сенегалдың президенті Сенгор, анда-санда біз де социализм құрамыз деп қоятын Сенгор «Негритюд» теориясын әлі де жақтай ма скең? Сол бағыты негр халқына бірден-бір дұрыс беталыс деп шын-ақ сене ме екен? Эрине, Африка халықтарының батыс капитализмнен көрмеген қорлығы да жоқ. «Қара товар», «тірі товар» сатылады, «сыйға беріледі» деген қорлықтарды ғасырлар бойы естіген елдер, ғасырлар бойы ұмыта да алмайды. Жанға түскен жара, жүрекке басылған таңба, оп-оңай өше алмаса керек. Бірақ оның есесін осылай қайтарамыз, ол кекті осылай аламыз деген көзқарасқа шын ақынды қия алмайсың. Сенгор шын ақын, үлкен ақын. Рим кездесуінен менің есімде кеткен бір сұрау осы еді.

## 2

Келер жылы тагы да сол қоғам мені Венецияда болатын Батыс-Шығыс кездесуіне шақырды. Бұл жолы Георгий Марков, Георгий Брейтбурд үшеуміз бардық. Кездесудің барышының граф Чини дейтін Венеция капиталисі мойнына алыпты. Графтың жалғыз ұлы өткен соғыста қаза тауып, әкесі сол баласының атынан әртүрлі мәдени жұмыстарға жұмсалатын «фонд» жасаған екен. Кездесуді үйімдастырган «Европа мәдениетінің қогамы» мен «Африка мәдениетінің қогамы».

Алғашқы жолы Италияға аспанмен барсак, бұл жолы жермен бардық:

Москва — Брест — Варшава — Вена — Венеция...

Біз Венецияға қоңыр інірде келдік. Вагоннан түсे бергенде-ақ тас кемерін ғұрс-ғұрс сабалап жатқан теңізге тірелдік. Толқын үстінде ойнақтап-орғып жалғыз еспелі қайықтар жүр. Бізде болса ұша жөнелгелі тұрған бәйгі аттарына, Мысыр пирамидаларының қасында болса жұтынған, жарау желмаяларға теңеуге болар еді. Қазақы төсектің басына ұқсаған қайқаң да биік тұмсықтарына бір-бір фонарь іліп алған қара қайықтар толқын бетінде қызықтыра ойнақтайды. Бұл атакты Венеция Гондолы.

Бізді қарсы алушылар да қайықпен күтіпті. Қайықтың артқы басына орнатылған жалғыз еспеге сүйенгендей болып, ықшам киінген қайықшы тұр. Біз де міндік, жалғыз ессе де ұп-ұзын қайықты ерттеулі аттай оршытып, оп-онай айдал жөнелді.

Венеция теңіз ортасына салынған, барлық үйлерін, көпірлерін, храмдарын мрамормен қаптаған қала, аса көркем. Қошесі орнына каналдар, бүкір өркеш көпірлер. Бұл қалада бір машина жоқ. Машина орнына жеңіл қайықтар, катерлер, глиссерлер, «ракеталар», «найзагайлар», су трамвайы, кемелер...

Ондап-жиырмалап, қатарлап тізіп, үстіне шимай-шытырман шатырлы қоршau орнатып, қызылды-жасылды электр лампалармен әшекейленген қайықтарда жүздеген жастар ән салып барады. Бұл қыз ұзату да емес, келін түсіру де емес. Кешке осылай теңіз бетінде лек-лек болып өлең айтып, көңіл көтеру Венецияның сайдандау салты: біздің жастардың кешке қарай бақшада сайдандауы сияқты. Кейде мұндай топтардың ішінде Италияның атакты әншілері де кездеседі. Ондайда жүздеген қайықтар соны коршап алады.

Әлсін-әлі екі жағамыздан да жарқ-жүрк етіп қалады. Қайығымызға баспаханада басылған адрестер жауып кетті. Бұл фотографтардың ісі еken: Венецияға келетін саяхатшыларды күн демей, түн демей суретке түсіріп алады да, қайығына адрестерін лақтырады: Венеция ескерткіші керек болса сол адреспен тауып аласын...

Біздің қайық көркем бір қонақ үйдің тас табалдырығына жанаса келіп тоқтады. Созылған қолдар бізді тез-тез іліп алып, кен фойега әкелді. Аз ғана дем алдық. Қөргенді елдердің әдетінше алдымызға апельсин, ананас

суларын өкеліп қойды. Номеріміздің кілтіп өкеліп беріп, жас жігіттер жалаң қағады.

Номерде бір құшақ қызыл гүл. Чемодандарымыз да келіп қалыпты. Стол үстінде бірнеше романдар, қала картасы, тәсектің бас жағында Енжіл.

Жана ғана жуынып-киніп болған кезде граф Чини жіберген адам келді. Бізді қонаққа шақырыпты. Жүріп кеттік. Жұлдыздай ақкан глиссер жеті қабат мрамор сарайға келіп тоқтады. Бізден басқа бұл кезде Юнесконың генерал-директоры Веренозе бар екен, өзгелерінің аты-жөндерін ұмытып қалдым. Жөндеу ғана киінген бір орыс эмигранты жәрдемінде жүр. Граф бізді жақсы ықылас-пен қарсы алды. Бір залда ішімдік, екінші залда тамак, үшінші бөлмеде кофе іштік. Төртінші бөлмeden есікке тіреліп түрган глиссерге мініп қонақ үйге қайттық.

Айта кету керек, граф интеллигент адам, совет халықтарының мәдениеті жайында көп сұраулар беріп, стол басын қызықты әңгімелерге оңай бүрмалап әкетіп отырды. Қонақта қанша адам болса, ойын-қалжынан біреуін де қалыс қалдырган жок.

Сол кеште мен Веренозе мырзадан «Курьер» журналының бір номерін Қазақстанға арнауды өтініш еттім. Ол бейіл көнілмен қабылдады. Кейін осы келісім жайын «Курьердің» совет редакторы Вениамин Мачавариани жолдасқа жазып жіберіп едім, аяқсыз қалды. Тегінде айттар адамды таппай айтқан болдым-ау деймін.

Граф Чини ертең кешіне бізді тағы да қонаққа шақырды: Милаңда тұратын жалғыз қызы келген екен, бүгінгі қонағы соның құрметіне делінген. Мен ол үйге он-он бес алма, айрықша деп аталатын арақ жібердім.

Белгіленген сағатта келсек, шебер қолға түскен Алматы алмасы жайнап кетіпті. Жұылған-сүртілгені былай тұрсын, оның үстінеге тағы да бір сиқыр қосылғандай құлпырады. Граф алманы өз қолымен өнерлеп кесіп, қонактарын сыйлай жүріп, Алматының алмасы ерекше бір тұқым екенін мақтаудан бір тынған жок. Графтың ойы мәжіліске қатынасатын басты делегаттардың арасында ірің-кезектік болмауын қарастыру сияқты. Бүгін бізбен бірге жаңа қонақтар шақырыпты.

Ертеңіне кездесу басталды. Италияның атақты ақындары Жуосппе Унгаретти, Сальваторе Квазимодо, дүние жүзілік Пен-клубтың сол кездегі президенті Альберто Моравия, Европа жазушылар бірлестігінің генерал-сек-

ретары Вигорелли, кеше кешке бірге болған Веренозе келіпті.

Бұл жолы да африкалықтар көп келген. Париждегі «Африка мәдениеті қоғамының» жауапты хатшысы, «Африка» журналының бас редакторы Алиун Диоп бар. Сенегал, Мали, Нигерия, Гана, Камерун, Эфиопия, тағы басқа Африка елдерінен көптеген адамдар келген: жазушылар, суретшілер, адвокаттар, өнер иелері, дін адамдары. Жоғарыда айтылған Даниеллоның жүзінде азданған абыржу бар сияқты.

Африкалық достардың шешімі табылмай жүрген үлкен бір мәселе бар: Жаңадан ғана азаттық алған ерікті елдердің мәдени өркендеу жолдары қай бағытта, қандай мазмұнда болмақ? Пікір алысу осы сұраудың төңірегінде басталып кетті. Батыс өкілдері адамның рухани өркендеу жолдарын дінге әкеліп тіреп тоқталады. Оның аржағында қай дін, Африка халықтарының байырғы діндері ме, мұсылмандық па, католик діні ме деген сұраулар туып жатыр.

Эфиопия өкілдері өздерінің христиан діндерін мадақшыкты. Африканың өзге елдері мұсылман діні мен католик діндерін салғастырып әкетті. Кейбіреулерге дін айналасындағы талас қатты ұнайтын сияқты. Бірсес мұсылман дінін жақтаушылар, бірсес католик дінін жақтаушылар мәз болып қалады.

Дін таласы қашан да тырнақты мен тістілердің, азулы мен күштілердің бітімі жоқ таласы ғой, бұқара өкілдерінің бітпес дауға шырғаланып қалғанына жаңың ауырады. Мәдениет мәселелерін адамның рухани өркендеу жолдары деген терминге тіркестіріп алып, рухани өркендеуді дінге әкеліп шырғаластырып жатыр. Католик дінінің отарлау, құлдану құралы болғанын бүркей алмайтындар мұсылман діні де агрессиялық дін болғанын көлденен тосады. Қанша елдерден, қанша жерден келген мәдениет өкілдері дін батпағына бөкселеп батты да қалды.

Бір кезде Дакар мұсылман институтының директоры Лакер Вальтер деген адам менің Римде сөйлеген сөзімді еске түсіріп, жанамалай сынап, бір-екі сұрактар берді маған. Жауабы табылmas, қысталанға салар сұрау бергендей сезініп тұр: мұсылман діні көп әйел алуға еркіндік беруші еді ғой, ер баланы піштіруші едік қой, осыларынан айрылған Совет Шығысы қазір қалай уайымсыз екен деді. Біреулер менің қысылып қалуыма тілекtesіп

жымиятты, бұрынғы сапардан жақын танысқан достар қызылмасыма сеніп жымиятты. Компаниелло қызу тарыс басталып кете мә деп қысылады.

Бұл жолы да мен сөйлеуге тура келді. Алдымен азаттық алған Африка елдерінің мәдениетін өркендешту сияқты аса үлкен ігілікті істеріне ат салысу үшін екі рет кездесу үйімдастырыған оған мені де екі рет шақырыған қоғамымызға алғыс айттып, ақ ниет, адад жол, жан ашырдың достығын тіледім. Содан кейін айттар сөзіме көштім:

— Мен діндар адам да емеспін, дін өкілі де емеспін, жазушымын. Бізде шіркеу мен мешіт мемлекеттен әлдеқашан белініп, өз алдына ерікті өмір сүреді. Бізде қандай адам қай дінді қалаймын десе де өз еркі. Менің дін жайынан анық білерім осы ғана. Сондыктан мен сіздермен дін жайында емес, әдебиет пен көркем өнер өркендеуі жайында ғана пікір алысқым келеді. Менің көзқарасымша адамның рухани өсүіне сала-сала жолдармен келіп әсер ететін, адамның іші-тысын үнемі жуып тұратын қасиетті бұлактар осылар.

Бірақ жеке адамның бұл бұлактарға қолы жете беруі үшін ең алдымен саяси-экономикалық жақтардан оның елі толық мағынасында азат болуы керек. Әр халықтың өзін өзі билеуі, барлық әрекеттеріне де бағынышты болмауы барлық мәселенің арқауы.

Мен қазақпын, менің туған елім осыдан қырық-ақ жыл бұрын ру-ру болып мал бағып, көшіп жүретін ел еді. Мемлекеттік ешбір ишараты жоқ-ты. Октябрь революциясынан кейін қазақ халқының экономикалық, мәдениетті өмірі жедел алға басып кетті де, бұрын Африка, Азия халықтарының талайын-ақ тенеуге болатын Қазақстан қазір Советтер Одағында үшінші орында.

Қай елдің болсын саяси азаттығы мен экономикалық өсүі барлық мәдениет жұмыстарының ірге тасы, негізгі арқауы деп танитындығынан Қазақстан жайынан бірер мысал келтіруге рұқсат етуді сұраймын.

Бүкіл Советтер Одағы қырық бір мың миллион гектар тың жер көтерсе, соның жиырма алты миллионы Қазақстан еңбегі.

Қазақстанда қырық жылдың ішінде елу төрт қала салыныпты. Бұлардың көпшілігі жаңа ашылған ауыр өндіріс айналасында.

Ауыл шаруашылық жұмыстарының 87 проценті машина-техникамен істеледі.

Қазір Қазақстанда он миллиард бес жұз миллион ки-

ловатт әлектр күші бар. Білетіндердің айтуына қарағанда қонақ-жай Италияның әлектр күші бұдан едәуір кем көрінеді.

Экономикалық жақтан осылай тез қарқындалап кетудің арқасында бұрын артта қалған қазақ халқының мәдениесті тез аяқтанып, тез күш алып кетті. Біз еліміздің хаттанымаушылығын жойғалы ширек ғасыр өтті. Қазір бізде балалардың орта білім алуы міндепті түрде өтеді.

Оз алдымызға ерікті республика болғаннан бес жылдың ішінде драма театрын құрып едік, он үш жылдан кейін опера және балет театрын құрдық, оларымыз қазір академиялық театрға айналды. Ширек ғасырдан кейін Қазақ Академиясы туды. Қазақ мәдениеті Советтер Одағында ең өскелен, озық әдебиеттердің бірі деп танылады.

Мұның бәрін айтып жатқаным, қазір азаттық алғанымен таяу жылдардың ар жағында ғасырларға созылған отарлықта болып кенжелеп қалған Африка елдерінің жалпы рухани мәдениетін қалай еткенде тез аяқтандырып жіберуге болады, мен соған керекті жағдайларды атайдында макұл көрдім. Шын достық тәжірибе алысу, рухани байлықтарынан ауысу-бөлісү арқылы тумақ деп сен-гендіктен айтып тұрмын.

Сонымен, менің алмасқалы тұрған тәжірибем рухани мәдениеттің өркендеуіне қажетті материалдық прогресс — индустрія. Қазіргі заманда ауыл шаруашылығын өркендедің де түп қазығы сол болып қалды. Осы күш халықтың өз қолына көшті ме, жоқ па, әңгіменің бар түйіні осында, достар...

Екінші, әдебиет пен көркем өнердің әлеуметтік, қоғамдық парызы өз халқының арман-мұддесіне, ой-сезімін терендетуге, мәдениеттің көтеруге қызмет етуде деп түсінмелі...

Енді осы кездесуде таласқа түсіп, не болмаса өзімс ұұрақ ретінде берілген мәселелерге көшсійін. Ен алдымен дәстүр және бүгінгі мәдениет жайында. Мен өр слідің, әр халықтың мәдени дәстүрлеріңе құрметпен қарау жағындағы адаммын. Әсіресе, жоғары мәдениетті елдердің өкілдері балаң мәдениеттің дәстүріне жоғарыдан қарап, менсінбесе, бағаламаса, мен оның қасында жоқпын. Дәстүрін бағаламасаң мәдениеттің де, елін де бағаламағаның. Бірақ дәстүр деген мәнгілік өзгермейтін нәрсе емес. Әсіресе, заманнан қалыспай өсетін елдердің дәстүрі тез өзгеріп отырады. Менің байқауымша ұлттық дәстүрлер жалпы адам баласының озық дәстүріне қарай бейімделе

өзгереді. Онсыз прогресс жоқ. Мұны ескермей, өз халқының байырғы дәстүрінде қала берген жазушы да, суретші де бұқара өресінен жогары көтеріле алмайды. Бұл да бір зер сала құлақ асатын шындық. Мұндай халде еліңмен бірге екенің даусыз, бірақ алдында емессің, бастаушы емес, костаушы ғанасын.

Мысалы дүние жүзілік драматургияның өсу жолында Шекспирді, дүние жүзілік прозада Толстойды ешкім атап өте алмайды, олай етем деген адам арандап қалар еді. Бірақ бұдан қазіргі драматургия тек қана Шекспирдің ізімен, проза тек Толстойдың ізімен жасалуға тиіс деген қортынды шықпайды. Өзгерген, жаңарған қоғам өз заманының дәстүрін де жасайды: суретші де, жазушы да сол қоғамның озық өкілі ғой.

Екінші бір мәселе туралы айтарым — жас әдебиет, жас мәдениет үшін үлттық шеңберде ғана қалып қою — тар бөлмемде есік-терезенді ашпай, сыртқы ауаны кіргізбей, темекінді тартып отыра беру сияқты көрінеді маған. Сырттан теңіз самалы соғып түрмаса, осы залдың ауасы да оп-онай бұзылып кетер еді.

Ушінші, Африканың көп халықтары үшін қайрылы бір хал бар сияқты. Ол — ақынның не жазғаны, ой иелерінің не айтқаны халқына жетпей жатса, әсіресе, сол халықтың өз тілінде жетпей жатса, мұны жеңіл хал дей алмаймын. Оның аты халқына етер ізгі әсердің жолындағы тас бөгесін болады да.

Казір адам тіршілігінде радио, кино, телевизор қатты араласып кеткен заман. Бұл күштердің өзі уақыт тынысын өзіне бағындырып әкетіп барады деуге болады. Бұл дәүірде кешеуілдемеуге тырысу керек. Кешіксен-ақ болды, заманың мен араңа есесі толmas ұтылыс түсіп кетеді.

Осы мәселелердің екінші бір жағы бар. Сенгор, Осадебэй, Марсиял, Сезара сияқты Африканың атақты ақындары халықтың дәстүрді сақтай отырып, бүгінгі озық поэзияның дәстүрінен қашқалактамаудың айғағы. Бұл ақындардың еңбектері қай тілге аударылса да окушының сана-сезіміне қона кетеді. Сонымен бірге тілекtes қоғамға қояр менің кудігім де бар. Батыс елдерінің тілдерінде жазатын осы ақындардың поэзиясы өз халықтарына, өз тілдерінде жетіп жатыр ма? Меніңше жоқ, жете алмай жатыр. Африканың кей жерлерінде алфавит жоқ! Қей жерлерінде типография — баспахана жоқ!

Көркем өнер мен әдебиеттің бақытты жолы — ел үшін болғандығында десек, сол жолда ғана өседі десек,

таласқа салмас бір аз шындыққа мойындауымыз керек: ең үлкен ұран — алфавит, оқу-ағарту істері, баспахана!

Менің Вальтер мырзаға қайтарар жауабым да осы ойларға байланысты. Дақардың беделді бір институты бала піштіру мәселесіне сонша көп назар аударғаны мені әуелі едәүір еліктіріп еді, бала шөтейінің маңынан ғылымдық бірдемелер табылады ма екен деп назар сала тындалап едім. Бақсам баяғы піштіруден басқа ешнэрсе жоқ екен... Сондықтан талас тудырар орын да жоқ кой деймін. Ал енді бұл туралы біздегі жайды білгініз келеді екен, оның жауабы әзір: ауылдық жерлерде баланы піштіріп жатады, той да жасалып қалады. Интеллигенциямыз адам денесінде кесіп тастай қоярлық артық ешнэрсе жоқ деген көзқараста... шебер табиғат адамың бар керегін дәл пішіп берген деп ойлаймыз. Мұнымыздан жас балалардың денсаулығына келген зиян да байқалмайды. Осы бір ескілі-жаңалы жаңалықтар да жаңалыспайтын сияқты. Ұлдар да, қыздар да жаңалыспайтын сияқты.

Вальтер мырзаның көп әйел алуға кеңшілік береді деп мадактаған ислам дініне де, көп әйел алуға кеңшілік жоқ католик дініне де мен қастық-достығы жоқ адаммың, меніңше адам дін үшін емес, дін адам үшін болу керек. Дінді адам өзі қалап алу керек. Ойланып, ұғынып қала-сын: ешбір сыртқы күш еріксіз қосақтамасын, желкелемесін. Адамның рухани бейнесі деген ойнауды көтермейді, діннің өзін де ойыншыққа айналдырмау керек. Агрессияға құрал болған, отарлауға құрал болған дінді адамның рухани азығы деуге әсіресе діни адамдардың аузы бармау керек. Дін экспортқа да кірмесін! Мен полигамия үшін емес, полиграфия үшін жан салу керек дер едім!

Осыдан кейін соғысқа, қарулануға, импералистік агрессияға қарсы күресіп жүрген дін өкілдеріне көңілдестік білдіріп, Нобель сыйлығын алған Италияның ірі акыны Сальваторе Квазимодоның бір ауыз өлеңімен сөзімді аяқтадым. Ол былай депті:

И креста, и молотка Голгофы,  
И святых воспоминаний детства  
Мало, чтобы раздавить войну!

Менен кейін сөйлеген адамдар менің ойларыма қосыла сөйледі. Жазушылар түгіл дін адамдары да қостап жатыр. Уш адам, төрт адам, бес адам... Сонымен кешкі

мәжіліс аяқталып, қағаздарымызды жинап, орнымыздан тұра бергенде дөңгелек столдың қаранғылау бір бұрышынан шацқ-шаңқ етіп бір адам тұра келді. Дакар мұсылман институтының гылыми жұмыстарын басқаратын Монтеј екен. Тұра бере-ақ Қазақстанға шабуыл жасады. Сатылып кеткен Хайттың сөздерін, кас жауларымыздың бірі Дугластың сөздерін айтып жатыр. Құлақ үйренген, жауабы оңай сөздер. Бірақ Монтеј соны ышқынып ыздаланып айтып тұр. Отарынан айрылған капиталистер, азаттық алған Африка социализм елдеріне қарай бой үрүп кете ме деп біздің елге қара күйені жаға беретіні мәлім. Сөздерінде не дәлел, не шындық болмаса да Монтеј бар жынын төгіп жатыр. Дәлел-шындығы аз болған сайын ашына сөйлейді. Өзі де бір қораштау адам екен, жиналыс құлақ аспаған сайын бұрқырап-булығып қалды. Бар қосқаны Францияның Пьер Джордж деген адамы да жоғарыда аталғандарға үн қосқан екен, соның атын атады.

Халықаралық кездесулерде де ойын-қалжың керек, бірақ қалжыңбастық керек емес. Мениң Вальтерге берген жауабымдағы қалжынды ауырлап қалған ба деп хауіптеніп қалып едім, жоқ олай емес, Дакар мұсылман институтының екі бірдей католик басшылары — Вальтер мен Монтеј — советтер жағына бейім болмандар, діндеріңиен айрыласындар деп тұр екен. Жиналыс басшысы Монтеїдің сөзін бөліп, маған қарады.

— Осы мырзаның шашып-төгіп айтқанына түсіне де алмай қалдым. Сол айтқандарын қағазға түсіртіп берсесіз, мен ертен таңертең бірінші болып жауап бергім келеді дедім мен.

Осыған келістік те тарасып кеттік.

Ертеңіне біз тамаққа отырмай-ақ әр топтан өкілдер келе бастады. Бәрінің айтары да біреу-ақ: әрек басымыз құралып ғырыған кездесуде совет делегациясына ауыр сөз айтылып, совет делегациясы жауап беріпті деген лақап тарамаса екен. Монтей бұл кездесуде шақырылған адам емес, демократиялық еркіндікті пайдаланып, киіп кеткен адам...

Сондай өкілдер кездесу президиумының атынан да келді; «Европа мәдениет қоғамынан» да келді. «Африка мәдениет қоғамынан» да келді.

Бізге ең ауыр салмақ сала сөйлеген соңғы аталған қоғамының генерал-секретары Алиун Диоп пен президенттік басшылары болды. Әртүрлі дәлелдермен өтініш етілді.

Аяғында Марков екеуміз мұнадай шартқа тоқтады:

1) Президиум бастығы жоғарыда аталған екі қоғамның атынан Мұсреповтың қайтарар жауабын жарияла-  
мауға өтініш еткені айтылсын.

2) Кездесуге шақырылмаған Монтейдің көлденең киіп  
кетіп, сөйлеген сөзі мәжіліс атынан жала деп танылсын.

3) Совет делегациясына орынсыз шабуыл жасауға  
жол беріліп қалғандықтан президиум өз атынан кешірім  
сүрасын.

Обалы не керек, президиум бастығы келісілген шарт-  
тан әлде қайда әрі сөйледі. Жиналыс үлкен қуанышпен  
қабылдады. Біз разы болдық.

Кездесу аяқталғаннан кейін совет делегациясына  
Капри, Сорренто аралдарын, Неаполь, Амінто, Помпей  
қалаларын көрсетіп, екі жетідей қонақта болдық...

Кейін тағы да сол Монте Дакарда француз тілінде  
шығатын газетте Флоренцияда болған соқтығысты ба-  
шайлап жазып келіп, аяғында «амал не, африкалықтар  
Мұсреповті жақтап кетті» деген өкініш айтылты. Эрине,  
оган амал болмайды.

### 3

1965 жыл, октябрь айы. «Европа мәдениеті қоғамы-  
ның» кезекті 9-шы съезі болмақ екен, мен соған шақы-  
рылдым. Москва мемлекеттік университетінің проректо-  
ры Г. Д. Вовченко екеуміз жүріп кеттік. Аударушыны  
Рим өзі бермек болды. Москвадан 9 октябрь күні ұшып  
шығып едік, Прагада самолет кідірісі болып, Римға 11  
октябрь күні кешке келдік.

Рим көп өзгере бермейтін қала. Он екі ғасыр бойында  
өзгере өндөле келіп, аяғында тұрақты бір ансамбль си-  
яқты қалыптасқан да, шеткерірек жағына болмаса, орта-  
лық аудандарына жаңа архитектуралық иғыны сия бер-  
месс керек. Сондықтан бұрын бірер көрген адамды Ұлы  
Рим есікі танысындаи, өзгермеген күйінде қарсы алды.

Бірақ сол таныс адам анда-санда бесс -- он күн тұрып,  
күні-түні араласа да Римді жете біле алмайды. Рим ес-  
керткіштері, Рим музейлері, Рим храмдары таусылмай-  
ды, көбейе береді. Әсіресе көркем өнер мұраларына құ-  
ныға түсесін, ұғына түсесін, біліп болу үшін жылдар  
керек. Бар білгенің Рим жеті қырқаға орнаған қала...  
Колизей, де Треви фонтаны, Пантеон, Тибр көпірлері, Өз-  
лие Петр храмы, Боргезе паркі, Ватикан, бірді-екілі мұ-

зей, бір екі галерея, атақты аландар, атақты бағандар. Бұлардың әрқайсысында ғасырлар тарихы, ұлы шеберлер-суретшілер, мұсіншілер енбектері. Неше көріп, қанша таңданып қайтарың осылардың маңы. Бұлардың көбін тарихи кітаптардан білуге де болады. Бірақ өз көргенінді білдімге санауға болмайды. Ондай талаптан мен өзім бас тартамын.

Аэропорттан шыға бере отар-отар, табын-табын болып, иіріліп жатқан жеңіл машиналарға кездесесің. Қала ішінде гараж дегенге орын жоқ, машиналар қаланың іші-сыртындағы аландарға түнейді. Жаз да солай, қыс та солай: мындаған емес, он мындаған машиналардың күні сол.

Алты-жеті қатар болып, қарама-қарсы аққан машиналардың бірімен Римге келіп кіргенінде, басқа ірі қалалардың кіре берісінде ұшырасатын пригород дегенді сезінбейсің, құмырықсаның илеуіне бірден кіріп кетесің. Қөшелерде қанат қағысқан, қуйрық тістесе ағылған машиналардың көптігі сонша, кейде барам деген жеріңің алдына келіп тоқтай да алмайсың: бірер көше асып кетіп, не бірер көше жетпей тоқтауға да тұра келеді. Жалпы ағымнан сыйылып шығу өте қыын. Бір ретте Полевой екеуміз Боргезе паркінен шыға алмай жиырма минуттай күткеніміз бар. Осы үлкен парктің ішімен, жергілікті адамдардың айтуынша, отыз бес жол өтеді еken. Барлық жолдардың бәрімен де машина деген ағылды да жатты. Біз өте алмадық.

Сонымен бірге қаланың шетірек жағында тар көшелер де аз емес. Рим қаласындағы жер тарыншылығы сонша, кір жаятын жер жоқ. Жуған кірлерін сыртқа салбыратып терезеге іледі. Кейде бес-алты қабат үлкен үйлердің барлық, терезелерінен салбырап тұрган кір көресің. Тар көшелерде — көшениң екі бетіндегі үйлердің барлық қабаттарынан салбыраған кірлер біріне бірі соқтығысып тұрады.

Осындаі бұрыннан таныс көріністердің ішімен қонақ үйге келіп түстік. Ертеңіне съезге келсек, негізгі баяндалар да өткен, жарыссөздер де аяқталған. Съезд октябрьдің 10 күні ашылып, біз жабылар күніне үлгеріппіз. Біз сұрауға жауап беретін соңғы сафаттарға іліктік. Таңертеңгі мәжілісте қогамның генерал-секретары Қомпани-елломен, вице-президенті Антони Бабель жазып берген, не болмаса аузыша берілген сұрактарға кезекпеп-кезек жауап беріп отыр.

«Идеологиялық шалғайластық және мәдениет саясаты» деген баяндама бойынша қойылған сұрауларға жауап түстен кейін басталады. Баяндамашы Италия коммунистік партиясының Орталық Комитеті президиумының мүшесі Умберто Террачини екен<sup>1</sup>.

Террачини шешен де, тапқыр да адам. Жан-жағынан бораган сұрауларға жарыссөздерден туған дүдәмалда-рына тұжырымды жауап беріп, жығып тоқтатып отыр.

Біраз сөйлеушілер экономикалық бірге жасау дегенмен идеологиялық күрес дегеннің арасында қайшылық барын айтқан сияқты.

Террачини жолдастың бұларға қайтарған жауабының ұзын-ырғасы былай аңғарылады: экономикалық бірге жасасу дегеннен күреске орын жоқ деген мағына түмай-ды. Әрбір бәсеке-күрес не жеңіспен не жеңіліспен аяқталмак.

Біздің Италиядан алған аударушымыз — Грациано Заппи (Мирко) орыс тілінен италия, ағылшын тілдеріне аударуға шебер де, ол тілдерден орыс тіліне аударуға шорқақтау болып шықты. Тездікпен, шешендік қарқынмен жатқа сөйленіп жатқан сөздердің де, қайтарылып жатқан жауаптардың да бізге ұшығын ғана жеткізіп отырды. Кейде тіпті сөйлеуші ойының бет алысы да, түп нысанасы да аңғарылмай қалады. Оның үстіне негізгі баяндамалармен бірге негізгі жарыссөздер де бізден бұрын аяқталып біз сарқыншағына ғана ілігіп отырмыз. Жалғыз түсініп отырғанымыз — Террачинидің қайтарған жауаптарына сөйлеушілердің бас изеп, мойындал қалулаты. Бұл жағдайда идеологиялық баяндама бойынша жарыссөздерге араласу бізге өте қын болып қалды.

Дегенмен, сөйлеуге тұра келді. Қоғамның генерал-секретары философ Компаниелло сөз арасында әлсін-әлі менің сөйлеуімді керек ететіндерін ескертеп берді. Сұрау мен жауаптар аяқталған соң, мен сөйледім.

Компаниелло — философ адам. Фашизмге қарсы құрессен. Соғысқа, қарулануға, қарсы бейбітшілікті қуаттайтыды. Отарынан айрылған Италия, Африка, Азия өкілдерінің еркін кездесулеріне жағдайлы ел болса, мұнда Компаниеллоның еңбегі де аз емес.

Мен «Европа мәдениет қоғамының» осы жақтағы еңбектеріне тоқтадым. Қелешекте не күтетінімді айттым.

<sup>1</sup> Оның Италия тілінде жасаған баяндамасын мен аударылмаған күйінде Москваға алып келдім.— F. M.

«Европа мәдениеті» деген үлкен атаққа ие болып отырған қоғам мәдениет мәселелерін, идеялық көзқарастарымызды емін-еркін ортага салып, дау-жанжалсыз, пікір алыштын орын болуын тіледік. Эр елдің тарихи салтына, дәстүріне, философиялық ұғыныстарына қарай белгілі бір мәселелерге қалыптасып қалған көзқарастары да болады. Көзқарас болуы да, оны бар күшімен жақтауда ешбір бөгетке ұшыраспасын. Сонымен қатар ешбір көзқарасты заң дәрежесінде қабылдамай, пікір алышуға салайык. Бұл жөніндегі айтыс-тартыс ұзакқа созылып кетсе де тының дей салмай, шындығына жетейік. Эсіреле Африка-Азия елдерінде анықталған шындықты ұсынайык. Менің сөзімнің ұзын-ырғасы осы болды.

Сол күні «Европа мәдениет қоғамын» «Дүние жүзілік мәдениет қоғамына» айналдыруға қаулы алынды. Батыс елдерінің көшшілігі бірауызды дерлік халде екен. Біз де соны қостадық. «Дүние жүзілік мәдениет қоғамына» батыс-шығыс елдерінің бәрі де кіре алатыны маған теріс көрінген жоқ.

Қоғамның исполнком мүшесіне сексен адам сайланады. Бізден: Полевой, Эренбург, Аллатов, мен, Италиядан Унгаретти, Квазимодо, Террачини, Франциядан Морияк, Польшадан Ивашкевич, чехтардан Мирко Новак, Швейцариядан Антоний Бабель, ГДР-дан Анна Зегерс сијакты көрнекті жазушылар бар. Президент — Италия ақыны Унгаретти. Оның орынбасарына мен Полеводы ұсынып едім, ешкім қарсы болған жоқ. Сонымен қатар, менімен барған Москва университетінің проректоры Г. Д. Вовченко және үш-төрт адам қоғамның мүшелігіне алынды. Осымен създ жабылды.

Съезден кейін бізді Умберто Террачини шақырды. Бардық.

Террачини — сенатор, сенатта екі жұз елу сенатор болса, соның сексен бесі коммунистер. Басқалары — либералдар, социалистер, католиктер, республиканистер, тоғыз депутат фашистер де бар.

Умберто Террачини сенаттағы коммунистік партия тобының председателі. Италия республикасының жаңа конституциясын жасайтын комиссияның бастығы. Италия Орталық партия Комитетінің президиум мүшесі бола тұрса да, одан енбек ақы алмайды: алатыны бір ғана сенатордың жалақысы. 1964 жылы Террачини басқалармен қатар Италияның президентіне ұсынылып, көпкө дейін кеуделі орында тайталасып барып қалды.

Умберто Террачини 1895 жылы туған. Италия Коммунистік партиясын құрысқан, Пальмиро Тольяттидің үзенгілес серігі. Ол Коминтерні құрысқан адам. Бір ретте Владимир Ильинден қатты сын естіп қалғанын еске алышқа көйді.

Террачини бізді сенаттағы кабинетінде қабылдады. Қішкене ғана бөлме. Үйлген кітаптар. Істер, газеттер..... Ғалымның кабинеті сияқты.

Сенат сарайы үлкен де көркем үй архитектуралық ескерткіштің бірі. Бұл Флоренция Медичилерінің біршің қызы 15-ғасырда император Юстиниага қүйеуге шығып, сол қызға жасау ретінде салып берген сарайы екен. Сенат сол келіншектің үй-театрында мәжіліс өткізеді. Бұл сарай сенатқа аудиқталы қанша сенатор қаза тапса, соның бәрінің де кеудеден жоғары тас мұсіндері тұр. Бұл жағынан сенат-сарайы музейге де үқсайды. Тазалық, тыныштық, көркемдік... Кітапханасы, тіпті ұлан-байтақ. Паркет еден жалтылдан жатыр.

Террачини жиырмасынышы жылдары Москвада, Коминтернде қызмет істеген кездерін, Лениннен қatal сын естіген кездерін еске алады. Жалғыз италиялық емес, европалық жағдайларда кейбір мәселелерді уақыт әуеніне қарай қоюға тұра келетінін айтты. Мұнысы өз баяндамасының кейбір қагидалары біздің көзқарасқа қабыса бермейтін ескерту тәрізденді.

— Алайда осы баяндаманы ала кетіңіз. Москвадагы жолдастарға көрсетіңіз. Ұнаса бір журналға басылса да, қарсы емеспін, деп баяндамасының бір данасын маган берді. Мен алыш кеттім.

Сол жылдары Қазақстанға келіп қайтқан Луиджи Лонго және оның жолдастарының ризашылықтарын тәптиштеп айтып, Қазақстанның одан бергі табыстарын көп сұрады.

Біз оған «Европа мәдениеті қогамының» алдағы күндейгі бағыты, болашағы туралы біраз сұраулар бердік.

Террачини ол қогамның болашағына да, бағытына да сенімді қарайды екен.

— Дүниелік ой-пікірлермен еркін араласа аларлық қандай мүмкіншілік болса да безбеуіміз керек. Бұл демократиялық бағыттан теріс жайылмайтын қогам. Советтер Одағының кеңірек қатынасқаны дұрыс болар еді. Логикаға, шындыққа бой ұсынбай кетер қогам бұл емес. Европалық жазушылар бірлестігінің президенті Унгаретти осы қогамға да президент болып отыр. Осы екі үйим-

ның әрекетіне кеңірек қатынасып отырсандар, сіздер бе рер кеңес ескерусіз қала алмайды. Сіздер белсene қаты насып отырсаңыздар бұл қоғам арқылы талай-талаі қызық кездесулер үйымдастырылар еді,— деді.

Бұрын бұл қоғамның шығынын оның президенті Понти көтеріп келген. Граф Чини сияқты бай адамдар қара сып отырған. 1962 жылы қоғамды мемлекет қаржысын көшіріп, үкімет жиырма миллион лир берген екен.

«Европа мәдениет қоғамы», «Ұғысу» («Понимания») деген қалың журнад шығарып тұрады. Террачина әдеби ет пен көркем өнердің курделі мәселелерін көтеріп, со. журналдың бетінде айтыс ашпай келген бізге өкпесін айтты.

Қоштасарда бізді есік алдына дейін шығарып салып

— Римнің атақты ескерткіштерін көрген боларсыз дар. Темір жол вокзалына жақын Езидора фонтаны дей тін бір көркем ескерткіш бар, опы көрдіңіздер ме?— дед Террачина.

- Жоқ. Көрген жоқпыз.
- Көруді кеңес етер едім.
- О, көрелік...
- Арривадерчи!
- Арривадерчи!
- Тағы да арривадерчи...

Европа фонтаны өзінше бір ғажап көркем ескерткің Жалаңаш шалқалаған әйел мұсінін фонтан ылғи жуы тұр. Мұсін алтау, бірақ бәрі бір-ақ әйелдің денесі. Сек сеннен асып барып жаңа да ғана қайтыс болған сорлі бір әйел жасында асқан сұлу болған екен. Сұлу болғанд бар денесі, беті-жүзі, аяқ-қолы, қасы-көзі, қара тырнағы на дейін сұлу болған. Сол әйелді табиғаттың өзі жасаға көркемдігі деп танып, мұсінші тасқа көшіріп, фонтанғ орнатқан. Сол әйелдің бірінен бірі аудармай алты қайта лаған тас мұсіні дәңгелек фонтаның алты жағында шај қалаған күйде тұр. Бәрі бір-ақ мұсін болғанмен алтауы да айналып жүріп көресің. Қоз алмай қарайсың! Бұл дұлы суретші Рибераның «Инессасы» сияқты әйел деге сезімді бірден ұмыттырып, көркемдік сиқырынан бір бе сатпайды. Фонтаның бір аңызы осы біз есіткен болса бұдан гөрі көркемірегі тағы да болуға мүмкін. Рим көң кем өнерінің бойыша сыймайтын аңыз болуға да мүмкін емес...

1966.

Ақ сәлделі, ала киңген қара мұрт индус — Үндістан азуе қатынасының әмблемасы — оң қолын кеудесіне басып қала берді де, біз жолаушылар самолетке міне бастадық.

Ағылшын самолеті аспанға тез көтеріліп, жоғарылап кетті. Делидің қойын-қолтығында лапылдан түрған жалынды лебі де қара мұртпен бірге жерінде қалды.

Су ете түскен тап-таза, мәп-мәлдір салқын ауа самолет ішіне көлеңкелеп ұстаган күтімді бөлменің реңін берді. Таңертеңгі таза рец, женіл салқын.

Бірінші салонның бірінші қатарында отырған жолаушылардың алдында жіңішке ғана стол. Стол үстінде терлеп түрған шыны сауытта екі түрлі жеміс сұзы, резенке сағыз, қарындаш, қағаз, конверт. Жалпақтығы екі еліге толар-толмас әдемі коробкаларда екі-екіден салынған сигареталар. Қарсы алдындағы қабыргада қатар тізілген ағылшын тілінде шығатын журналдар.

Ағылшын самолеті біздің «ТУ-104» самолетімен салыстырғанда анағұрлым баяу ұшады. Сонысына қарай зіркілдегі жок, дірілдегі жок, шуы аз. Кейде ауа тазарттын кондишеннің қоңыржай ғана гүлі естіледі.

Мен Дели — Қалькутта — Гонконг арқылы Жапонияға кетіп бара жатырмын. Жол шеті алыс. Ауысып мінетін самолеттер дәлме-дәл кездесіп отыrsa, Токиога дейін он сағат ұшамын. Оның орайы келмесе, екі күн ұшуды да мүмкін. Бұдан бұрынғы бір сапарымда Москвадан Токиога дейін 53 сағат ұшқаным да бар...

Галстукті, пенжакті сыбырып тастанап, үйдегідей орналаса бастадым. Жасыл қара-көк коробкалы «Жамбылды», ақ қайыңды аланда билеп жүрген үш сұлудың суреті бар «Березка» оттығын стол үстінде тастанай салып, аузымда сағыз, журналдардың бірін қолыма алдым. Қаратанымайтын адамша суреттерін қарап отырмын. Реклама, реклама... Сабын, пудра, опа-далап, кока-кола....

Бір кезде көзім Мерилин Монроның суретінен айналактап қалды. Ол жақын арада ғана у ішіп өлгеш. Монро менің ойымша ұзақ жарқырап түруға тиісті жұлдызы еді. Қазір мені бірнеше сұраулар қамалап алғанын сезіндім. Ол сұлулығы мен көркем өнер жұлдызы атанады ма, әлде өзінің өнерімен сұлу атанады ма? Әлде осының екеуі де бойына бірдей біткен қасиеті ме екен? Газетшілер оның сұлулығының соңына түсті ме, артистігінің соңына түсті

ме? Озбыр қоғам неге өшікті оған? Енді қазір өз қолынан өлтіргеніне сол қоғам өкініп, мойында отыр ма, жоқ па? Әзір бұл сұраулардың біріне де жауап жоқ. Бір жарық жүлдyz жарқырап туды, тез сөнді, ұмытылды. Өзі туды, өзі сөнді... Айыпкер жоқ, өкіну жоқ. Қундеу айып емес. Сонына тусу айып емес. Бұл қоғамда ұмыту айып емес. Қош бол!

Бірінші қатарда екі-ақ жолаушы отырғамыз. Екеуміз екі шетте, арамызда адам жүретін жол бар. Қазір мен сол адамның маган тесіле қарап отырғанын сезіндім. Жапон ба, корейс пе дейтін болар. Мейлі қарай берсін. Мен әлі Монроның өлімін ойлат отырмын. Бұқіл бір елге байғустын сұлулығы сыймады ма, асқан шебер артисттігі сыймады ма? Әлде буржуазиялық көркем өнерде бұл екеуінен де жогары бағаланатын қасиет табылған ба?

Көршім орысша тіл қатты. Сол жақ құлагы ту сыртынан күп сәулесі түсіп, қызылт шақылтырланып тұр екен. Қөзіміз бей-жай кездесті. Орта жасты, бойшандау, ашаңдау адам. Аса ұқыпты қырынбаган, жириен мұрты тікірейіціреп тұр. Көк көзді, қараышында сарғыш рең бар.

Жолаушы мен жолаушы халықаралық дәстүр іздемей-ақ тұра таныстық. Жерден жеті километр биіктікте сөйлесіп отыратын адам кездестіру жолауини үшін үлкен қуаныш. Көршім менен ғөрі тіс қаққаңдау болу керек, сөзді ол бастады:

— Кешіріңіз, құдай үшін, сіз Россиядансыз ба?— деді. Орысша сөйлегенінде мен біле бермейтін бір жұмсақ акцент бар.

— Ие, Советтер Одағынамын,— дедім.

— Мүмкін, мен сізге мазаң көрініп қалармын... Бірақ, «Джембуль» деген папиросыңыз бер «Беръеска» деген оттығыңыз көңілімді аудара беріп отыр... Джембуль не мене екенин білмеймін, ал, «Беръеска»!.. О, мен ол ансамбльді Парижде көргенмін. Атакты ансамбль гой! Солай емес пе?.. Мен Парижда туып-өскең адаммын, тұрагым да соңда. Бірақ мен орыспын!...

Парижда туып-өскең адамның оттық тысынан көрген ақ қайың мен билеген қыздар арқылы алда қашаш қол үзген Отанын еске алуы маган қатты ұнады. Мүмкін, жайнап кеткен көздері гана емес, іші де елжіреп кеткен шығар. «Мен орыспын!» дегенді шегелеп айтты гой! Дүниеде тұл мен тұлдыры аз ба, соның бәрінің ішіндегі ең бақытсызы да, тұлды да отансыз ұл емес пе!?

Мен оған папирос ұсындым. Қызыл бас шырпыны тұтатып, от ұсындым. Ол маған — лүксағ етіңіз, мен...— деп, жаңып тұрган шырпыны европалық әдеппен менің қолымнан алып, әуелі менің папиросымды тұтатып, соңынан өз папиросын тұтатты.

— Бізде, жаппай зажигалка болып кетті...— деп аз кідірді де,— өте жақсы папиро екен... Кешірініз, Джембуль деген немене?— деп сұрады.

— Джембуль емес, Жамбыл деген қазақтың бір атақты ақынының аты.

Жаңа танысқан орыс көршім ООН-ның Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының жәрдем ететін экономикалық комиссиясының қызметкері болып шықты. Индо-қытай аудандарын арапап қайтпак, ең қызығы:

— Мен Мартыновтың шөбересімін,— деді.— Бірақ фамилиям басқа....

Менің жүзіме таңдану белгісі шыға келген болу керек, ол соны түсіне қалып:— Ие, ие! Тап сол ойыңызға түсе қалған Николай Мартынов!— деді.

Менің ойыма түсе қалған Мартынов болса, ол міне, жүз жырма жыл бойында ойлы адам баласының түгел қарғысын алып келе жатқан адам. Және ол менің ойымағана емес, көз алдым да келді. Жалғыз да келген жоқ: Мартынов, Данте, Лермонтов, Пушкин... Данте, Мартынов... Пушкин, Лермонтов, Бенкендорф, Николай — 1... Наталья, княжия Мэри, Грушницкий-Мартынов... Аспанг-га атылған оқ тақап келіп кеудеден атылған оқ... Уақыт соты, сотталған уақыт, заман заны, зансыз заман... Көз алдым шұбартып кеткендей болды.

Көршім менің абыржып қалғанымды пайдаланып бастырмалатып кетті:— Ие, ие, сол! Николай Мартынов, Лермонтовты атпаган, өлтірмеген Мартынов!— деді.

Бұған дейін сырпайы сөйлесіп отырған көршім енді әр сөйлемнің аяғына таяқтай қылышп бір леп белгісін қоя бастады.

— Сеніңіз маған! Отставной майор Николай Соломонович Мартынов ақын Лермонтовты атқан да емес, өлтірген де емес! Олар намыс үшін атыскан. Сіз өзіңіз жазуши болған соң ұлы ақынды өлтірген жауызға лағнет айтып, жеркенетін боларсыз. Оны мен де қарғаймын. Мартынов тұқымы түгел қарғайды! Николай Мартыновтың қолы да, ары да таза екенін осыдан-ақ көруге болады емес пе?!

Әңгіме асқынуға айналды. Ақ сұнек офицер Марты-

новтың шөбересі қараңғы қазақ Мұсреповтің шөбересін жекпе-жекке шақырып отыр! Қайда десенші — аспанда!.. Бұл — бас тартуға болмайтын жекпе-жек.

Мен ішімнен «Иә, алла! Иә Ираклий Андронников!» дедім де сыйысқа әзірлендім. Атысар жерде Лермонтовтың орнына Мұсреповтің шөбересі, оның қарсы алдында Мартыновтың шөбересі тұрғандай сезіндім.

Манадан бері оның не айтып тастағанын аңдасаңыз, бірінші кезекті ол әкеткенін көресіз. Лермонтов сияқты ұлы ақынды өлтірген жауыздың бетіне басылған қара таңба тұқым қуалап кететіні даусыз... Сондықтан Мартынов әuletінің жүз жиырма жылдан астам тұқым қуалай ойланып, қорғандап тастаган бекіші берік болу керек. Ол бет алыстан қайтпауга тиісті. Оның қайтпас беті айқындалып та қалды:

— Лермонтовты Мартынов өлтірген жоқ!

Мен болсам, тар қыспақта осындай әңгімеге кездесіп қалармын деп ойламаған адаммын. Сондықтан, есте барды тез жинап, ұштаңқырап алдым. Әліппеден кейін мениң қолыма түскен бірінші орысша кітап Лермонтовтың бір томдығы болатын. Оны маған ауылдық орысша мектептің бірінші класында оқып жүргенімде халық ағарту инспекторы сыйлаған. Жарым-жарты, шалағай-шарпы түсініп жүріп, сол кезде жаттап алған бірталай өлеңдер әлі есімде. Эрі ақын, әрі шебер педагог Бекет Өттілеуов арқылы Лермонтов поэзиясын мен ертерек сүйіп едім.

Оның үстіне, 1941 жылы, ақынның қайтыс болғанына жүз жыл толар қарсанында қазақша басылғалы жатқан өлеңдеріне мен алғы сөз жазғамын. Эрине, ақынның өліміне не себепкер, кім айыпкер екенін өрем жеткен жерге дейін қазбалаған болуым керек. Лермонтов өмірін зерттеушілердің ішінде мен Андронниковты ерекше жоғары қоямын. Сондықтан мен оны алламен қатар еске алдым...

Сонымен айқас басталып кетті. Бірінші салонда бізге секундант болатын князь Васильчиков та жоқ, офицер Глебов та жоқ: айналасы төрт-бес адам европалықтар, орысша билетіндері байқалмайды.

— Жүз жиырма жыл бойы зерттеліп келе жатқан материалға қарағанда сіздің ұлы атаңыз Николай Мартыновты ақтап аларлық дәлел кездестірген емеспін,— дедім мен.

Екі пікірдің қарама-қарсы келгені сияқты өзіміз де бірімізге біріміз қадала қарасып қалдық.

— Дегенмен бұл сіздің актық пікіріңіз болмасқа кепек... — деп ол күлгөн болды.

— Біздің дауымыздың бір ерекшілігі — екі жағымыз да актық ойымызды алға сала сөйлестік қой,— деп мен күлгөн болым.

— Париж сигаретін рахым етіңіз.

— Рахмет, тағы да «Жамбылды» рахым етіңіз...

— Лермонтов қазак мектептерінде оқылады екен-ау, сірә....

— Оқылады. Аударылады.

— Солай деңіз!..

— Пушкин мен Лермонтов қазақ тіліндес аударыла бастаганына сексен жылдан асып барады..

Осылай іліп-тартпа ұсак қақтығыс арқылы шамашарқымызды байқасып алдық. Шабуыл қарқыны, тойтарыс серпіні, дәлел-айғақ, қызулық, сабырлық дегендерді салмақтасып отырымый.

Шет елдерге сіңісп кеткен орыс адамдарына біздің елде болып жатқан ұлы өзгерістерден түк хабары жоқтары кездеседі. Капиталистік елдердің газет-журналдарынан нені оқыса, соған сеніп, көр тышқан тіршілігінің құлы болып қала берген. «Қазақ жаманы орыс бола алмайды» деген сияқты, бұлар европеец бола алмаған. Өнер қуып, білім іздең кеткендері өз алдына, ал мынау сияқтылар өресі онша биік бола бермейді.

Көршім ойлаған жерден шықты. Шап беріп ата-бабаларының аруағына жармасы:

— Сіз енді біле бермессіз... Кезінде орыстың жоғары дәрежедегі офицерлері Мартыновты құлан-таза актап алған болатын. Майор Николай Соломонович Мартынов аз уақыт түрмеге ілігіп қалғанда, оның күнәсіздігін дәлелдеп, еріксіз босаттырған. Бұған айтар қарсылығыңыз болмасқа керек. Сол кезде біздің ұлы әжемізге жазған хаттар әлі сақтаулы. Бәрі де Николай Мартыновтың Лермонтовты өлтірмегенін дәлелдейді. Элде қашан тоныраққа айналған әжемізбен айтыспассыз. Ол кісі баласының колы тазалығына шұбә келтірмеген. Элі де талаасызы ба?..

— Меніңше, бұл дәлеліңізді екіге бөліп тексерген дұрыс болар... Князь Васильчиков бастаған бір топ офицерлер Мартыновты ақтағанына дауым жоқ. Бірақ бұл топ Лермонтовтың өліміне өзі ортақ емес пе? Сол кездегі Россияның озық ойлы адамдарының бірде бірі Мартыновты актады ма? Ақтаған жоқ, бәрі каралады. Екінші,

ұлы әженізді қуәға тартсаңыз, ол кісі Лермонтовты жек көргені мәлім. Қыздары Лермонтовты қандай жақсы көрсе, әженіз сондай жек көрген. Мен бұл жайдың ішкі астарын тексерген адам емеспін, бірақ Васильчиков тобы да, сіздің ұлы әженіз де әділ қуәлік сте алмайтыны айқын. Ұлы әженіз емес, ұлы әженіздің қыздарының қуәлігін келтіре алсаңыз, менің токталып қалуым оңайырақ болар еді.

Ұлы әжесі мен оның қыздары әңгімемізге кепірек тарталип кете ме деп хауіттенгендей, көршім сөздің бетін басқа жаққа бұра бастады. Бірақ мен Мартыновтың қарындасты княжия Мәри мен Грушницкий бейнесіне берілген Мартыновтың өзінің арасындағы ұятты жанжалға соғайын деген ойым жоқ-ты.

— Одан соң,— деді Мартыновтың шөбересі,— сіз білмессең мен айтайын, Лермонтовты ағаш арасына тығылышып түрган бір казак-орыс атқан гой! Оны білмейтін бе сдіңіз?

— Жоқ, білемін ол ертегіні... Жақында гана сот және медицинаның беделді адамдарынан құрылған экспертиза ол ертегіні түгел өтірікке шығарды. Сіз оны естімен пе едіңіз?

Даугерімнің бір ерекшелігі — берілген жауапқа да, сұрапқа да дұрыс-бұрыс деп тұрақтамайды. Мақұлдамайды да, дауласпайды да. Тез сырғып, екінші бірдемеге көшеді. Мен оны Раевский мен Андронниковка қарай жетелегім келеді, ол аяғын бір басар емес. Лермонтов пен Мартыновтың туыстары Булгаков пен Елагинге қарай тартып көріп едім, ол екеуінің аттары аталғанда көршімнің тілі байланып қалды. Екі қолың бірдей ербенде-тіп — атамаңыз оларды! — деді.

— Жақсы, атамайық.

Көршім содан кейін аз күлімдеп:

— Мүмкін, сіздерше Лермонтов пен Мартыновтың арасында тіпті жекпе-жек болмаған шығар? Мартынов ақынды андып жүріп бір тасадан атып тастаған болар? — деді.

— Жоқ, жекпе-жек болған.

— Екі аралықта алты адым жер өлшенген бе?

— Өлшенген.

— Екеуінің қолыша да бір калибрлі алты атар берілген бе?

— Берілген.

— Екі жағынан да секунданттары болған ба?

- Болған.
- Лермонтовтың осы жекпе-жекте өлгеніне дауласпайсыз гой?
- Дауласпаймын. Бірақ...
- Бірақ дедіңіз, дауласатын болдыныз! — деп көршім тағы да құлімсіреді.
- Эңгіме дауда емес, шыңдықты ашуда гой. Лермонтов оғын аспанға атқаны мәлім.
- Аспанға атты ма, тигізе алмады ма? Оны кім білсін...
- Жақсы. Солай-ақ болсын. Бірақ сіздің атаңыз тақап келіп кеудеден атқан гой! Тақап келіп атпаса, оқ кеудені тесіп өтіп ту сыртынаи қалай шығады! Ұлы акынды Мартыновтың өлтіргеніне бұдан артық дәлел болмасқа керек.
- Мұны ешкім дәлелдей алмайды. Секунданттар — Васильчиков пен Глебов — олай демеген. Олардан басқа көрғен ешкім жоқ!
- Доктор Барклай де Толлидың қуәлігін қайтесіз? Медициналық қуәлік шүбалануға орын қалдырмаса керек қой!
- Қавказ корпусының штабы тексеріп келіп, поручик Лермонтов жекпе-жекте қаза тапты,— деп хабарлаған. Бұған сіз де шүбаланбауызыз керек болар!
- Біріншіден, корпус штабы бұл хабарды едәуір көшігіп жариялаганы мәлім. Екінші, ол хабар медициналық қуәлік емес қой!
- Осымен біздің жекпе-жек дағдарысқа ұшырауға айналды. Жеңіс те, жесіліс те жоқ. Мүмкін екінің бірі болар еді, мойындау жоқ. Көршім бір кездे айтыс-тартысқа қолдануға тыым салынған әдісті қолданып қалды:
- Сіз орыс емессіз,— деді.
- Ие, орыс емес, қазақпын.
- Сондықтан ол замандағы жекпе-жектің егжей-тегжейін біле бермеуіңіз мүмкін. Мартынов пен Лермонтов бірге оқыған, бір заманың адамдары. Ар-намыс дегендеге өз көзқарастары бар адамдар... Сіз бен біз олардың бірде бірін ақтап, қаралауға бармауымыз керек.
- Ие, мен орыс емес, қазақпын. Бірақ Лермонтов айналасындағы әңгімелерге таныстығым бар адаммын. Екінші, ақтап-қаралау сіз бен біздің жеке еншіміз болмағанымен, ғылымның, қогамның еншісі. Ал, Лермонтов жайындағы ғылым тексерістері бұл мәселе жөнінде қалтарыс қалдырған жоқ. XIX гасырдағы орыс халқының

екі ұлы ақындарының бірін Дантес, біреуін Мартынов өлтіргені даусыз деп білемін.

Тап осы арада біздің әңгімемізді айнадай жалтылдаған «күміс арбамен» келе жатқан түскі тамақ бұзып кетті. Лермонтов жырлаған пері қызындаи, құмырсқа бел, ботакөз индия қызы «күміс арбаны» дыбыссыз қозғап келеді. Алтын сандалет жалаң аяқтың үсті дөңкес, белтірлігі үзіліп тұрғанын қайтерсін...

— О, тамақтан кейін әңгімемізді жалғастырмыз,— деп көршім өз орнына кетті.

Сендвич, банан, кестелеп турағандай лимон, апельсин, бұғып жатқан бөденедей ғана тауық еті... Тағы бірдеме, тағы бірдеме...

Жаңағы әңгімеден кейін осынша тәтті тамақтардың бірде бірі маған дәмді көрінбеді. Ауызға салдым, жұттым, ұмыттым.... Мартыновтың шөбересі де көзі терезеде, енжар шайнап отыр.

Тамақтан кейін әңгімеміз қайта басталды. Бұл жолы біразға дейін мұнайысты сыры бар әңгімелермен отырдық.

— Мартынов әuletінің ақын Лермонтовты қандай жақсы көретінін айтсам тыңдар ма едініз?— деді көршім.

— Неге тыңдамайын. Айтыңыз.

— Айтсам, біздін Париждағы пәтерімізде, орыс әдептінше ең құрметті жерде, шыны қалпақтың астында Лермонтовтың бір томдығы сақтаулы жатыр. Оны Лермонтов қолын қойып, сол Николай Соломонович Мартыновқа өзі сыйлаған. Ол том — біздін әuletіміз ушін ең қасиетті, шаң жүқтүрмай ұстайтын реликвия!.. Бұған не айтасыз?

— Алдымен, қалтқысыз сенетінімді айтамын.

— Егер Николай Мартынов Лермонтовпен қастасып өткен болса, оның кітабы соңша қасиетtelіп сақталар ма еді?

— Бұл айтқандарыңызға шексіз сене отырып, мен өз жорамалымды айтсам, өкпелемес пе екенсіз?

— Өкпелер сөздерінізді әлі түгел айтып болмасаңыз, айта беріңіз...

— Лермонтовтың еңбегін қасиеттеп ұстайтындарынызға әрі сенемін, әрі ізгі дәстүр деп бағалаймын. Сонымен бірге бұл ізгілік біздің таласымызға еш нәрсе қоса алмайды. Неге дейсіз фой? Адам мінезіне азғана ой жүгіртсөніз, Лермонтовтың өлімінен кейін Мартынов оның кітабын қасиеттей алуы мүмкін бе? Жоқ! Лермонтовтың кітабын қасиетті реликвияға айналдыру оның карындас-

тарының ісі дер едім. Және ақын өлімінің ыстық-сұғы басылғаннан кейін.

Жүрт алдында Мартыновтың атақты ақынмен қастас болмағанын, қала берді оны өлтірмегенің дәлелдеу үшін де мұндай «ізгіліктің» орны бар фой. Бірақ мен оны айта алмадым.

Қарындастар ауызға алынса-ақ көршім бұл жағына жоламайды, сондықтан әңгімеміз тағы да тоқырай бастап еді, көршім тағы бір таңданарлық жаңалық айтты:

— Былтыр мен Женевада Дантеңстің шөбересіне кездестім,— деді.

— Дантеңсті?

— Ие, Дантеңсті! Бұ да ұлы атасына тартқан қылаңсылаң өмірінің үштен екісі айна алдында өтегін деңди екен... Ол үшін орыстың ұлы ақынын өлтіргендік үрімбұтағына кететін мақтаныш сияқты. Әлгі бір камер-юнкер Пушкинді өлтірген Дантеңстің шөбересімін деп танысты. Жалғыз мақтаныш етерлігі — оны кейін орыстар ұлы ақыннымыз еді деп тауыпты дегенді қости...

Мана менің көз алдымға бір келіп кеткен бейнелер қайта келіп қатарлана қалды. Пушкин — Данте, Лермонтов — Мартынов, Бекендорф, Николай — I... Екі ұлы ақынды өлтірген екі қан ішердің екі шөбересі қалай кездесіп қалған! Дантеңстің шөбересі Мартыновтың шөбересін әдейі іздеп жүріп кездестірсе, оның да орайы бар фой. Мен бұл әңгімеге қалтқысыз иландым.

— Женевада... Улкен ресторонда... Мен отырған столға келіп танысты... Қаным қайнап кетті... Түрдым да жүре бердім,— деді көршім.

Бұ да жай қыстырылмаған әңгімес сияқты. Лермонтовтың өлімінен «қолы таза» Мартыновтың шөбересі Пушкинді өлтірген залымның шөбересімен танысқысы келмей тұрып жүре бергені!..

— Дантеспен сіздің ұлы атаңыз Мартынов бір полкта бірге болған фой?— дедім.— Қай полкта екені есімде жоқ екен, оны айта алмадым.

Бұл сұраудың аржағында тағы бір ілгешегі бар ма деп қалған көршім:— ол жағын білген емеспін,— деп сөзді доғарды.

Осымен әңгімеміз де аяқталды. Женғен, жеңілген ешкім жоқ, әркім өз ойында қарысып қалды. Жалғыз таң қаларлық нәрсе — Мартынов әулеті төрт атаға келгенше жалған бағыттан бетін аудармаған. Қайта, заман өткен сайын өндеп, толыктыра берген. Бұл не, әулет намысы ма,

ақсүйектер дәстүрі ме? Қалайда бұл кінәратсыз аныбырыңың емес, әрине. Өшпес, ұмытылмас кек тап сандығының түбінде жата береді. Қара қылымы таңбасы Мартынов үрім-бұтагынан осы күнге дейін өшпей қала беріпті.

Гонконгтың аэропортында Мартыновтың шөбересі түсуге жиналды. Мұндай көршіммен айрылысқаныма мен де өкінген жоқпын.

— Бір коробка «Беръеска» оттығын сыйлар ма екенсіз? Шын-ақ орыс табиғатында билеп жүрген орыс қыздары Отан сағынышын ояты білем...— деді ол қоштасып жатып.

Мен оған екі коробка оттық бердім. Ол маган Парижда француз тіліне аударылып шыққан «Қазақ солдатын» жіберуге уәде стті. Қітапты жаяу почта арқылы жіберген бе қалай, мен әлі күнге алғаным жоқ.

Әңгіме осымен аяқталса да болар еді, амал қайсы, жалғасы бар болып шықты. Ол жалғас осы әңгімені қағазға түсірerde туды.

Жапонияда мен іркіс-тіркіс, қыыр-шиыр оқиғаларға араласып кеттім. Қонақжай жапон жазушыларымен, ғалымдарымен кеңірек таныстым. Елін арападым. Сейтіп жүргенде әлгі Мартынов шөбересінің аты-жөні біржола есімнен шығып кетіпті. Онымен кездескенде бар әңгіменің Мартынов жайында болғандықтан, оның өз фамилиясы ауызға да алынбаған. Танысқандаған бір рет атағаны есімде.

Әңгімені жазудан үміт үзген кезімде есімс Ираклий Андронников түсті. Менің жерден жеті километр биік аспанда кіммен сөйлескенімді, кіммен дауласқанымды, әрине, Ираклий білуге тиісті! Мартынов тұқымында ол білмейтін бір жан болмасқа керек!

Отыра қалып хат жаздым... Солай да солай болды, қадірлі Ираклий Луарсабович... Аспанда ұшып жүріп кіммен кездескенімді ұмытып қалдым. Сіз білмесеңіз, алланың өзінен де үміт күте алмаймын... Мартыновтың шөбересі болғанымен фамилиясы шеше жагының екен. Тишко ме екен, Шитко ме екен... Эйтеуір бір ысылдағаш әріптен басталып дәңгелек О-мен аяқталса керек еді. Элде дәңгелек О-дан басталып ысылдақ бір әріптердің бірімен аяқтала ма екен?.. Тегі Мартынов Қиевте үйленіп, мол бір байлыққа мұрагер болыпты дегенді білуші едім. Осыдан басқа бір түйір қосарым жоқ... Сол шөберенің аты-жөнін тауып беріңіз...

Ираклий Луарсабович — аса ұқыпты ғалым. Көніл

жықпайтын жолдас. Ол маған тармақ-тармақ, сала-сала-сымен Мартынов әuletін түгел тізіп беріпті. Шыңғыс-ханың, не болмаса Темерланның әuletінің шежіресі ме дерсің! Қайсысы қашан туған, қайда өлген, өдан қалған кім бар, қыздары кімге күйеуге шыққан, түп-түгел...

Сонымен, кездескен адамыңыз кім болып шықты дейсіз ғой? Мен оны қазір де айта алмаймын. Эйтеуір Тишко да болған жоқ, Шитко да болған жоқ, басқа....

— Енді кім? — дейсіз ғой.

— Білмеймін.

Андрониковтан келген жауапты мен әрбір ұқыпты адамның әдетінше, сенімді бір жерге тығып едім.... Чернышевский томдарына тықтым ба, Герценнің томдарына тықтым ба, есімде жоқ, әйтегір бір сенімді адамға аманат еткенім есімде... Айналамызыда кітап оқымайтын бір жан жоқ. Олардың өзі ондап саналады. Солардан жасырып едім. Қазір біржола табылмай қойды.

Бала-шаганы тасқаяқтай қағыстырып, талай қыстым. Ешкім көрмеген. Аманат еткен сенімді адамдарым да үн шығармайды. Кіммен көріссем де, айыпты өзім болып шығамын. Ираклий Андронниковқа тағы бір хат жазуды ыңғайсыз көремін. Бір жолыққанда андатпай ғана, елеусіз ғана сұрай қойсам, менің ұмытып қалғанымды біліп, жымияр да, айтып берер деп сенем...

— Табылды, табылды!..

Осы әңгімені орысшаға аударып жүрген жазушы Алексей Беляниловтан бүгін гана телеграмма алдым. Ол Андрониковмен кездесінті. Мартынов шөбересінің фамилиясы Қвитко екен...

— Қвитко!..

1968.

—•—

### БҮКІЛ АФРИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ФЕСТИВАЛІ

1963 жылы «Африка халықтарының бірлігі» деп атап-латын үйымга кірген африкалық мемлекеттердің басшылары барлық Африка мәдениетінің бірінші фестивалын өткізуге қаулы алған болатын. Мәселе әр кезде мемлекет басшыларының, ең берісі министрлердің мәжілістері арқылы өзірленеп келе жатқанына қарағанда фестивальға үлкен саяси мән берілстіні аңғарылатын еді. Африка халықтарының өз рухын, өзіндік мәдениетін әлемге таны-

ту, мәдениет туысқандығы арқылы көп үлттық елдер бірлігін шегендей беру — ұлы мақсат ретінде қолға алынып отырғаны аңғарылатын.

Көп үлтты, көп тілді, көп дінді, қоғамдық өрлеу жолында әр сатыда түрған, азаттық күресі әлі анықталмаған Африка халықтары үшін бірлестікке арналған көркем өнер фестивалінің терең маңызы барлығы өзінен өзі түсінікті болуға тиісті.

Сол мақсатағы фестиваль Алжир астанасында 21 июль күні басталып, август айының бірі күні аяқталды. Біз бір топ совет жазушылары, журналистер, Африка зерттеушілері, көркем өнер қайраткерлері фестивальға бастан-аяқ қонақ ретінде қатынасып қайттық.

Алжир — екі иығын Орта теңізге тіреп, етек жағы аз-гана соққаптанып барып ұлы Сахараға белдеуlep кіріп тоқталады. Ақын Е. Долматовский «Африка жүрекке ұқсайды» десе, Алжир жүрек ішіндегі жүрек сияқты. Теңіз жағасына қуалай салынған Алжир қаласынан 130—150 километр онтүстікке қарай шықсаң Сахараның шетіне ілігесін. Өткен түні ғана әлде қайда ойысып кеткен теніздің түбінде қалғандай қара сұр тасты жапан тұз... Қарауытып лапылдаған өркеш-өркеш сағым... Кейде төңкеріле тулаған теңіз толқындарының елесін береді.

Асфальтті жол қанша сенімді болса да біз қарауытып жатқан тасты жапанды кесіп өтуге тәуекел ете алмадық. Одан әрі құм-жапан, опырылған, құлаған сарғылт таулар тағы да құлазыған құм белестер деседі. Әзірге түгел зерттеліп болмаган мұнай байлығы сол ұлы Сахарада....

Біз — ұш жазушы фестиваль ашылардан ұш күн бүрін барып едік. Өзімізге бекітіп берген машинамен Алжирдің батыс-солтүстік жағын еркімізше араладық. Қайда барсаң да, қалай жүрсөн де сенің кім екенінді сұраушы да, жолынды бөгөуші де болған жоқ. Жабық қакпа, бармас, бастырмас жерге кездеспедік.

Теңіз барқынындағы Алжир жері аса көркем, бай жаратылысты. Таулы, қырқалы, ойпатты, орманды, жемісті, көлеңкелі, гүлді, бау-бақшалы, өнімді өлке. Бұрын бұл бай өлке француз отаршыларының меншігі болған екен, қазір бұл жерлерге жартылай мемлекеттік, жартылай кооперативтік дерлік шаруалар орнаған. Кейде бұл шаруаларды кооператив, кейде өзін-өзі басқаратын шаруалар деп атайды. Ауыл шаруашылық техникалары, әрине, аз. Бірлі-жарымды трактор, ондаған ат, қашырлар... Біз ара-

лаған шаруаларда мың жарым гектарда 60 — 70 ер адам енбек істейді. Эйелдер шаруаға араласпайды, олар үй түйсігінде.

Сахаралық көгалдарда ұнемі қостар, шатырлар кездессе, бұл өнірдегі ауыл шаруашылығы тұрғындарының үйлері қалалық архитектурамен салынған. Қебі әрине, француз отаршыларынан қалған.

Француз отаршыларын айдал тастағаннан кейін олардың ауыр, женіл өнеркәсібі түгел мемлекеттік қорға алынған. Қазір ол өндірістерді Алжир өзі жүргізіп жатыр. Жеңіл бұйым өндірісі әзірше озық елдердің өнімімен бәсекелес алмаса да Алжир тәуелсіздік жолына біржола бет алған. Алжирде женіл өнеркәсіп бұйымдары өте қымбат, кейбір елдердің кейбір бұйым бағасымен салыстырғанда он есеге жақын. Солай бола тұрса да сырт елдердің сауда өктемдігіне қарсы қойылған сенімді аран — сексен процентке дейін пошлини тағайындалған.

Алжир Орта теңізді жағалай салынған қала, ұзындығы отыз километрдей. Қаланың кейбір аудандары Парижды еске түсіреді. Біріне бірі ұқсамайтын зәулім ақ үйлер әрі көркем, әрі француз архитектурасы екендігін өздері айтып тұр. Шаңқай тұс кезінде аппақ үйлер күнге шағылышып, көзінді қарып қаратпайды. Оған іргеде ғана арсылдан-ырылдан жатқан теңіз барын қоссаныз, мүмкін, Алжир бейнесі сонда ғана көз алдыңызға келер. Қәшелер толы адам, қәшелер толы машина, қәшелер толы кафе, магазин. Алжирдің батыс жақ шеті отыз километрге созылған демалыс орындары. Әдемі-әдемі котедж, вилла, туристерге арналған салынған аппақ жаңа виллар, пляждар... Ақ жолақ, ала жолақ киінген батыс қызбозбаласы; доллар, франк, фунт, динар...

Алжир әйелі әлі күнге айқара жасырмайды екен: жалаң аяқ, жеңіл сандалет... Мекемелерде, магазиндерде, аптекаларда қазіргі замандағыдай шолақ киінген қыз-келіншектер аз емес. Бірақ күн батқаннан кейін қолтықтасып түгел, қатар келе жатқан қыз берін жігіт көзге түспей-ақ қойды. Қыздар түмшаланып алып, әке-шешелерімен ғана көшеге шығады деседі. Жас жігіттер көшеде, бақшаларда, кафелерде топ-тобымен оңаша жүреді. Осының салдарынан болу керек — Алжир жастары ертерек үйленеді екен.

Мысалы, бізбен жүрген шофер Идрис он тоғыз жасында үйленген екен. Қазір отыз тоғызыда — он баласы бар. Ол өзін кешірек үйленгендеге қосады. Жалпы алғанда бала дегепінці Алжир үйлерінің әр ауласынан қоралы қозыдай өреді.

Қалыңдықты әлі күнге әке-шешелер айттырады екен. Күйеу мен қалыңдық бірін-бірі бұрыннан білу, іә болмаса айттырар алдында танысу деген салт атымен жоқ. Ау-маған баяғы қазекенің қалың малы. Сонымен бірге көп әйел алу да тоқталған. Сахара көшпенділерінің арасындағы аздаған әменгерлік болмаса, Алжир елі ол әдеттен арылған.

Сонымен, кешкі Алжирда жігіттер көп, қыздар жоқ. Кешкі Алжирда әр түрлі ойын-сауықтар еркектер арасында гана. Кафе, ресторандарда арақ түкымы жоқ емес, бірақ Алжир халқы арақ ішпейді, мұздай суық апельсин, мандарин соқтарын і shedі. Тіпті кока-кола да сәндіктен қалып барады. Бейпіл сөз, айғайлау, ысқыру, ұрыс-жанжал кешкі Алжирда жоқ.

21 июль күні, таңертеңгі он... 6 — 7 конференция, съездерді қатар өткізе беруге болатын залдары көп «Ұлт Сарайы»... Қасында хабардар министрі Мұхаммед Бен-Яхия, «Африка біrlігі үйымының» бас секретары Телли Диало (Гвинея), тагы басқалар бар, Алжир Демократиялық Республикасының президенті Хуар Бумедъен сахнаға шықты. Жұрт оған тұра келіп қошемет көрсетті. Сөз арасында айта кетейік, президент Бумедъен сол сағаттан бастап, қашан жабылғанша, күні-түні фестивальдің басы-қасында болды.

Фестиваль президент сөзімен ашылды. Ол ұтымды сөйлейтін шешен адам екен. Қанша ғасырлар бойында Африка халықтары көрген құлдық-қорлық, отарлық, қаналу-қансырау жайларын айтқанда тыңдаушылардың жігері қайнап кететіні байқалады. Адам — түсі қара болғандықтан адам қатарынан шығарылып, бүйым қатарында алып-сатарға түсі, елдігінен, жерінен, адам өмірі де-геннен біржола үміт үзерлік дәрежеге жетуі тыңдаушыға да ауыр. Африка халықтары құл бола жүріп сол үміттен айрылмаған. Құлдық дәуірі — күрес дәуірі, ішке жігер жинау дәуірі болған. Африка рухы осы!

Байтақ Африка халықтары көне мәдениетінен айрылмаған. Қалың ормандарды күңірентетін, арыстан, қабылан, жолбарыс гүрілдерін баса-жаныша естілетін тамтам гүрсілін сақтап қалған. Қара адам қорлық-зорлыққа,

темір бұғауға, ғасырларға созылған тепкіге мойындаған, ер кеуделі такаппарлығын сақтап қалған. Ол такаппарлық әні мен күйінде, ойны мен биінде. Африка рухы осында!

Қазір Африка жаңа дәуірде. Түгел босану күресі аяқталған жоқ. Босанған елдеріміздің іргесін біржола бекітіп алар кезді жалаң өткізіп алмайық. Дүние жүзі Африка елдерін, Африка адамын тен дәрежеде танысын. Өзіндік тарихы, өзіндік мәдениеті барын танысын! Африка көп ұлтты, тарихи тағдыры бір, тыныс-тіршілігі бір ел. Дүние жүзі осыған мойындасын. Фестиваль осыған арналды.

Көп елдеріміздің төбесінде азаттық туы желбірегенімен ол әлі толық қанды азаттық емес. Сенің байлығынан, мәдениетіңен, идеологиялық бағытыңнан қол үзгісі келмей, әдіс-айласын өзгертіп отырған империализм енді сені іштен шалмақшы. Африка бұған бір елдей қарсы тұру керек. Фестиваль осы мақсатқа арналады.

Ана тілі мен ұлттық мәдениетінен айрылған халық елдігінен де айрылады. Біз ойымыз бір, жан-жүргіміз бірге соғатын Африка халықтары әр елдің ана тілі мен ұлттық мәдениетін сактау арқылы олардың елдігін де сақтап қаламыз. Фестиваль осы мақсатқа арналады...

Осылай, әр саладан басталып бір арнаға құятын ойларын айта келіп, президент Бумедьен фестивальды ашты. Бірнеше африкалық елдердің құттықтауларынан кейін президент фестивальға қатынашуыларға бірінші түстік берді...

Бірінші бүкіл африкалық мәдениет фестивалына 6 мың адам қатынасты 33 мемлекет және ұлт-азаттық қозғалысын жүргізіп жатқан 6 ел көптеген өнерпаздарын жіберіпті. Қатынашуылардың басым көшпілігі ұлттық би ансамбльдері, ұлттық театрлар, ұлттық оркестрлер, ара-тұра симфониялық оркестрлер, жеке әншілер.

Алжирдің өзі сахналарда, көшелерде халықтық өнер-шығармаларда 30 ансамбль, екі оркестр, бір хор колективін шығарды. Ганадан 91 адам, Гвинеядан 50 адам, Ливериядан 50 адам, Малидан 90 адам, Нигериядан 100 адам, Суданидан 85 адам, Мысырдан 150 адам жіберіліп-ті. Ливан мен Сирия фестивальға қатынаспай қалыпты.

Фестивальды өткізуге керекті қаржы 4.750.000 доллар шамасында тагайындалған екен. Соның 3 миллион долларын Алжир, қалғанын негізінен «Африка бірлігінің Ұйымы» шығарған.

Фестиваль ашылған күні сағат төртте Алжирдің орталық алаңында фестиваль көрінісі басталды (дефиle). Эр елдің енерпаздары лек-легімен үкімет трибунасының алдынан етіп жатыр. Эр елдің музыкалық аспаптары ыңыранып-күніреніп, гүжілдеп, гүрсілдеп кең алаңды керіп жібергендей болады. Әуе айналған ыстықтан жабық тұрган терезелер түгел ашылып, барлық балкондарға бала-шағалар құжынап кетті.

Алдымен ақ арғымақ мінген атты алжир өтті. Барлық асыл тұқымды жылқылардың түп атасы араб тұлпары Алжирде жақсы сақталған. Сегіз жылға созылған азаттық куресі Алжир жерінен отаршылдарды түгел айдаластаумен аяқталғаны мәлім. Сол ұлы куресте ақ аргымақтың төрт тұяғы төрт қанаттай қызмет еткен. Бүгін араб ақ арғымақты мейрамға мініп шыққан. Бірақ курес күндері әлі есімде, трибуна алдынан жүздеген салт араб гүрс-гүрс мылтық атып, салют беріп өтті. Салют Алжир халқының ұлт ойындарына да кіріп кеткен. Алаңдарда, стадионда көрсетілген ұлт ойындарының, билерінің арасында осындай салют ылғи беріліп отырды.

Африка халықтарының ансамбльдері трибуна алдынан алфавит тәртібімен өтіп жатыр: Алжир, Бурунди, Габон, Гамбия, Гана, Гвинея...

Қара мақпалдай, не болмаса қара сұрлау келген африканың арғымақ қыз-келіншектері аяқтарын шекіп басады. Аршынды денелерге қынамалап киген ұзын көйлектердің тоқсан түрлі бояулары құлпырып, тотылар бақшасын еске түсіреді. Ұзын бойлы, кең иықты, қара бүйра жігіттерді арыстанға теңегендейсін.

Африка көп тілді, көп ұлтты ел. Жапырақ бұталарынан сумен бірге сүлік тамшылап тұратын, түбіне күн сәулесі түспейтін мәңгілік қара орман тұрғындары көбінесе алса, әлсіз, тіршілік салмағы жаншып жіберген жандар. Ойын-сауық, ән-күйлерінде қайғы-мұң ажарсыздығы басым.

Гвинея, Сенегал, Нигерия, Оңтүстік Африка елдерінде көне мәдениетінің мол мұрасымен бірге қорланып келе жатқан жаңа мәдениет барлығы айқын көрінеді. Қап өлкесінің халқы өткен ғасырдың соңғы ширегінде банту тілінде едәуір есіп қалған көркем әдебиет жасасаған. Дзоломо, Мпахлеле, Джолобо, Вилакази деген ақындары, Абрахамс, Томас Мофоло деген романістері болған. Соломон Плаатье деген жазушы ағылшын тілінде және бантудың үш тармағының бірі тсвана тілінде жазған. Оның

үстінен Шекспирдің «Юрий Цезарь», «Отелло», «Венеция купестері» сияқты пьесаларын тұсана тіліне аударған. Банту тіліндегі XIX ғасырдың аяқ кезінен шыға бастаған «Имво Забантсунду» газеті биыл 80 жасқа толады. Африкада үлкен ойшылдар, ақындар, романистер қазірдің өзінде аз емес. Сенгор, Осадебэй, Осман, Ла Гума, Нето, Эквенси, Цезарь, Фэйттури сияқты ақын-жазушылары қазіргі заманың үлкен шеберлеріне қосылады.

Фестивальда он күнге созылған симпозиум болды. Онда Африканың өзіндік мәдениеті барлығы, Африка мәдениетінің үлттық қозғалыстағы маңызды орны, Африка бірлігіндегі, экономикалық және қоғамдық өркендеу жолындағы мән-маңызы сияқты мәселелер кең мағынасында талқыланды. Қонақтар бұл талқылауға қатынастырылған жоқ.

Африка кино өнерінің апталығы «Африканың азаттығы мен бірлігі үшін!» деген ұранмен өтті.

«Африка халықтарының үлттық және көне замандық көркем өнері», «Африка халықтарының осы күнгі көркем өнері», «Африка қолөнершілерінің жасаған бұйымдары» деген сияқты аттармен алты жерде көрме жасалыпты. Көрме экспонаттарының көшілігі Париж, Лондон және басқа батыс елдерінің музейлерінен келіпті. Африканы аралаган біздің совет суретшілері өз алдына бүгінгі Африканы көрсететін бір шағын көрме жіберген екен, онысы онша ұтымды болған жоқ.

Бұлардың бәрінің үстінен театр коллективтері мен хор, би ансамбльдерінің, жеке әншілердің конкурсы өтті.

Африканың үлттық театрлары мен кино өнері әзір балаңдау әрине. Әдебиетіндегі байлығы сахна мен экран тіліне көше алмаган. Бұл жағынан басқаларынан анағұрлым алда келе жатқан Мысыр. Үлттық ойың, үлттық би жағынан Алжир, Гвинея, Сенегал, Мысыр, Марокко сияқты. Осы елдердің хор араласқан үлттық билері сюжетті келеді екен де, ел өмірінен көп нәрсені көркем түрде көз алдыңдан откізеді. Қызықтыра алады, қыздыра алады. Қылыш, мылтық араласқан ат үстіндегі ойындарда Алжир ерекше көзге түседі. Бейбіт өмірдің әр түрлі көріністерін бергенде Батыс Африка ойын-билерінің қаны толық, бояуы көп, әуені көп. Бұл әрине, кәзіргі хал, есу жолында қайнап жатқан қазан. Сондықтан бәрінің де болашағы алдында.

Бір қызық нәрсе — Батыс Африканың үлттық ойындарында, билерінде бізде бар элементтер жүр. Әсіреле, ат

үстілік, күрес ойындарында. Оны ат үстілік ойындарда Алжирден, күрес ойындарында Сенегалдан көрдім. Жер қіл киінген балуандар әуелі тағы өгіздердей жер тыңдаап айбат шегісіп, алса жөнелгенде сахна шайқалған дай болады. Сахнадағы ойыншылар балуандардың қызылдарымен бірге жапырылысып, бірге дөңгеленіп, сахна шайқалғандай көріністі береді. Үйірісп қетті, лақтырысып жіберді, шалып қалды. Қарамайлаған қайыстай денелер барлық бұлшық еттерін сыртқа теуіп бір денеден қайнасып қалды. Шалуға келді — болды, гұрс етіп құлады бірі, барабан да бірге гұрс етті. Ритм, ритм, ритм!..

Әншілерден жүрттың назарын түгел аударған үш әнші әйел болды: Мириам Макеба (Оңтүстік Африка), Викки Блейн (Гамбия), Нина Симона (США). Мириам Макеба классикалық, ұлттық салмақты әндерді айтты. Нина Симона көптен келе жатқан эстрада әншісі болу керек, сахнада неше құлпырып, қойқаңдал билеп те жіберіп, жүрт назарын еріксіз аударады еken. Викки Блейн болса, ол бір сахна сайтаны сияқты. Жалаң аяқ, жалаң сан, қою қара бүйра шашы көзі мен аузынан басқаның бәрін жауып қеудесіне түседі. Қішкентай ғана әдемі аяқтарымен билей жүріп, небір қүйқылжыған әндерді айтқанда жастардың жүрегі торға түскен бәденедей тыптырлайтын сияқты. Қалайда бұл үшеуі фестивальдың ажары болды. Мысырдың бұлбұлы Ум-Гұлсім фестивальға келе алмаған қалды.

Біз жазушылар, өзіміздің Азия-Африка жазушыларының қозғалысына байланысты жұмыстарымызды да еске ре жүрдік. Оңтүстік және Солтүстік Вьетнам жазушыларымен, Оңтүстік Африка, Ангола, Үндістан жазушыларымен кездесулер өткіздік. Фестивальдың алдында ғана Алматыда болған ескі дос Мулк Радж Ананд фестивальға барған еken. Оған Алжирда Саджад Захир келіп қосылды. Бұл достармен құшақтасып көрісіп қалдық. Алматыда бірге болған күндерді, Д. А. Қонаев жолдастың қабылдауында болған сағаттарды жылышылған еске алыстық.

— Мен ғылым-техникаға молыққан, социализм орнатып жатқан ел екендеріңізді көптен бері білемін. Бұмен үшін үлкен арман. Жан басына бөлгенде ұлттық кірістің ұлан-асыр молдығын да білемін. Мені таңдандырған мемлекеттік, ғылымдық, мәдениеттік қауымның тез өскендігі. Фасырлар бойында қорланып қалған ескіліктен осынша тез құтылғандарыныз,— деп Ананд қойын.

дәптерін сұрып алды.— Мистр Қонаевтан жазып алғандарым бар еді...

Мулк Ражд Ананд үлкен жазушы, үлкен ойшыл адам. Жазып алғандары да Қазақстанның ылғи бір ірі мәселелері екен. Интернационалдық республика, халықтар достығы, ғылым, білім жайлары. Ананы, мынаны сұрастыра отырып үлкен ойларға түйін жасапты. Сөз аяғында — мистр Қонаевқа достық сәлем айтсам ерсі болмас па екен?— деп сұрады менен.

— Ешбір ерсілігі жоқ. Мен жеткізейін,— дедім.

Оның Қазақстан басшыларына сәлем айтарлық тағы бір себебі бар. Ананд 1956 жылы Делиде Азия жазушыларының конференциясын өткізу идеясын көтерген. Сол конференциядан Азия-Африка жазушыларының ұлы қозғалысы басталып кетті. Қазір барлық Африка мәдениетінің фестивалын көріп жүргенде енді Азия-Африка мәдениетінің фестивалын өткізу идеясы ойна келген.

— Оның өзін Қазақстанда, Алматыда өткізсөніздер!— дейді.

— Біз Үндістанның екі қарты әзірлік комитетінің барлық қара жұмысына қатынасар едік,— деп оған Саджад Захир да қосылып кетті.

— Несі қыын? Күні кеше ғана азаттық алған Алжир республикасы 6 мың адам жиналған бүкіл африкалық мәдениет фестивалын өткізіп отырған жоқ па?

— Менің — елге барып ойласайық, ақылдасайық,— дегеніме екеуі де құлақ асар емес:

— Есінізде ме, Алматының қасындағы бір колхоздың жылдық табысы үш миллион төрт жүз мың сом екен. Үш колхоздың бір жылдық табысын ғана шығарсаңыздар жетіп жатыр... он миллион сом!..

— Африка фестивалы 4 миллион 750 мың-ақ долларға түсіп отыр фой!..

Ақыры «ойласайық, ақылдасайыққа» әрен тоқтады...

Азия-Африка жазушыларының алдында Үндістанда өтпек екі үлкен мәжіліс бар: алдымыздағы ноябрь-декабрь айларының ішінде Делиде «Ленин идеялары бағытындағы поэзия» семинары өткізілмек. Одан екі-үш ай кейін — Азия-Африка жазушыларының кезекті конференциясы. Бұл екі мәжілістің де едәуір салмағы Совет Одағына түседі. Әңгімені Үндістан өкілдігінің қонағында аяқтасақ та ұсыныстардан әрі бара алмай аяқтадық.

Біздің ескі достардың бірі, Оңтүстік Африка жазу-

шысы Алеко Ла Гумамен «Аллетти» қонақ үйінің алдында көлеңкелеп отыр едік, мені арт жағымнан келіп бір ыстық дene құшақтай алды. Ыстық леп арқамды, желкемді күйдіріп барады.

— Элмәта, Элмәта! — дейді әйел дауысы. Ол жақындаған осында болған Оңтүстік Африка қызы Занеля Ламини екен. Бірінің атын дұрыс, бірінің атын теріс атап Алматыда кездескен қазақ әйелдерін сұрастырып жатыр. Жас басынан қуғын көріп, шет елде жүрген жас қыз өте бауырмал. Сәті түсіп Совет елін аралап қайтқан қыз қөргенін-білгенін айта жүргуге туған елінің ішінде де емес. Бар достығы, ырзашылығы қозеінде жарқырайды.

Аса бір жақсы кездесуді Оңтүстік және Солтүстік Вьетнам жазушыларымен өткіздік. Бұлардың бірі бұрын Солтүстік Вьетнамда мәдениет министрі болған, әдебиетші адам. Бірі ақын, бірі журналист, енді бірі көркем өнер кайраткері. Қөптен бері көлеңкелеуде қала беретін біраз әңгімелердің беті ашылып, қалтқысыз ұғыныстық. Совет Одағының әр кездегі достық жәрдемін айта келіп, делегация бастығы сөзін былай деп аяқтады:

— Совет Одағы біздің екінші Отанымыз!

Оңтүстік Вьетнам ақыны маған:

— Вы мой дядя! — деді орысша.

— Вы мой родной брат! — дедім мен оған.

Бұдан былай жақын достасып, қайда барсак та бірге жүрдік. Москваға дейін бірге келдік...

Агустино Нето Ангола ақыны. Мәлдір қара бүйра шашы қара маржандай тізіп қойғандай жалтылдайды. Қең иықты, көздері аз күлімдеп, көп ойланып жүретін адамды аңғартады. Сымбатты да сұлу жігіт. Оның әдебиеттегі аты бұдан 15 жыл бұрын ауызға іліксе де соңғы жылдарда білінбей кетіп еді. Сұрастыра келсек ол соңғы жылдарын түгел азаттық қозғалысына берген екен. Ангола ұлт-азаттық қозғалысын басқаратын орталық екі жерде болып келген: біреуі Анголаның өзінде, енді бірі Киншаста. Ангола халқының қолма-кол күресінен шетірек тұратын Киншас орталығы кейде бөгесін бола бастаған. Бөгесін болудың себебі шетірек тұратындықта да бола бермейді әрине. Әр түрлі сыртқы әсер, жат әсер бар... Мұндай революциялық қозғалыстардың ыстық, сұғына төзу үшін идеялық табандылық керек. Киншас орталығы осы жағынан ақсаған. Қазір Киншас орталығын қозғалыстан ысырып таставп Ангола қозғалы-

сын Аугостино Нето өз қолына алған. Осы жайларын терсірек баяндай келіп:

— Ангола тәбесінде азаттық туы желбірейтін кез жакын! — деп күлімдеп тоқтады Нето.

Біз — азат Анголаның болашақ президентінің саулығына! — деп тост көтердік.

Қөптен бері кейде тоғысып, кейде қағысып қала бастарған бір үлкен ұйыммен осы жолы едәуір ұйыныстық. Ол «Африка мәдениетінің қогамы». Ұйым орталығы Париже. «Презант Африкен» деген қогамдық-әдебиеттік журнал шыгарады. Ол Африка мәдениет қайреткерлерінің үлкен әсері бар ұйым. Ұйымның бастығы да, журналдың бас редакторы да Сенегал жазушысы Алиун Диоп.

Таңертең конак үйден шыға берісте Алиун Диоп кездесе кетті. Қөрген жерден құшағын жайып «О» деді. Мен де құшағымды жайдым. Құшақтасып, арқаға қағысып қалдық, сүйісп қалдық. Сағынысқандай екенбіз.

Римда, Венецияда өткен екі үлкен кездесуларде бірге болғанбыз. Менің сезім арқылы Диоп бірталай қиғылықтарға да ұшыраған<sup>1</sup>. Тегі айттыс-тартыстарға жоктау адам — мен саяси соқтығыстарды ұнатпаймын,— деп еді сонда.

Кәзір іркілмей келіп құшақтасты. Хал-жайларын іркілмей-тартынбай сөйлеп кетті. Қөптен бері кездеспей кеткендіктің өкініш жақтарын сез еттік. Екі жағымыз да қалтқысыз-риясыз, алдағы күнде кол ұстасып істер көп жұмыстар барын кеңестік.

Аяқтасып келгенде Алиун Диоп, ұзағырак уақыт әйелімен бірге Совет елдерін аралағысы келетінін білдірді. Мен оны екі айға шақырдым:

— Бір ай республикаларды араларсыз. Екі жеті менің қонағым боларсыз,— деп сезімді аяқтағанша, менімен бірге барған Абхазияның ақыны Иван Тарба киіп кетіп:— екі жеті менің қонағым болыныз! Сухуми! Құм пляж есігімнің алдында жатыр! — деді.

Сонымен Алиун Диоп әйелімен бірге келер майдың ішінде Совет Одағына конакқа келетін болды.

Азия-Африка жазушыларымен кездесу жайларын осымен аяқтаса да болар еді. Бірақ мақалада кездескен сайын «құшақтаса кеттік» деген сез ылғи қайталанып отырады. Соған түсінік бергім келеді.

<sup>1</sup> Ол жайларды 1966 жылы «Жұлдыз» журналында толығырак жариялағанмын.— F. M.

Мәселе мынада. Совет еліне қарсы үгіттер, қызыл ауыздықтар дүние жүзін шарлай-шарлай шатқалаңға кіріп, өз ұттын өзі ашып, өзін өзі әйгілеп алғанға үксайды. Осы күнгі ойлы жұрт, өскен ой дәлелсіз даурықпага ере алмайды. Әсіреке үлт-азаттық қозғалысының қайраткерлері, елдік іргесін жаңадан қалап жатқан елдер жалаң сөзге мұқтаж емес, іске, жәрдемге айналған достыққа мұқтаж. Біз ешкімді алдаған, арандатқан емеспіз. Жаңа отаршылдық айла-аярлығымен келсе, біз өмірдің өз шындығынан туындайтын міндеттерге дұрыс бағыт берумен келеміз. Жеке жазушылардың таныстығы, достығы іске жәрдем болатыны даусыз бола тұrsa да құшактасулардың негізгі себебі еліміздің қасиетінде: турашыл әділдігінде, жанашыр қамқорлығында, достығында дегім келеді.

Алжирда мені бір топ қазақ инженерлері тауып алды. Телефон шыр ете түскенде тыңдай қойып едім:

— Ассалау мағалайқум... Фабит ағайсыз ба? — деді қазақ дауысы.

— Ие мен...

Алжирда емес Алматыда отырғандай сезініп, бір-ер сұрауды қапыл-құпыл орынсыздау беріп қалдым.

— Лұқсат болса сізге кіріп шығайық деп едік.

— Е, келіңдер.

Әрі ыстық, әрі дымқос Алжир ауасының райына қарай жеңіл киінген екі жігіт кіріп келді. Енді мен оларды туристер екен деп қалдым.

— Ал, жол болсын... Қайдан келіп, қайда бара жатқан жігітсіңдер?

— Осында қызмет істейміз...

Сұрастыра келсем Алжирдің түсті металл рудниктерінде істейтін тау-кен инженерлері екен.

— Ал, менін мұнда келгенімді қайдан білдіндер?

— «Казақ әдебиетінен» көрдік.

Біздің газет-журналдарымыздың шет елдерге қанша тарайтынын мен әрине біле бермеймін. Алжирға жалғызғана «Қазақ әдебиеті» барады екен. Өзгелері шет-елдік жазылу тізімінде жоқ көрінеді. Бұдан үш жыл бұрын Индонезия астанасы Жакартада мені сонда тұратын бір қазақ қызы тауып алып еді, өткен жылды Римда тағы бір қазақ қызы кездескен. Шетте жүріп, сліп сагынатын жастардың құлағы түрік болатыны табиғи нәрсе, тек, соларға елдің іісін беретін бірдеме ала бармағаныңа өкінесін. Елдікі дерлік менің де еш нәрсем болмады.

Жігіттер жабысып, ертеңіне біреуінің үйіне «жарты-ак» сағатқа конакқа алып кетті. Барғанымыз Төлеусейт Омаров деген тау-кен инженерінің үйі екен. Әйелі экесі келгендей қуанып, дәңгеленіп жүр. Қасымдағы жолдастарым — Абхазия ақыны Иван Тарба, Москва жазушысы Великовский казақ бауырмалдығына қызыға қарайды.

Бұл үйге бес қазақ инженері жиналды: Төлеусейт Омаров, Мәдениет Асанов, Шәріп Ысмайлұв, Шәмшедин Эбдіраманов және Эбілхан Бегімбетов. Бәрі де тау-кен инженерлері. Бәрі де Алматының тау-кен институтын бітіріп, біраз жыл Жезқазғанда істеген. Бәрі де Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың жолын қуған талапты жастар. Жас инженер Эбдіраманов оның үстіне жазушы. Бала-ларға арналған 7—8 фантастикалық әңгімелері «Көрінбес корған» деген атпен биыл басылып шықты. Омаров пен Асанов бірер жыл түсті металл рудниктерінде істеп, кәзір соның Орталық басқармасына қөшірілген.

Жана бой салып көтеріліп келе жатқан Алжир еліне достық қолын, адал еңбегін ұсынып барған қазақ инженерлерін көргенде байғұс ескі ауыл еске түседі. Құрсініп еске аласың. «Елу жылда ел жаңа!», барлық байлығы мен бүгінгі Қазақстан көз алдыңа келеді. Алжирдан Москваға дейін бес сағат үшатының есіне түседі!

Алжирда барлық мемлекеттік істер, кеңсе жұмыста-ры түгел француз тілінде жүреді. Біздің жігіттер фран-цуз тілін едәуір менгеріп қалған.

Омаров тұратын әдемі виллада жарты сағат емес үш сағат отырып әрен босандық. Үш сағат өз үйіндегідей еркіндік, қазақы жай-барақат таптық. Ыстық Алжирда Арқаның салқын самалы соғып жібергендей болды.

\* \* \*

Фестиваль он күн жүріп барып жабылды. Бұл елдер тарихында ерекше орын алғатын көрме болды. Бұған дейін ешбір ел тұтас бір континенттің мәдениет фести-валын өткізген емес. Енді сол фестивальдың жеке бір жақтарына тоқталайық.

Ең алдымен, президент Бумедъен фестивальдың ба-сы-қасында өзі болды, өзі баскарды.

Фестивальға қатынасқан 6 мың адам түгел конак Үйлерге орналасқан. Астаналы қала Алжир соңша адам-ға таршылық еткен жоқ.

Үш мезгіл беріліп отырған ішім-жем молшылығы да сыр берген жок.

Делегацияларға бекітілген жеңіл машиналар таңертеңгі сағат сегізден түнгі он екіге дейін табан аударған жоқ. Жұздеген автобус, жеңіл машина шоферлары күні түні казармаларда әскери тәртіpte үсталды. Мысалы, біздің шофер өз үйінің қасынан өткенде бала-шағасын көріп шығуға бата алмады.

Ойын-сауыктар стадионда, театрларда өтіп жатты.

Президент екі рет қабылдау жасады. Хабар министрлігі (бізше, Мәдениет министрлігі), агарту министрлігі, ауыл шаруашылығы министрлігі бір-бір түстік берді. Совет өкілдігі де үлкен бір қабылдау жасады.

Сонымен Африка елдерінің өзіндік рухын, өзіндік ескі-жаңа мәдениеті барын, Африка халықтарының бірлігін танытуға арналған фестиваль он күн ашық тұрган шымылдығын түсірді.

Африка халықтарының фестивалы арқылы көздеген мақсаттарына тезірек жетулсеріне тілекtestіk білдіріп, біз де елімізге қайттық.

—•—

### **ХАСАН ТАҢИР ЗАРРУХ ТУРАЛЫ ЕКІ АУЫЗ СӨЗ**

Жазушы тағдыры кайда да, қашан да туган елінің тағдырына байланысты екені мәлім ғой. Ел тағдырына, заман сындарына бейтарап жазушы болмақ емес. Елі үшін алдымен күйіне де, сүйіне де, отқа түсер де, оттан алып қалу үшін жаңын аямастың бірі де сол жазушы. Ел жүргегінің қалай соғарын аңдығын келсе, ең алдымен жазушының тамырын бас, асыра айтар, ауыр күрсінер, артық қуанар, бірақ жалғаны болмас, шынды аңғасын.

Хасан Таңир Заррух судан халқының баяғысымен бірге жасасып келе жатқан жас жазушы. Заррухта өткен күндердің мол тәжірибесі, бүгінгі күрестің жас қайраты бар: қайғылы тәжірибе — қуанышты күрес. Бұдан он-ақ жыл бұрын шыққан география картасында Судан жері сары ала, қара ала шапан кигендей болатын. Оның аты Суданның екі елге бағынышты болғандығы еді — Англия, Мысыр, Мысыр деген жай сөз, шын қожасы көнігі отаршыл Англия болатын.

Хасан Заррух мұны ұмытқан жоқ. Ұмыту былай тұрсын, отар елінің үстірт ұғынғанын, ол күндердің келе-

шек үшін қандай сызды сортан, сор қалдырғанын эш-көрелеумен келеді. Судан тонырағында бұл әлі күнге аяқталмаған күрес тақырыбы.

Заррух революция жолындағы күрестерімен де, сол күреске арналған жазушылық еңбектерімен де байтак араб дүниесіне кең танылған, алдымен аталар азгана топтың ішіндегі жазушы: алдымен аталардың ішінде де алдыңғы жағында аталар жазушы, құрмет иесі, ел ардактысы.

Мен бір ретте Суданга барып, демократиялық жолдағы жазушыларымен кездескенде, Хасан Тайир Заррух ол жиналысқа катынаса алмады (жасырын жайда скен). Бірақ жиналыс түгел Заррухтың бағытында екені анық байқалып отырды. Ертеңіне жиналыстың қандай жақсы өткені туралы Заррухтан хат алдым. Суданын орталығы түгіл, онтүстік жақ қызыр шеттерінде де, шаруалар арасында да Заррух өте сүйікті, елі аузына қарайтын жазушы екендігі байқалды.

Біздің «Жұлдыз» журналы Хасан Заррухтың бірнеше әңгімелерін жарияладп отырғаны Азия, Африка әдебиет қозғалысы үшін игілікті адым. Алдағы күндерде де екі ұлы континенттің демократиялық күрес жолындағы жазушыларын біздің елге көбірек таныстыруын тілек етемін. Бұл елдерде бізге әлі таныс болмаған күрделі жазушылар, көркем өнер қайраткерлері аз емес:

—•—

### **СУДАН АҚЫНЫ АБДУЛЛА**

Март аяқтап, апрель тақап қалған. Алматы жылы, Москва сүйк еді, Судан төбендей тесердей ыстық скен. Қайнап тұр, күйіп тұр. Төбенген — күн, жерден — ла-пылдаған ыстық лен: шалбарыңың балагы күйіп бара жатқандай сезінесіц.

Жердің түгі бүрісе сарғайған: аяғың тиіп кетсе үгіліп жатыр. Жұлып алып қарасаң тамыры да ып-ыстық. Желпуіш сияқтанып пальма жапырактары көгереді. Жапырактары ұлтандай калың келетін манго ағаштарының түбінде гана сая болар көлеңке бары байқалады.

Аэропорттан түссе сала осы әлпетті Суданға кездесіп едік, ағылшындар қолынан өткен бау-бақшалы, суармалы астанасына жеткенше сол көрініс өзгерген жоқ. Күн

төбеннең тік кадалатын сияқты. Машинаға отыра бере галстукті сыйрып едік, қалаға жеткенше көйлектің де бар түймесін ағытып, жалаң төстеніп алдық. Арқаңдан сорғалаған тер жылға-жылғамен төмен сайып барады. Бар киімің денеңмен желімдесе бастады. Судандағы ең ыстық жер машинаның іші екен.

Бізді консул мен мәдениет байланысты басқаратын атташеміз карсы алған. Атташе қаржы-каражат қағаздарымызды машинаның ішінде-ақ қарап жіберді де:

— Одақтың бухгалтері тағы да қысып жіберген екен. Бұл ақшаңызға конак үйге түсуге болмайды. Мұнда күйіп түрған қымбатшылық,— деді. Байқаймын, менен бұрын келіп-кеткендерден атташениң өзі біраз қысылыс көрген сияқты.

— Енді қайтеміз?

— Осындаі жағдайда жәрдемі тиетін бір пансион бар еді, сонда түссеңіз қалай болар?

— Болсын.

Аяқтап келгенде қасымда тілмашым Арычев ексуміз бір гректің пансионына түстік. У-шудан, шаңнан, газдан аулақ, жайлы орын болып шықты. Тұнып тұрған бакша ішіндегі жалғыз қабат үй. Істық-сұық сұы мол душ. Қөлеңкелі кен веранда. Тазалық, тыныштық. Екінші сорт деп беретін үшінші сорт тамағы болмаса, өзге жағында олқылық жок...

Ак Нил мен Қөгілдір Нил екі бүйірден ойысып келіп қосылысқанда екі арада қалған жер сүйірленіп барып пілдің тұмсығына ұқсай кетіпті. Сол екі Нилдің тоғысқан жерінен бастап салынған қала Хартум — «Піл тұмсық» атанған. Хартум қазір Судан астанасы. Ескі астана — Омдурман жаңа астанамен шектесіп жатыр. Ол ескі Бухара сияқты шаңы бұрқыраған, терезелері көбінесе ауланың ішіне қараған, сары балшық дуалды тозық қала. Балалары көп, арық иттері көп, қайырши, мүгедектері де баршылық. Эйелдері бойшаң болса арықтау, аласалау болса семіздеу келетін сияқты көрінді. Еркек, әйелдерінің киінген түрлерінде ұлттық дәстүр қаз-қалпында.

Хартум олай емес, жаңа қала, Европага реңдес. Ағылшын отаршыларының өздеріне арнап салған кен тынысты, бакшалы, сулы, қөлеңкелі қала.

Судан 1956 жылы бірінші январь күні жетпіс жылға созылған ағылшын отарлығынан құтылып өз алдына ерікті мемлекет болды. Бірақ ескі отаршыл Англия Су-

дан экономикасынан әлі қолын айырған жоқ. Капитализмнің темір шенгелі әлі судан халқының жағасында. Негізінде Англияның мақталы отарына айналып, ауыл шаруашылығы бір беткей өсken, қаржы-қаражат кілті түгел шет ел банкирлерінің қолында отырған Судан мемлекетінің халі өте аұыр. Оның үстіне кенжелеп калған елдерге «жәрдем етпек болып», Судан шаруашылығына Америка, Батыс Германия, Япония, тағы басқа капиталистік өлдер иықтарын тығып келеді.

Осындай жағдайда әр түрлі қызылшанан құтыла алмай отырған Судан мемлекетінің басшысы генерал Аббуд демократиялық құштеріне сүйену орнына басқаларға еліктеп, демократиялық құштерге азу тісін батырып қояды. Біз Суданға келер алдында ғана осы бағытта едәуір көңілсіздіктер болып калған екен. Әдебиет пен көркем өнердің көрнекті қайраткерлерінің біразы бой тасалауга көшіпті.

Соры қайнаған Суданның сүм-сүркиялары да баршылық екен. Отар болған елдің күні қайда да, қашан да осы ғой — мансапқорлар, құлқын кезептері туған елін ішінен жегідей жеп, адал азаматтарын құғын-сүргінге салып жатқан кезіне келіппіз.

Келген күннің ертеңіне мен Судан жазушылары үйімының бастығы Абдулла Хамит әл Әминді шайға шакырдым. Келді. Әмин аяқ-қолдары жансыз, мүгедек адам. Арнап жасатып алған қос дөңгелекті арбашамен жүреді. Бірақ біздің шығыс елдерінде одан белсенді, одан жүрдек адамды сирек кездестірдім. Ойлы ақын. Жоғарыда айтылған сөздерді мен содан естідім. Ол судан халқының басынан арылмаған сын кезеңдерінде қашан да бұқараның ұлы мұддесінен бір таймай, жасқанбай қасарысып қалған ақын. Әмин совет жазушысы на жатсырамай сөйлесті. Оның ертеңіне бізді өз үйіне шакырды.

Абдулла Әмин бізді өз үйінде қарсы алды. Он үш-он төрт жазушы жиналышты. Хартумда араб тілінде шығатын жетекші газеттердің әдеби редакторлары, радио, Университет әдебиетшілері бар. Ұмытпасам бір Камерун жазушысының жаңа повестін талқылауға арналған кеш екен. Жас жазушы Хадиша Сафуат аса мазмұнды баяндама жасады. Әмин айналасына топталған Судан жазушыларының реалистік бағытта екені бірден анғарылады. Шығарманың идеясы мен көркемдігін бірдей көтеру талаптары айтылып жатыр. Сайып келгенде әдебиет бү-

қара күресінің күшті құралы екендігі салмақты дәлелдермен сөйленді. Абдулла Әмин талқылауды қорытқанда «үй артында кісі бар» деп ығыскан жок. Әмин Суданың аса көрнекті жазушысы, әдебиет зерттеушісі, ұйым бастығы. Оның көзқарастарының қаңдай бағытта екені біз үшін аса қажет еді. Абдулла Әмин аса талғамды жазушы екендігі. Талқыға түскен басқа ел жазушысының шығармасы болса да Әмин Судан жазушыларының міндеттері туралы аса терең пікірлер айтты. Ол өз елінің ауыр халі, сол ауыр халді жою үшін, елінің болашағы үшін қатты толғанатын, өз ойын бүкпей айта алатын ер адам, батыл жазушы.

Жиналыс болған ұзындау бөлменің жапсарында жаңа жасалған үнірейген бір тесік бар екен. Мен оны әуелі абайлаған жоқ едім. Өздері сөйлеп болып, ақырында менің сөйлеуімді өтініш еткен соң, орнынан тұра бергенде сол тесіктен кіп-кішкене кірпіш сынығы еденге тырс ете түсті. Сонда аңғардым. Тесіктің аржағында жазушы Заррух және бірер адам болғанын Әмин қейін айтты. Сөйтіп Әминнің үйі демократтық күштердің жасырын паналар жері болған екен.

Советтік шығыс елдерінің мәдениеті мен әдебиетінің өсуін Судан жазушылары ертегідей елтіп тындалады. Сұраулар тіпті көп. Сол сұраулар мен менің жауаптарым үш сағаттай уақыт алды. Мен жатқан үйіме үлкен қуашыпен оралдым.

Мен Судан мен Нигерияға әдеби байланысымызды, мәдени қарым-қатынасымызды нығайта беру, кеңейте беру мәселелерімен барғам. Мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастар өз алдына, ал енді ел мен елді таныстырып, достастыра беру үшін мәдени байланыстың, әсіресе жазушылар байланысының орны басқа ройттай.

Совет жазушылары мені осы мақсатпен жіберген. Абдулла Әмин мені құшағын жайып қарсы алды. Ұлы совет елімен достық қарым-қатынастың іргесін бекіте беру керектігіне ол әбден сенімді екен. Сонымен бірге Абдулла Әмин совет халықтарының, оның ішінде біздің әдебиеттің өсу жолдарына аса зер салатын жазушы. Мен оны Алматыға қонаққа шақырып едім, оның Әминнің өз ойындағы армандарына үйлесе кетіпти.

Судан жазушыларының арасында мен біраз күн болдым. Жазушыларымен бірге жүріп елін де араладым. Феллах (шаруа) үйінде елде тұратын жазушы Абубәкір

Халидтің үйінде қонақта болдым. Судан жері қандай қапа, қандай ыстық болса, Судан жазушылары мен Судан бұқарасының құшактары одан да ыстық. Судан еңбекшілерінің арасында сен өзінді үйінде сезінешін.

Абдулла Хамит әл Әмин мырза Азия-Африка жазушылар қозғалысының көрнекті қайраткері. Ол бізде біраз күн қонақта болып Індонезияға жүріп кетеді. Онда июльдің 12 күні Азия-Африка жазушыларының үшінші конференциясын әзірлейтін Тұракты бюро мен Атқару комитетінің он күндік мәжілісі басталады.

Қадірлі қонағымызды Қазақстан жазушылары қандай ыстық құшақпен қарсы алса, халқымыз да солай қарсы алатыны даусыз. Қазақстан жазушыларының атынан — хош келдің қадірлі дос, қажырлы қайраткер, судан халқының ер ұлы, күрескер жазушысы деймін.

— · —

## НАЗЫМ ХИКМЕТ

Темір торлы тас зынданнан он екі жыл үздіксіз соқ қан қаһарлы үн — түрік бұқарасының атақты ақыны Назым Хикмет үні еді. Ол үн Бурса шәхарінің қараңғы көр — сыз түрмесінен соғатын. Он екі жыл бойында үн бір тынган жок, әлсіреген жок, түрмे қысымына ерегісе соқты, сахараның еркін ескек желіндей, іркілмей соқты: азаттық күресіне шақырды, күрес дүниесіне дабылын кости. Хикмет үнін италия фашизмі мен қан кешіп жүріп алысқан Абиссиния халқы да естіді, Испанияның бұқара қозғалысының күресшілері де естіді, ішкі-сыртқы жауларын жеңіп шыққан ұлы қытай халқы да естіді, фашизмің туын жығып, ордасын ойрандаған совет халқы да естіді. Эрине, ең жақыннан естіген, ұйып тыңдаған Түркияның өз бұқарасы, ояна бастаған бұқарасы.

Жалынды ақын, коммунист ақын Назым Хикмет Түркия бұқарасының халі ең ауыр кезеңге кірген дәуірде күрес майданына шықты. Дүние жүзілік бірінші соғыстың түсында Германия капиталының қолтығында болған Түркия басқарушылары Ұлы Октябрь революциясының отты лебінен ықтай-ықтай барып, кейіннен фашистік Германияның қанжығасына байланып кетті: ықпалына біржола бас иіп, дегенін бұлжытпай орындалап отырды.

Бір жағынан, ислам дінінің рақымсыздығын бұлжымаң заң етіп, янышардың қаруына сүйенген феодализмнің қанауында келе жатқан, екінші жағынан, фашистік талан-таражга түскен Түркия еңбекшілері өмірдің жұты мен шөліне біржола камалды. Ақын жаңын ашындырыған, құреске аттандырган сол халықтың мұн-зары мемлекеттік арман-тілегі еді. Құреске құрал іздеген, құра-лына кайрақ іздеген жас ақын он сегіз жасында Совет Одағына келеді. Жаңа өмірдің мұнайындағы бұрқыраган Бакуде болады. Жаңа дүниенің үлкен жүргегі — Москва-да болады. Шығыс халықтарының коммунистік университетінде оқиды, коммунизмнің ұлы мектебінен сабак алады. Қанау құлдығынан босанған елдердің социалистік жолмен өрлеj жөнелгендеген алғашқы табыстарын көреді.

Әрбіr революция ақыны сияқты, Хикмет Назымның да ақындық үстазы — ұлы Маяковский, Хикмет поэзиясы да Маяковскийдің поэзиясы сияқты, мазмұн мен түр қайнасып тұтаскан революциялық поэзия. Эзірше, совет оқушыларына түгел жетіп болмаған Назым Хикмет шығармаларының көркемдігі идеясына сай келеді, шығармасындағы революцияшыл ақынның қаламынан тұгандығын айқын көреміз. «Аш көздер», «Анатолия романтикасы», «Зоя», «Жүргім менің мұнда емес» «ССРО-мен қоштасу» сияқты совет оқушыларына танылған шығармалары осыны дәлелдейді. Хикмет Назым шығармаларының мазмұны да, түрі де жаңа, революцияшыл поэзияның шын лебін береді. Біздің Совет Одағында 1928 жылы ең алғаш басылып шыққан «Күн нұрына сурылғандар жыры» дейтін жинағы да осы бағыттағы үлкен серпінді аңдатқан еді.

Эрине, мұндай ақыннан Түркияны билеп отырған фашизмнің жалданба құлдары қатты хауілтеннеді. Совет Одағының окуын бітіріп кайтысымен-ақ қарандыда жатқан халқына сөнбес жарықтың бір ұшқынын әкелген ұлы ақынның әр адымын бақылауға алды, амалын тауып үнін өшірудің шарасын іздеді. Гитлер Гейне мен Гетеңің ұлы еңбектерін көшеде өртетіп жатқан кезде түрік фашистері Назым Хикметтің барлық шығармаларын басылудан, окудан токтатты. Бірақ халықка ариалған өмір жыры өшкен жок, өрши берді, еңбек жұртының жүргегіне, ойына тарады, студенттердің қойына, солдаттардың қонышына түсті. Хикметтің тиым салынған шығармалары офицерлердің чемодандарынан да табылды. Түркияны билеп отырған фашизм

жāлдапtāры бұқара хāлық арасында ықпāлы Қүшейіп бара жатқан күрес ақынынан құтылу шараларын іздеді. Сөйтіп 1938 жылы «соғыс қызметкерлерін көтеріліске шақыргандығы үшін» соғыс трибуналы Назым Хикметті он бес жыл түрмеге жабуға үкім кесті. Хикмет шыгармалары соғыс тенізшілерінің арасына да кең таралып кеткен екен, соғыс-теніз флотының трибуналы оған тағы да он үш жыл түрме жазасын қости. Сонымен жиңагы жиырма сегіз жылдық түрме кесімін алғып, Назым Хикмет Бурса шәһарінің зынданына түсті! Фашизмнің алдында дір қафатын Түркия билеушілері «бір адамға екі кесім болмайтындығын» елең де қылған жок. Ол аз болса, отыз алты жастағы ақынға ойларына келген бәлениң бәрін жауып, тағы да жиырма жеті жылдық түрме жазасын қости. Мұнымен отыз алтыдағы Хикмет ақын табандатқан елу бес жыл түрмеде отырып, отыз алты да елу бес — тоқсан бір жасында түрмеден құтылмақ еді!

Бурса түрмесінде Назым Хикмет он екі жылдан артығырақ отырды. Тереземде темір тор, тас қапаста қамаудамын деп, күреспі ақын мойыған жок, өзін үнемі күрестемін деп есептеді. Хикметтің торды бұзып шықкан өлеңдері Абиссиния, Испания, Греция, қытай жерлерін аралап кетіп, ағылшын-американ агрессорларымен алысушыларға дем береді.

Хикмет түрмеде отырған кезде жер дүниеде ұлы оқигалар өтті. Фашизмнің туы жығылып, ордасы ойрандалды. Түркиямен көршілес елдер — Болгария, Румыния, Албания, Венгрия, Чехословакия, Польша халықтары капитал үstemдігінен құтылып, халықтық бұқара үstemдігін орнатты. Жер жүзіндегі адам баласының төрттен біріне жақын келетін ұлы қытай халқы елді басқару тізгінін өз қолына алды. Зынданда отырған Хикметке қажымас қайрат берген де осы оқигалар еді.

Казіргі түрік үкіметін басқарып отырған феодалдық топтың қалай қарай бастап бара жатқанын Назым Хикмет түрмеде отырып-ақ айқын көріп отырды. Зынданды құзеткен янышарлар бір кезде неміс фашизмнің киімін кисе, дүние жүзілік екінші ұлы соғыс біткеннен кейін ағылшын-американ әскерлерінше киінді. Еңбекші түрік халқы үшін Назым Хикмет көп қайғырды, көп мұнайды, бірақ қажыған жок, азаттық үмітін үзген жок, капитал үstemдігінің күні санаулы екенін сеніп жырлады. «Мен өз қызметімді түрмеде атқарып отырмын!» деді Хикмет.

Бұл ұлы шындық, Назым Хикмет зынданда отырды, оның өлеңдері қоғамдық күрестің алдыңғы сапында жүрді.

Заңсыз тұтқынға алынған ақын түрік үкіметінен босатуды талап етті. Сайлау алдындағы жанталас кезеңіне келіп қалған түрік үкіметі жүрт қөңілін азырақ тыныштандыру үшін Назым Хикметті босатуға үйғарды. Бірақ осы кезеңге Түркияның шын билеушісі — Американың елшісі мен бір генералы келіп қалды да, Түркия үкіметі жариялауға әзірленген жарлығын жоқ етті.

Зәбір-жапаның азиялық сорақы түрлерін талай көрген Назым Хикмет туған елінің елдігіне тиіп жатқан қорлыққа ерлерше жауап берді: озбырлыққа, қорлыққа карсы аштық жариялады, қашан осы түрмеден босанғанша ашығуын тоқтатпайтының жариялады: темір торды күшпен бұзып шығуға бел байлады. Баласымен бірге жетпіс бес жастағы соқыр кәрі анасы Желел де ашығу жариялады. Ана мен бала бес күн ашықты, аўыздарына нәр салмай, қайтпайтын қажыр көрсетті.

«Менің күшім — ұлы дүние күшінде» деп Назымның өзі айтқандай, Совет Одағы бастаған ұлы дүние ақынды тас қапастан еріксіз босатып алды. Миллиондаган бұкара жүртішлық азаттық пен бейбітшілік жолындағы құрескерлер ақынды босатып алуға бар күшін салды. Түркияны билеушілердің басына Хикметтің босануын талап еткен қатаң жолдамалар қардай борады. «Халық сүйген ақын Хикмет Назым түрмелерінде аштан өлсе, Түркияны билеушілер, өздерінді жуып кетіре алмас қара таңбамен масқаралайсындар!» деп жазды совет ақындары. Бұқарашиб елдерде Назым Хикметті қорғайтын комитеттер құрылды. Түрік жұмысшылары Стамбулда Хикметтің босануын талап етіп, үлкен митинг өткізді. Осы ұлы дүниенің талап етуімен Назым Хикмет 1950 жылдың июль айында қапастан босанды.

Назым Хикмет тас зынданынан босанғалы міне бір жыл өтті. Жалынды ақын еркін қуресшілер қатарына қайта қосылды. Бейбітшілік жақтаушыларының дүние жүзілік екінші конгресінде Назым Хикметке агрессиямен қурескен әдеби енбегі үшін халықаралық бейбітшілік сыйлығы берілді.

Түркия шіруі жеткен ескі түбірлердің бірі. Түркияда шын мағнасында қаранғылық дүниесі. Бұдан он ғасыр бұрын туған ескілік заны әлі күнге күшінде. Түркияны билеушілер, бір жағынан, сол ескілікке сүйенсе, екінші

жагынан, империалистік дүниенің фашизм, агрессия сиякты ең соңғы зұлымдығына арқа сүйеп отыр. Осы жылдың бас кезінде «Правда» газетінде үзіндісі жарияланған түріктің жас жазушысы Махмұт Мақалдың ұзак әңгімесі сол қараңғылық дүниесінде қалған түрік ең-бекшілерінің ауыр халін, правосызыдығын, қайғы-мұңын толық-елестедеді.

Казіргі Түркия — Америка агрессиясына тәуелді болып қалған ел. Корея халқын отарлап алғысы келіп, шығыстан соғыс өртін тұтатқан Америка агрессорларының бір ғана иек көтеруімен жәрдемге әскер жіберіп, масқара болғандығы да сондықтан. Азаттыққа, елін тәуелділік тұтқынынан құтқаруға, туган еліндегі помешіктер мен феодалдардың шіруі жеткен үстемдігін құлатуға тынбай шақыратын Назым Хикмет Түркия топырағында туған революционер ақын, халық ақыны, дүние жүзінің бұкарасына дос ақын.

Казір Назым Хикмет Москвада, ол Совет еліне қонаққа келді. Ол әр кезде совет халқының шын досы еді. «ССРО-мен қоштасу», «Зоя» деген шығармаларында Назым Хикмет ойы мен жүрегі біздің совет халықтарымен бірге екенін көрсетті. Осы жолы Москваға ұшып келіп түскенде, Назым Хикмет:

— Москва!.. Нағып мен сағынған Москвама келіп қалдым! — деп, куанып көзіне жас алыпты. Ұлы Москвандың тұлғасын түгел бір көргісі келіп, бірден Ленин тауларына барып шығып қарапты.

Ия, ақын Хикмет, туысқан ақын! Ұлы Москваны биіктер биігінен ғана түгел көруге болады. Ойда тұрған адам оны көре алмайды.

— Аманнан қайта туып, дүниеге жаңа келіп тұрған-даймын! — деді, Хикмет ақын социалистік дүниенің ұлы ортасына келіп түскенде.

Туысқан Хикмет ақын! Темір тордан сіз босандыңыз, бостандық дүниесіне келіп, анадан қайта туғандай болдыңыз. Бірақ Түркия бұкарасы темір тордан, тас қапастан босанған жоқ әлі. Сіздің туған еліңіздің бұқара халқы да сол қапастан тезірек босануын тілейміз.

Қош келіпсіз, құрметті ақын, Совет елінің төріне шығыңызы! Өзгерген, өрлеген өмірін көрініз, Қазақстанға да келіңіз: бұрын артта қалған халықтың қандай «хикмет-термен» ең озық елдердің қатарына қосылғанын көріңіз! Бірге болайық, бірге күлейік, әнді бірге салайық, бірге күресейік, бірге куанайық!

Екі ұлы күрлік — Азия мен Африка тоғысатын ежелгі Мысыр жерін, шөл даланың қан тамырындай тынымсыз ағып жатқан Ніл дарияны айтканда, жастайыңнан естіп, кәнігі болған аңыздар есіне түседі. Бір кезде мол мәдениеттің бесігі болған Нубия, көне Египет пен байтак араб елі, алуан өнердің қорлы көзі болған басқа да Африка елдері халықтың бейнеті мен даналығының айғағында болған мұнаралары, алтынмен апталып, күміспен құптелген ғажайып сарайлар көне тарих жүзінен шығып, көз алдыңа көлденендең тұра қалғандай болады...

Міне, осы ертегі аңыз жерінде, Каир қаласында жуырдаған Азия мен Африка жазушылары ынтымалының екінші конференциясы болып өтті. Конференция жұмысына еліміздің көрнекті жазушылары Мырза Тұрсын-зада, Зулфия, Анатолий Софонов, И. Абашидзе, Вадим Кожевников, Мехти Гусейін, Берді Қербабаев, Аалы Тоқомбаев, Эдуард Топчиян, Қемел Яшен сияқты аса көрнекті жазушылары қатысқан еді. Ал, мен Азия мен Африка елдері жазушыларының конференциясын әзірлеу жөніндегі Халықаралық комитетінің мүшесі ретінде, Каирге ертерек барып конференцияны өткізу ісіп-піц басы-қасында болды, совет делегациясының құрамындағы қаламdas серіктеріммен бірге, үлкен жиынның жемісті өтуіне ат салыстым.

Қазіргі заманың техникасы, алысты жақын етіп, тәсіздер мен күрліктарды ұлтарақтай тарылтып тастанды ғой. Біздің құрыш топшылы «Ил-18» Москвадан Каирға дейін бес жарым сағат қана үшады екен. Бірак жер апшысы қуырылып тарылғанмен қазіргі адамның ой-өрісі, рухани дүниесі кеңейіп, ұлғайып барады. Құні кешеған батыстың басқыншы империалистері Азия мен Африканы, жеті атасына қалған мұрадай еркін иемденіп, оның біреуін — үнсіз, мылқау күрлік десе, екіншісін үйқыдағы күрлік деуші еді. Қазір қарап тұрсаң, үндемес Азияның байтақ даласынан өз тағдырын қолына алған азат халықтардың айбарлы үні шығады. Олардың құдіретті үніне бүкіл планета құлақ түреді. Ал «үйқыдағы» Африка ояныпты. Оянғанда қандай. Жанар таудай атқылап, отаршыл жыртқыштарды мұхитқа лақтырып жатыр. Құлдық бұғауын үзіп, тәуелсіздік алған, өз алдына азаттық туын көтерген елдер ката-

ры калындаپ келеді. Африканың П. Лумумба, Д. Кепията, Ф. Мумис сиякты курескерлері бүгінгі бостандық сүйгіш халықтардың құдіретті күшінің символына айналған. Бірақ жаралы жыртқыштың соңғы түяқ серпетіні бар емес пе, сол сиякты империалистердің қанды шенгелі әлі де болса, бостандық алған елдер жағасын босатқан жоқ. Олардың тіс-тырнағы әлі де жас елдердің уыз денесін айғыздап таңба басып жатыр. Жаңа елдердің көбі тәуелсіздік туын көтергендемен, экономика, мәдениет жағынан әлі де империалисттер ықпалында. Сан жылдар бойы Азия мен Африка елдерінің қазынасын, халықтарын ашса — алаканында, жұмса — жұдырығында ұстап үйрениген отаршылдар ен байлықты опоцай тастап кеткісі келмейді. Барлық қулық-сұмдықты жасап жанталасады, тіпті тотының тонын жамылып, сол халықтардың «досы, қамкоршысы» болып көрінгісі келеді. Міне, империалистердің, отаршылдардың осындағы қулық-сұмдығына, зорлық-зомбылығына қарсы куресте, бейбітшілік пен тәуелсіздік, азаттық жолындағы ұлы куресте Азия мен Африка жазушыларының ынтымактасу, бірлесу козғалысы келіп туды. Өйткені жазушы өз халқының перзенті. Ол бүгінгі күннің көкейтесті мәселесінен, халықтың отаршылдық құлдыққа қарсы азаттық, бейбітшілік жолындағы куресінен қалыс қала алмайды.

Бұдан үш жылдан аса уақыт бұрын Ташкентте, Элишер Науан атындағы театрда Азия мен Африканың 37 елінің жазушылары бас қосып, екі қурлық әдебиетшілері ынтымағының негізін қалап еді. «Ташкент рухы» деген қанатты сөз де осында туды. «Ташкент рухы» дегеніміз ол — бірлік пен ынтымак рухы, бейбітшілік, бостандық пен тәуелсіздік жолындағы курес рухы, Азия мен Африка жазушыларының мызғымас берік үйимшылдық рухы.

Қос қурлық жазушыларының Каирдегі екінші конференциясында да «Ташкент рухы» басым болды. Азия мен Африканын елуден астам елінен жиналған әдебиетшілер өз халықтарын, бүкіл әлем халқын тебірентерлік өзекті мәселелерді сөз қылды. Олар империалист жыртқыштардың Африка мен Азияның отар елдеріндегі айуандығын әшкерелейтін отты да уытты сөздер айтты. Египет өкілі Юсеф эл-Сибай кіріспе сезінде: жазушы — азамат, жазушы — курескер. Халықтардың азаттық жолындағы куресінде олар маңызды ролі, атқарды, деп

қазіргі замандағы қаламгер міндетін ұтқыр тілмен аша сөйледі.

Түрік ақыны Назым Хикмет пен Куба ақыны Николас Гильен есімі әлемге әйгілі. Мұның екеуі де өз елінің тәуелсіздігі жолында күрес туы болған, жалынды сөздермен жаракты жауды жайратқан ерлер. Бұлардың екеуі де халқының азаттығы жолында күрескендері үшін түрмеге жабылды. Туған елдерінен де қуылды. Бірақ екеуі де қажыған жок. Конференцияға жиналған жұрт осы ақын-азаматтардың жан толқытарлық сөздерін ынта-ықыласпен тындады.

Өзінің қазынасы, алатын орны жағынан бүкіл Африканың жүргегі аталатын Конго жерін, міне, жылжарыман бері отаршыл жендеттер қанға бояп жатыр. Олар Конго халқының көсемі Патрис Лумумбаны айуандықпен өлтірді. Сол себепті де конференцияға қатысуышылар Конго жазушысы Анисет Мбиасидің «Африка жазушыларын азаптап абақтыға қамап жатыр. Бірақ олар күресті тоқтатпайды!» деген сөзін қызу қарсы алды.

Каир конференциясы әрбір жазушының өз халықтарының өмірі мен күресіндегі атқарар міндетін, алдындағы мақсатын айқындаپ бергендей болды. Әдебиетшілер Каирда өздерін тебіренткен ойларын ашық айтты. Совет жазушылары конференцияда айтыс-стартыстың қалың ортасында болды. Олар Азия мен Африка елдеріндегі қарулас, қаламdas серіктерімен бүгінгі күннің келелі мәселелерін қызу талқылады. Олар бейбітшілік үшін күрес, қарусыздану, халықтардың бейбіт өмір сүруі, мәдени байланыс сияқты мәселелерді көп-көп әнгіме етті. Совет делегациясының ойлары конференция делегаттарына қатты әсер етті.

Каир конференциясында Дели мен Ташкентте басталған әдебиеттер туыскандығы күшейіп, жақсара түсті. Индияның көрнекті жазушысы Мулк Радж Анандтың сөзімен айтқанда, Азия мен Африка жазушылары әдебиеттерді бір-бірімен қауыштырған достық көпірін салды. Бұл салада, әсіресе қос күрлік жазушыларының шығармаларын аударып басу жөнінде көп жұмыстар жасау керек. Конференция кезінде Сенат сарайында Азия мен Африка жазушыларының Совет Одағы халықтарының тілдерінде шыққан кітаптарының көрмесі ашылды. Мұнда біздің қазақ тілінде шыққан кітаптар да бар еді. Революцияға дейін жазу-сызыы болмаған

халықтардың тіліне аударылған өз шығармаларын көр-ген жазушылар мұны «Мың бір түндегі» ғажайыптардай бағалады. Азия мен Африка жазушыларын аударуда біздің өзбек туыстарымыз табысты көрінді. Олар үнді мен үрду, араб тілінен тікелей аударатын дәрежеге же-тілті. Бұл да, бізді ойландыратын жақсы іс.

Конференцияда Азия мен Африка елдерінің тарихын қайта жасау мәселесі, олардың мәдени рухани дамуының бағыт-бағдары көп-көп сөз болды. Бұл мәселені талқылау үстінде олар патшалы Россияның шет аймақтарғы артта қалған мешеу халықтарының Совет үкіметі жылдарында, тарихи қысқа мерзім ішінде, соңшалық биік мәдениетке ие болып, ғылым мен техниканы өркендіктен мол тәжірибесін мұқият зерттеп, үйренгісі келеді. Біздің өткен жолымыз көп елдерге сабак, қазіргі өміріміз — үлгі, өнеге.

Төрт күнге созылған конференцияда Азия мен Африка жазушыларының ынтымағы мен бірлігінің айғағындағы болып аса маңызды документтер қабылданды. Олардың ішінде жалпы декларация, бүкіл дүние жүзі жазушыларына үндеу, Азия мен Африка елдері студенттеріне үндеу және басқа документтер бар.

Конференция делегаттары Алжир мен Ангола халықтарының азаттық жолындағы курсеін бірауыздан қостады. Ангола халқының басшысы ақын А. Нетаны тұтқыннан босатуды талап етті. Сонымен бірге олар барлық елдерді Антуан Гизенганы азат ету үшін құресуге шақырды, шетелдік монополиялары мен олардың жалдамалы жендеттерінің Конго ісіне араласуына тиым салуын Біріккен Үлттар Ұйымынан талап етті. Конференцияға қатысушылар Европаның прогрессіл жазушылары Азия мен Африка жазушыларының игілікті ісін куаттап қосылады деген сенім білдірді.

Конференция аралығында жазушылар жұмысын реттеп отыру үшін 23 ел өкілдерінен Тұракты атқару комитеті құрылды: Оның мәжілісі жыл сайын өткізіледі. Ал жазушылардың конференциясы екі жылда шақырылады. Сонымен катар, Коломбо қаласынан «аударма жөніндегі орталық» үйымдастырылмақ. Каир конференциясы белгіленген келелі істі жүзеге асыру үшін — Азия мен Африка елдері әдебиеттерін мол аударып, жазушылар ынтымағын күшету үшін Тұракты бюро қыруар көп жұмыс жасауы керек. Бұл комитет жұмысын бұрынғыдан да салмақтандыра, ауырландыра түседі.

Индонезия жазушыларының ұсынысы бойынша, Африка мен Азия жазушыларының кезекті конференциясы Индонезияда өткізілетін болды.

Корыта айтқанда, Каир конференциясы Африка мен Азия жазушыларының бірлігін, ынтымағын нығайта түскен тарихи оқиға болды.

— — —

### **КАИРДЕГІ МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ**

1958 жылы Азия мен Африка елдері жазушыларының Ташкентте өткен бірінші конференциясы өзінің же текші орталығын — Тұрақты бурыны құрды, бұл буровесі скі ұлы континенттегі әдеби қозғалысқа басшылық етуге тиісті болды. Оның тұрақты мекені, Цейлон жазушыларының тілегіне сәйкес, Коломбо болып белгіленді.

Содан бері бірсыныра уақыт өтті. Екі континентте де бостандық пен тәуелсіздіктің түрлі-түсті жалаулары көбейді. Толықсан әдебиеттердің карт емен, қадірмен бәйтеректерімен қатар жас күштері және жапырак жайды. Ұлт-азаттық куресінде, тәуелсіз жас мемлекеттердің ұлттық мәдениетінің туып, қалыптасуында жазушылар барған сайын елеулі роль атқара бастады.

Міне, бұл тұста Коломбодағы Тұрақты буров қалай жұмыс істеп келді. Шынына келсек, бюро дағы істің жайы мүлде мәз емес. Біз екі континенттегі елдер әдебиеттерінің өсуіне қайтенде Азия-Африка жазушыларының бірлесе жауап беруіне жетуді қалаймыз. Міне сол себептен де таяуда Каирде Тұрақты бурының он мүшесінің алтауының қатысуымен арнайы мәжіліс өтті. Мұнда біздің өз үйыммыздың жұмысына деген үлкен мазасыздықиен жиналғанмызды жасырғым келмейді.

Буров үйимдастырушылары үшін ең алғашқы алаңдатарлық белгі біздің бас секретарымыз Сенанаякенің Каирге Азия мен Африка елдері жазушыларының кезекті екінші конференциясына келіп есеп беруден бастартқандығы еді. Бұл бұдан төрт жыл бұрын болатын. Бурының есебін Каирде дайындық комитетті мүшелерінің тізе қоса отырып даярлауына тұра келді. Бас секретарьдың басқа жұмыстардан қолы тимегенімен де, өйткені ол жазушы емес, көсіпкер ғой, ол есеп беріп, біздің жоғары органдармыз — конференцияға қатысушылардың пікірлерін тың-

дауға міндетті болатын. Біздің түсінігімізше, дұние жүзіндегі екі үлкен континенттегі әдеби қозғалысқа басшылық етіп, бағыт беруге тиісті бас секретарь үшін тапсырған іске жауапкершілікпен қараң, өзіне деген сенімді актауға тырысадан құрметті іс болмауға тиіс еді.

Міне сол себептен де 1962 жылғы Каир конференциясы Қоломбодағы бюроның жұмысын жандандыру жайында бірсыныра шара белгілеп, дұрыс қадам жасады. Алайда жұмыстың бұл шағын программасының өзі де сол күйі орындалмай қалды.

Оның есесіне біздің бас секретарымыз басқа бір программаны бұлжытпай жүзеге асырып отырды. Ол Тұрақты бюроның бар правосымен пайдаланып, өз бетімен өкілдік етуге тырысты. Міне, бұл біздің бар жұмысымызды түйікқа әкеліп тіреді. Ұлт әдебиеттерінің заңды өкілдерін әдебиеттен хабары жоқ өзге біреулермен алмастыру, бұл әдебиеттердің заңды талаптарын ескермеу, Ташкент пен Каир конференцияларының, сол сияқты үйімнің Индоазиядагы атқару комитетінің шешімдерін елемеу — бұрынғы бас секретарьдың іс сиқы міне осындей болды. Мәселені кеңесе шешу ұмытылып, тапсырылған іске бірлесе жауап беру өз жайына қалды. 2—3 адам бюроның өкілдігінсіз көптеген елдерді аралап, Каир конференциясының шешіміне карсы сөздер сөйледі. Оның үстінен соңғы үш жыл ішінде Тұрақты бюроның сессиялары бір рет те шақырылмагандығын да ескертे кетуім қажет. Ал Каир конференциясының шешімі бойынша жылына екі рет бюро өтуі, яғни соңғы үш жылда оның алты мәжілісі шақырылуы тиіс болатын.

Сонымен бірге Каир конференциясы Тұрақты бюроны бұрын жоқ жерлерде Азия-Африка елдерінің әдеби байланыс комитеттерін құрып, олардың барларын нығайта түсуге міндеттеген болатын. Конференция бюроны осы комитеттердің жұмысын үйлестіріп, бұл елдерде әдеби қозғалысты кеңейтуге күш салуға шакырды. Өкінішке қарай бюро төрт жыл ішінде бірде-бір байланыс комитетін құрған жоқ, бұрыннан бар комитеттердің жұмысын үйлестіруді мүлде естген шығарды.

Коломбодағы бюроның бас секретары тіпті жеңіл-желпі хабармен де шұғылдаибағандықтан, үлттық комитеттердің қызметіне селқос қарағандықтан, бюроның көптеген мүшелері бұл комитеттерде не істеліп, не қойып жатқандығынан бейхабар болды. Секретариат Азия-Африка елдері жазушыларының қалауы мән ықыласы

бойынша бұл елдер жазушыларының арасындағы байланысты нығайтып, кеңейту бағытында көптеген маңызды шарапарды жүзеге асырған совет жазушылары комитетінің жұмысына назар аудармады.

1964 жылы Москвада Азия мен Африка елдері әдебиеттерін зерттеу және аудару жөнінде семинар болды, оған 17 елдің жазушылары қатысты, 1965 жылы біз халықаралық симпозиум өткізіп, Азия-Африка елдері әдебиеттеріндегі әңгіме жанрының жағдайын талқыладық. Ал өткен жылы Жапония жазушыларымен бір семинар, бір симпозиум және өткіздік.

Бұл жылдар ішінде Совет Одағында Азия мен Африка елдері жазушыларының жүзденген кітаптары басылды, көптеген мемлекеттердің — Біріккен Араб Республикасының, Үндістанның, Жапонияның, Суданың, Вьетнамның, Алжирдің, Марокконың, Сенегалдың, Кенияның, Пакистаның, Ливаның, Монголияның, Ауганстанның Түркіяның, Камбоджаның және басқа мемлекеттердің жазушыларымен делегациялар алмасылды.

Егер Коломбодағы бюроның бас секретары байланыс жөніндегі үлттық комитеттердің жұмысына назар аударған болса, онда оның біздің ісіміздің даму барысы жайында азды-көпті мағлұматы болған болар еді. Өкінішке қарай, біздің бас секретарымыз Сенанаяке өз борышына селкос та самарқау күйінде қалды. Тарихтың дәл осындағы ең бір жауапты кезеңінде, империализм бейбітшілік пен демократияға қарсы шабуыл жасап отырған шакта, үлт-азаттық қозғалыстары қауырт өрлең тұрган тұста біздің бас секретарымыздың бәріміздің ортақ ісімізге бұлай менсінбей селкос қарауын ешбір кешіруге болмайды!

Іс жүзінде бұл байланыстар кеңейтілу орнына тарыла түсті, тіпті кей жерлерде оның бұзылуына жол берілді. Бұл біздің көшілігіміздің Коломбодағы Сенанаякенің басқарған бюроның әдеби қозғалысымызға қандай да бір пайда келтірер-ау деген үмітін қалдырмады.

Сенанаякенің соңғы бір қылышы ерекше назар аударлық болды. Бюроның мүшелерімен ешбір келіспестен, оның үстіне олардың ризалығының ол өз бетімен Пекинде Төтенше конференция өткізуге үйғырды. Біз Сенанаякенің бюроның 2—3 мүшесінің ғана құптауымен мұндай конференция өткізуге шешім қабылдауын барып тұрған жауапсыз нәрсе деп есептейміз. Оның зиянды

қызметінің нәтижесі бюроның басқа мүшелеріне де көленке түсіреді.

Міне осыған орай Каирде Тұракты бюро сессиясының шақырылуы әрі заңды, әрі кезек күттірмейтін іс еді. Каирге толық праволы он мүшениң алтауының — Цейлонның, Үндістанның, Совет Одағының, Біріккен Араб Республикасының, Суданның және Қамерунның өкілдері келді. Жазушылар қозғалысының жайын ойлап ма-засызданған олар, бұдан көп уақыт бұрын Египет жа-зуышылар одағынан, оның бас секретары Юсеф әл-Си-байдан осы сессияны өткізуге жәрдемдесуді сұраған болатын.

Қазіргі курделі жағдайда, тіпті одан да дәлірек етіп айтсам, біздің қозғалысымыздың сын сәтіне, осы қажеттікті танып, біздің қозғалысымыздың бір тарауын тәмәмдеп, оның жаңа Каир тарауын ашуымызды құп алғаны үшін Египет жазушыларына және Сибаидың жеке өз басына алғыс айтамыз.

1962 жылы Азия-Африка елдері жазушыларының Каир конференциясында жарияланған колективтік жауапкершілік принципінің Каирде қайтадан қалпына кетірілуі біз үшін қуанарлық та сүйсінерлік іс болды.

Азия-Африка елдерінің әдеби қозғалысында енді тек қана нағыз әдебиетшілер катысуға тиіс екенін тағы да дәлелдеп бердік.

Бұл принциптер енді қалыбына келтірілді. Тұракты бюро қайта жаңартылды. Оның тұрақты мекеніне Каир тандалды. Бас секретары Юсеф әл-Сибаи болды.

Каирда қайтадан жаңғыртылған бюро көптеген нақты, әрі маңызды міндеттерді жүзеге асыру ісін белгіле-ді. Алжир мен Вьетнам ақындарының жинақтарын шығару, бюллетеньдер мен тоқсан сайын әдеби журнал шығару жайындағы программа арнаулы үндеу түрінде бюроның барша мүшелеріне жөнелтілді. Пакистанда поэзия семинары өткізілетін болады. Цейлон, Үндістан, Судан және Біріккен Араб Республикасы өкілдерінен Азия мен Африка жазушыларының кезекті үшінші конференциясын өткізу мәссесесі жайында тиісті топ құрылды.

Тұрақты бюроның Каирде өткен сессиясы Вьетнам халқының американ империализміне қарсы ерлік күре-сін қуаттап, мақұлдаған қаулы қабылдады.

«Африка мен Азия жазушылары атынан,— делінді ол қаулыда,— біз Америка Құрама Штаттарының Вьет-

намға карсы жүргізіп отырған агрессиясын, сол сияқты олардың вьетнам халқын өзіне бағындырымақ болған тағылық әрекетін үзілді-кесілді айыптаймыз.

Біз Оңтүстік Вьетнамды азат ету жөніндегі Ұлттық майданды қызу қолдаймыз және 1954 жылғы Женева келісімінің жүзеге асырылуын талап етеміз.

Біз Азия-Африка елдерінің сол сияқты бүкіл дүние жүзі елдерінің жазушыларын қолдарындағы бар қару, бар күшін жұмсаپ, Вьетнам халқының азаттық, тәуелсіздік, өз еркі жолындағы әділ күресін қолдауға шакырамыз».

— • —

### **ӘДЕБИЕТІМІЗДІҢ ІЗГІ ДӘСТУРІ**

Көп ұлтты совет әдебиеті өзінің туған күнінен бастап интернационалдық рухтағы әдебиет болды. Басқа халықтардың қайғы-қасіретін ол өз қайғы-қасыретіндей көрді. Ол әуелден-ак айбынды революциялық гуманизмді бойына сініріп өсті.

Михаил Светловтың «Гренада» деген елеңі совет әдебиетінің осы абзал қасиетінің бейнебір ақындық символы тәрізді. «Гренада»— қарапайым орыс жігіт туралы, Испаниядағы гренадалық бауырларын ұмытпайтын, онда да өзінің аға-інілері қанаушылықтан құтылу үшін күресіп жатқанын біletін жігіт туралы өлең. Не болмаса XX ғасырдың прозалық шығармаларын, мысалы, Всеволод Ивановтың партизан повестері мен Александр Фадеевтің «Тас-талқан» повесін алыңыз. Әңгіме бұлардағы қаһармандардың орыс, украин немесе Солтүстік тайпаларының өкілдері болуында емес, әңгіме бұл шығармалардың түп төркіні жағынан болсын, идеялық-көркемдік бағыты жағынан болсын интернационалдық болуында.

Ұлт-азаттық күрес тақырыбы — біздің әдебиетіміздің ежелгі дәстүрі. Мұны тіпті ауыз әдебиеті шығармаларынан байқау да киын емес. Халық творчествосында терең патриотизм басқа елдерді, басқа жүрттарды қадір тұтып құрметтесумен астасып жатады. Бұған мысал ретінде орыстың батырлық эпосы «Игорь полкі туралы сөзді» азербайжаның «Көр оғылышын», қыргыздың «Манасын», қалмақтың «Жәңгірін», өзбектің «Алпамы-

шын», қазактың «Қобландысының», армянның «Давид Сусанскийін», грузиннің «Жолбарыс терісін жамылған батырын» атауға болар еді.

Ұлт намысын арашалау, өз Отанын шапқыншылардан қорғау ниетінен белгілі бір тарихи жағдайларда шовинистік немесе ұлтшылдық бағыттағы шығармалардың пайда болғаны рас. Алайда біздің әдебиетіміздің бір жақсы қасиеті — ол шытырман тарихи оқиғаларды суреттеуде көбінесе шынайы интернационализм багытында болды.

Орыс патшасы жауап алу саясатын жүргізіп, отарлық басқыншылықты жүзеге асырған жылдарда орыстың көрнекті жазушылары басқа халықтарды қанап отырған халықтың өзі, шынтуайтқа келгенде азат бола алмайды деген дұрыс пікірді қостап шықты.

Олар патша өкіметінің езгісіндегі халықтарды барынша қадірлеу рухына толы, есте қаларлық тамаша шығармалар туғызыды. Лев Толстойдың «Хаджи-Мұрат» повесін еске түсірейікші. Мұнда орыс әдебиетінің кеменгері тау халықтарының өз бостандығы жолындағы күресін үлкен шыншылдықпен, нағыз жанашырлықпен суреттеді.

Сондай-ақ, Россияның ұлт аймақтарының алдыңғы қатарлы интеллигенциясы патша өкіметінің басқыншыларынан орыстың демократиялық мәдениетімен бірге келген прогресті ажырата білді. Бұған аса көрнекті жазушылардың, мәселен, азербайжан Мырза Фатали Ахундовтың немесе қазақ Шоқан Уалихановтың шығармалары толық дәлел.

Осы ізгі дәстүрдің зор маңызын көрсету үшін тым әріrek замандарға жүгінудің қажеті жоқ. Фашизм Испанияны қанға бояған қаһарлы 30 — жылдарды еске түсірейікші. Міне тап сол кезде барлық әлем орыс адамдарының Гренадата болысқысы келген қарапайым жігіт жағында сценін өз көзімен көрді.

Антифашистік майданның алдыңғы салында испан және совет жазушыларымен бірге американ Эрнст Хемингуэй мен неміс Людвик Ренн, ағылшын Ральф Фокс пен венгер Матэ Залка күресті. Бұлардың кейбіреуі Испанияның бостандығын қорғауга өз үнін көтеріп қана қоймай, сонымен бірге колына кару алып, кын-қыстау күндерде азаттық үшін арпаласып жатқан испан халқына жәрдемдесті.

Совет жазушылары Ұлы Отан соғысы жылдарында

фашизмге қарсы қаруымен де, қаламымен де соғысты. Ал бұл соғыста Совет Одағының халықтары өз бостандығын корғау арқылы дүние жүзіндегі барша халықтың мүддесін қорғағаны белгілі. Біздің 900 жазушымыз майданға аттанды, олардың ішінен үш жүзі елге оралмады.

Осы әділетті куресте бізге немістік антифашист жазушылары Иоганнес Бехер, Фридрих Вольф, Вилли Бредель, Анна Зегерс, сол сияқты венгер, чехословак, фин, поляк жазушылары қол ұшын берді. Европаның құлдыққа түскен барлық елінде фашизмге қарсы даңқты қозғалыс қатарында ең талантты, ақ жүрек әдебиетшілер шайқасты.

Ұлы Отан соғысы совет халқы үшін ауыр да қатерлі сый болды.

Біздің әдебиетімізде бұл дәүірдің оқигалары асқақ шабытпен жырланып келеді, келешекте де жырлана бермек. Тек біз емес, Отан соғысы тақырыбына басқа елдер әдебиетшілері де назар аударып отыр. Михаил Шолоховтың «Омар Отан үшін алысты» романының жеке тараулары және оның «Адамның тағдыры» деген әңгімесі, Александр Фадеевтің «Жас гвардия» романы, татар ақыны Мұса Жәлілдің фашист зынданында жазған өлеңдері жүртшылыққа әбден таныс. Константин Симоновтың Ұлы Отан соғысы туралы романдары, Борис Полевойдың «Нағыз адам туралы аңыз», Александр Бектің «Арпалыс» («Волоколамск тас жолы») деген шығармалары, Олесь Гончардың, Бауыржан Момышұлының кітаптары дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылды. Міне осы шығармалар сол сияқты совет жазушыларының бұдан басқа да шығармаларында соғыстың ауыр күндері тарихи түрғыдан дәл, көркемдік түрғыдан айқын, философиялық түргыдан терең бейнеленген, фашистік жыртқыштыққа қарсы аттанған халықтың адамзат алдындағы жауапкершілік сезімі, бостандық сүйгіш рухы жақсы берілген.

Совет Одағының, басқа да бостандық сүйгіш елдердің екінші дүние жүзілік соғыстағы жеңісі шыя мәнісінде дүние жүзілік тарихи кезең болды. Фашизм талкандалып, социализмнің қуатты лагері құрылғаннан кейін отаршыл империялар күйрей бастады. Арқа сүйер мықты тірегі болған соң Азия мен Африка халықтарының үлт-азаттық қозғалысы отаршыл мемлекеттердің іргесін шайқалтып оларға сілейте соққы берді. Енді әлемнің

сағын картасымен қоса әдеби картасы да тез өзгере бастады.

Совет жазушылары мен біздің бүкіл советтік творчестволық интеллигенция езілген халықтардың азаттық жолындағы күресін өз күресінен кем көрмейді. Соғыстан кейінгі жылдары совет әдебиетінде жазушыларымыздың Африка мен Азия халықтарының өміріне арналған бірсыныра шығармасы жарық көрді. Бұл жөнінде Николай Тихоновтың өлеңдерін және оның «Ақ керемет» романын, Мырза Тұрсынзаданың «Үнді хикаясын», Асхат Мұхтардың «Менің замандасымның сыры» романын, Евгений Долматовскийдің «Африка бейне жүректей» деген өлеңдер жинағын атаған жән.

Біздің оқушыларымыз азат етілген елдердегі революциялық қозғалыс пен элеуметтік өзгерістерді көбірек білуғе құмар. Оларға Африканың, Азияның, Латын Америкасының бостандық пен тәуелсіздік жолында өмірін құрбан еткен ұлттық батырларының бейнесі әрі етene жақын, әрі қымбат.

Ленинград жазушылары Вениамин Ченцов пен Александр Смолян өздерінің «Осында, Африканың тап орталығында» деген повесінде Конгоның ұлттық батыры Патрис Лумумбаның жарқын бейнесін жасады. Бұл повесті ВЛҚСМ Орталық Комитетінің «Молодая гвардия» баспасы шығарған болатын. Бай фактілерді мол пайдалана отырып, авторлар өте әсерлі шығарма жазған. Африка халқының ардагер ұлы Патрис Лумумбаның балалық шағынан бастап қаза тапқанына дейінгі өмірі бұл повесте көз алдында тұрады.

Авторлар өз қаһармандарының сөздері арқылы Лумумбаның ұлы идеяларын елестетеді. «Студенттер, жұмысшылар, қызметшілер — міне бұлар муконгтардан да, д'спирондардан да күшті, мың мәртебе күшті, әлі-ақ олар Лумумбаның өлсе де саптан шықпағанын дүйім жүртқа паш етеді. Лумумба бар ғой,— түсінсем, оңайлықпен өлетін, оңайлықпен жециле қоятын адам емес!» Жұмың дана тиражben басылған бұл повесть ілездे тарап кетті, оқушылар оны құмартса қарсы алды.

Нәсілшілдердің фашистік тәртібіне жер үстіндегі әрбір адад ниетті адамның жаны қас. Біздің еліміздің әдебиетшілері де бұл масқара нәсілшілдікті өз шығармаларымен айыпташ отыр. Онтүстік Африка одағы туралы өзінің әңгімелер жинағын жас жазушы Александр Иванченко «Жәбір көрген жүлдыздар» деп атады. Жур-

налистиң, жазушының жіті көзі біздің заманымыздың адам айтқысыз тағылық пен правосызыдықты көреді. Бірақ сонымен бірге автор осы жан түршігерлік дүниеден жаңалықтың өркендерін де, адамдардың бостандыққа, күнге, жарық сәулеге үмтىлған қадамын да байқайды. Жазушы бұл елде ак нәсілшілдерге күн жоқ екенін, шексіз зұлымдықтары үшін олардың көп ұзамай сазайын тартатынын аңғартады.

Совет жазушысы Василий Захарченконың Мали тіршілігі туралы жазған «Карлығаштар Африкадан ұшып келеді» деген шағын кітапшасы окушылар жүргіне жол тапты. Ежелгі халықтың жаңа өмірге қадам басканың, оның мәдениетін, бұл елде қазір болып жатқан өзгерістерді автор ерекше шабытпен әсерлі баяндайды.

Қанаушыларға карсы күресте мойымайтын, қайсар Боливия жұмысшы табына Леонид Соболев өзінің «Алтын тактағы қайыршы» деген кітабын арнады. Ол — бұл елге парламент делегациясының құрамында бірінші болып барғандардың бірі. Боливияның қарапайым адамдарымен диарласу жазушының ой-толғанысыча мол материал берген. Қоркем сөздің асқан шебері қеншілер мен студенттер туралы тебірене жазады, елдің үміткер болашағы — жастардың революциялық ой-мақсатын сүйсіне әнгімелейді. Бір жиында ол қеншілерден: «Халық дайын асқа мәз бол отыра бермейді... Біз енді күштіміз, сондыктан біз қымыл-харекет жасаймыз» деген сөздер естиди.

Ангола, Мозамбик, Португалия Гвинеясы, Жасыл мүйіс аралдары патриоттарының қарулы күресі — көп-теген совет ақындарының жалынды өлец-жырларының тақырыбы.

Біз басқа елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын күллі адамзаттың прогресс жолындағы ортақ шेरуінен бөліп көрген емеспіз. Совет әдебиетшілері әрқашан бірде-бір шын жазушы өз заманындағы әлеуметтік қозғалыстардан шет қала алмайды деп біледі.

Сондыктан Дж. Олдридждің «Ең соңғы қуындалушы» романы — Африка мен Азия халықтарының ұлт-азаттық күресіне қосылған үлкен үлес. Советтің окушы қауымы планетамыздың қандай да бір елеулі оқиғаларын қалт жібермейтін Грем Грinniң романдарын жоғары бағалайды. Австралия жазушысы Уэстің «Иностранный литература» журналының арнаулы санында жарияланған «Елші» романы да бізге мәлім. Бұл роман

күресіп жатқан Вьетнамға тілектестік жырын шертеді.

Ұлт-азаттық қозғалысының маңызды буыны — ұлттық дербес мәдениетті қалыптастырып, өркендету жолындағы, империализмің идеологиялық агрессиясына қарсы күрес. Совет оқушылары қазір, XX ғасырда өз мемлекетін орнату, өз тәуелсіздігі, өзінің материалдық және рухани мәдениетін көркейту жолында күресіп жатқан барлық елдер мен халықтар әдебиеттерінің дамуына мүқият зейін қойып келеді. Ендеше шетел жазушылары шығармаларының біздің елде аударылуы — әбден заңды құбылыс. Қейінгі жылдары Азия, Африка, Латын Америкасы елдері ақындары мен прозашыларының жүздеген шығармалары Совет Одағы халықтарының тілдеріне аударылды.

Жапон жазушылары Исиқава, Хотте, Кайко, Қобо Абэ және басқаларының, вьетнам жазушылары Нгуен Динь Тхи, То Хыу, Нгуен Нгог, Вуй Диң Ай, Нгусен Тхань, Ань Диң және басқаларының шығармалары империализм мен отаршылдыққа қарсы күресте күшті құрал екенінде дау жок.

Совет оқушысына Деннис Осадебэй, Леопольд Сен-гор, Эме Сезар, Сембенә Осман, Спириан Эквенси сияқты Африка жазушыларының есімдері жақсы таныс.

Соңғы жылдары араб әдебиетінен аударылған шығармалардың салын едәуір көбейді. Совет оқушысы Египеттің ірі көркем сөз шеберлері Tax Хусейнпін, Нагиб Махфуздың, Юсеф Идрістің, ирандық әл-Джавахири, судандық әл-Фейтури сияқты тамаша ақындардың, иран жазушылары Фуад Текерли, Абдель Малик Нури және басқаларының әңгімелерін ұннatty. «Қазіргі араб новеллалары» деген үлкен жинақ және «Араб елдерінің жас ақындары» деген өлеңдер жинағы совет оқушыларын араб өкілдерінің көптеген жазушыларымен, ақындарымен таныстырыды. Египеттің әйел жазушысы Латифа Заяттың «Есік ашық» деген романы да орыс тіліне аударылды. Мұнда 1956 жылдың оқиғалары — Египтеге қарсы империалистік агрессияны тойтару жайы сөз болады.

Бұған коса біздің араб достарымыз Tax Хусейннің, Нагиб Махфуздың, Юсеф Идрістің романдары әркайсысы 100 мың дана тиражben басылып шыққанын айтуда керек.

Бізге қытайдың да, корейдің де, арабтың да, жапонның да, түркітің де ұлт-азаттық күресте бай дәстүрлері бар, дүние жүзілік мәдениетке өз үлесін қосқан басқа

да әдебиеттердің шығармаларындағы жақсылық атаулының бәрі қымбат. Біз Ангола мен Мозамбик, Қамбоджа мен Кения, Нигерия мен Цейлон, Оңтүстік Африка республикасы мен Мадагаскар, Пакистан мен Иран әдебиеттерінің дамуын шын достық ниеттен қадағалаймыз. Ұлт-азаттық күрес жүргізіп келе жатқан халықтардың творчествосымен совет оқушыларын таныстыруды біз ұлт азаттығы жолындағы күрескерлерге қолма-қол туысқандық көмек көрсеткеніміз сияқты өзіміздің интернационалдық борышымыз деп санаймыз.

Эрине, біз бұл жөнінде бәрін тындырып таstadtық деп айта алмаймыз. Азия, Африка, Латын Америкасы жазушыларының елеулі шығармаларын бағалауды еліміздің интернационалдық борышымыз деп санаймыз.

Өзінен бұрынғы классик-реалистердің тамаша дәстүрлерінен айнымайтын, интернационалдық ынтымақ принциптерінен совет жазушылары қандай да бір ел халықтарының ұлт-азаттығы жолындағы күрсін белсene жактап келеді және жақтай береді де. Міне, мұның өзі біздің империализмге карсы күрескен бұрынғыдан да белсене, дәйектілікпен, қолда бар құралдың бәрімен қатысуға міндеттейтіні хак.

---

### **АЗИЯ-АФРИКА ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖАҢА БЕЛЕСТЕ**

Азия мен Африка адам баласының ең көне бесігі. Дүниелік ой-сананың ең алғашқы серпілісі де осы екі жиһанда туыпты десек, оған ешкім таңданбаса керек. Фылым мен мәдениет, архитектура мен поэзия, данышпандық пен философия, музыка мен би, мырзалық пен мейірімділік, сұлулық пен сүйіспеншілік мұралары осыны айтады. Әділет ең бірінші ізгілік деп танылған кездері бар. Құш әділетте, заңдылықта, мейірімділікте, сұлулықта, сүйіспеншілікте деп танылған кездері бар. Бұл алғашқы тұнық ой, терең сезімнің белгілері ғой.

Сонымен бірге адам баласының тарихында Азия-Африка елдерінің басынан өткен соңғы бес ғасырында қайғыға толы, қасіретке толы, құлдыққа толы, қорлауға толы заман болған емес. Адам дегеннің, халық дегенің сонша қорлануына, соған төзіп, жойылып кетпеүіне таңданасың.

Белгілі жай, Азия-Африка елдерінің жаңа заманы элеуметтік және ұлт-азаттық жолындағы революциялық қозғалыстардың жеңісі арқылы туды. Жаңа идеяларымен келген жаңа заман Азия-Африка елдерінің көпшілігі үшін XX ғасырдың екінші жартысынан басталғаны да мәлім. Бірінші дүние жүзілік соғыс бірнеше патшалардың, бірнеше корольдардың тәж-тағынан айрылуымен аяқталып еді. Дүние жүзілік екінші соғыс отаршылдық туларының кирай құлауына әкеліп соқты.

Демократиялық бағыттағы барлық адам баласы бұрын отаршылық құлдығында болған елдердің азаттығына шексіз қуанды. Адам өгіз емес, иықтан басқан лагынет қамыт — темір бұғаудың талқандалуына қуанды. Азат адам еңсесін көтерді. Қара туларды құлатқан, қару алған ақ білектер, сарғылт білектер, қара білектер азаттық туларын бірлесіп көтерді. Үндінің ерке әндере дүние кезіп кетті. Отаршылардың ойынша тағылықтың даңғазасы деп танылған там-там нәзік сезімді Африка халықтарының көп тілді, көп дауысты симфониясы екен! Азия-Африка деп аталатын екі алып Гималай, Килиманджаро таулары сияқты екі асқар екенін танытып келеді.

Отаршылдық қорлығы құл мен құңғе айналдырган адамның жан-жүргегін, ынта-жігерін аяусыз талқандалғаны даусыз. Темір бұғау, тас зындан адам жанын жасытпай қоймайды. Жасыған жан, жарамсақ жан, жалыншақ жан — өшкен от, жануыш керек, тамызық керек, от үшқыны керек. Тұптеп келгенде ең үлкен жеңіс осы майданда. Осы жеңіске жету үшін, осы жеңісті баянды ету үшін достар білекін сезіну керек, достар үні бытырамай бірлесе шығу керек.

Осы сияқты ертеден белгілі болғанымен, ең маңызды ойды әуелі үнді жазушылары көтерді. 1956 жылы Үндістан астанасы — Дели қаласында Азия жазушыларының бірінші конференциясы болып өтті.

Отаршылдықтың ең соңғы, ең қансоқта дәуіріне кірген империализммен айқас үшін Азия-Африка жазушыларының күш-қуатын біріктіру жолында Дели конференциясының үлкен маңызы болды. Конференция үш түрлі мәселенің бағытын аңғартты:

1. Азия жазушыларының ең күш салар курес майданы — империализм мен отаршылдық;
2. Бұл куресте Азия-Африка жазушыларының біріккен күшке айналуы қажет;

3. Азия-Африка елдерінің әдеби табыстарын аудару арқылы алма-кезек таныстырып отыру керек.

1958 жылы Өзбекстан астанасы — Ташкентте өткен Азия-Африка жазушыларының бірінші конференциясы идеология майданындағы үлкен бір оқиға болды. Ең алдымен, дүние жүзілік әдебиет қозғалысында мұндай үлкен бас қосу болған емес: Ташкентке елу жеті елден 257 жазушы келді. Әр елдің қалам қайраткерлері, өнер қайраткерлері достық мінбесінде еркін тұрып өз жайларымен таныстырды. Ташкент конференциясының әрі мазмұнды, әрі бауырмалдық жағдайда өткені сонша, Азия-Африка жазушылары жылдар бойында «Ташкент рухы» деген екі сөзді ұмыта алған жок. Дүние жүзі алгашқы рет Азия-Африка жазушыларының ызгарлы үнін естіді. Қорлаушыға бөгесін барын, қорланғанға қорғауышы барын таныды.

Сол конференцияда Азия-Африка әдебиет қозғалысының орталық басқармасы сайланды. Оған Тұрақты алқа — Тұрақты бюро деген ат берілді. Цейлон жазушыларының қолқалауы бойынша Тұрақты алқамыз Коломбо қаласына орналасатын болды. Халықаралық әдеп дәстүрді қабылдап, Алқаның бас секретарлығы да Цейлон жазушыларына берілді. Әттең, бас секретарлыққа көрнекті жазушы емес, қатардағы жазушысымак Сенаякке деген «іскер адамның» тағайындалғанын көбіміз кейін білдік.

Сол Ташкент конференциясында туған Азия мен Африканың орталық перзенті — Тұрақты алқа қазір сеғіз жаста. Арада көп үміт күттіріп, бір үмітті актамаған сегіз жыл өтті. Екі ұлы жиһанның екеуінде де азаттық пен тәуелсіздіктің әр түсті тулары көбейді. Жер жүзін мекендерген халықтар өміріне бұл кезге дейін ұшыраспаған оқиғалар, проблемалар араласты. Бірінде үміт, бірінде хаяїп-қатер... бірінен тіршілік үні, енді бірінен өлім үні естіледі. Азаттыққа жаңадағана қолы жеткен елдердің жағасынан отаршылдар шенгелі әлі айрылған жок. Шенгел салаларынан әлі қан сорғалайды.

Азия-Африка елдерінің әдебиеттері де өсу жолында. Ну ормандаған жайқалып толықсан әдебиеттер де ғасырлар жасайтын емен, баобаб, кедр ағаштары сияқты жазушылары бар.

Осындаған жағдайда Азия-Африка жазушыларының ортақ перзенті — Тұрақты алқа деңі сау, еті тірі, есті бала болатын ба, болмаса, ерке бота, есуас болатын ба?

Ата-аналарына осыны анықтап алу — кезек күттірмейтін мәселеге айналды. Есті баладан не күтеріп жұрттың бәрі де біледі, ал есуас баланың қалай арандарын, қайда апарып арандатарын кім біледі? Ортақ баламыздың мінезі күнбек-күн күдіктер туғыза берді. Үсті-басы кір, әке барын, шеше барын ұмыткан, есейген сайын есуастана беретін сияқты. Егер біз Тұрақты алқамыздың он жылдығын Азия-Африка жазушыларының ортақ ісі бытшыт, күл-талқан болғанда тойлағымыз келмесе, әр нәрсені өз атымен атау керек болып қалды. Тұрақты алқаның он мүшесі бар — Цейлон, Индонезия, Қытай, Жапония, Үндістан, Совет Одағы, Біріккен Араб Республикасы, Судан, Камерун, Гана. Мұның өзі Азия-Африка елдерінің жүздеген әдебиетті коллективті негізде басқарып, коллективті жауапкершілік негіздерін бұлжытпай ұстая деген ойдан туған еді. Амал қайсы, Сенанаяке бұл бағыттағы адам болмай шықты.

Коломбодағы Тұрақты алқамыздың хауіпті де жауапсыздық жолына түсіп бара жатқаны бұдан төрт жыл бұрын бой көрсетті. Бас секретарымыз Сенанаяке Азия-Африка жазушыларының 1962 жылы Каирде болатын екінші конференциясына келмей қалды. Екі ұлы жиһан жазушыларының ең жоғарғы органды — конференция алдында есеп беріп, іске пайдалы ұсыныстарды тыңдаудың орнына басшымыздың өзінің қатынаспай қалуы әрине, үлкен сорақылық еді. Ең болмағанда конференцияға жазып жіберген есепті баяндамасы да болмай шықты. Алқаның баяндамасын конференцияны әзірлеу комитетінің мушелері колдан құрастырып, оны оқып шығуды жапон жазушысы Иосио Хоттаға тапсыруға тұра келді.

Біздің түсінігімізше дуние жүзілік әдебиет қозғалысын үйімдастыру үшін, басқару үшін, өзара байланыстарын кеңейте беру үшін, халықты халыққа, әдебиетті әдебиетке жақындастыра беру үшін құрылған орталықтың басшысына бұдан абырайлы, бұдан жауапты іс болмаяу керек. Сенанаяке ол абырайды да, ол жауапкершілікті де аяққа басып, атаққа құмар, абырайлы іске жоқ екенін көрсетті. Сондықтан, Каир конференциясында бірнеше делегаттар бұдан былай Тұрақты алқаны Коломбода қалдыра беру алдағы мақсат-тілектерімізге қайши келетіндігін атап айтты. Бұл жалпы мағынада Тұрақты алқага айтылған сын емес. Сенанаякеге айтылған сын еді.

Аяқтап келгенде, конференция Цейлон жазушыла-

рының берген уәдесіне сенім көрсетті. Цейлон жазушылар делегациясының бастығы Сарананкаара Тхеро — Цейлон жазушылар одағының вице-президенті қайта-қайта сөйлеп, қайта-қайта уәде беріп, Тұракты алқаны Коломбодан қозғамауды арашалап қалды. Цейлонның үлкен бір жазушысы шын мағынасында әлеуметтік үлкен қайраткер, Тұракты алқаның ісін жандандыруға міндеттеме бергеннін кейін, конференция қайтып қысталады жоқ. Алқа Коломбода қалды. Сонымен бірге Тұракты алқаның алдағы күндегі әрекеттерінің шегі айқын болуы үшін жеті түрлі ғана жеңіл программа бекітіп берді. Әттең, амал не, Сенанаяке басқарған секретариат Каир конференциясынан бері өткен төрт жылдың ішінде қабылданған программамыздың бір мәселесін де орындаған жоқ, тіпті қолына да алмапты, Сенанаяке мырза Цейлон жазушыларына көрсетілген сенім мен құрметке өзінше қараған. Тар өткелден туысқан Цейлон жазушыларының иығына асылып өтіп алған соң, елініңabyройын да ұмытқан, өз жауапкершілігін де ұмытқан.

Әңгіме, әрине, ұмытуда емес, алған бағытта. Ол Ташкент, Каир конференцияларының қаулы-қараптарына қарсы бағытта екенін көрсетті. Әр елден ұлттық әдебиет өкілдері кездесу талап етіп, секретариат алдында нешерет мәселе көтерсе де Сенанаяке жауап қайтармай қойды.

Азия-Африка жазушыларының қозғалысы — дүние жүзілік қозғалыс. Жер жүзіндегі әдебиет өмірінде бұдан кең түрде деп танырлық әдебиет қозғалысы болған да емес, жоқ та. Ташкент, Каир конференцияларының көздеген негізгі нысаналары әсіресе екі мәселе жөнінде бұлталакты көтермейтін: біріншісі — ұлт-азаттық қозғалысына байланысты империализмге қарсы құресті нығайта беру, екіншісі — енді ғана аяқтана бастаған қозғалысымызды кеңейте беру, тереңдете беру.

Жоғарыда ескертілгендей адам өміріндегі, елдер өміріндегі қайшылықтар азайған жоқ. Асқына түсті. Жазушылар жұртшылығының ашулы даусын көтерер талай кезендерге кездестік. Бірақ Коломбодағы Тұракты алқамыз енжар да бойкуйез күйде қала берді. Ол аз болса, бірігіп дауыс көтеруге бөгесін жасау әдістерін іздестіретін болды. Біздің заманда демократиялық, коллегиялдық басқару дегеннің ерекше мәні бар. Әсіресе, жүздеген елдердің әдебиетін басқару үшін, әрқайсысының күнделікті мұн-мұқтажын біліп отыру үшін бірлес-

кен, ұйымдастырылған, қол үстасқан басшылық керек. Мұның орнына Сенанаяке Тұрақты алқа мүшелерінің праволарын өз бойына жинап алғып, өз ойлағандарын ғана жүзеге асырумен болып кетті. Он мүшениң ішінен екеу-үшінші мен ғана қоян-қолтықтасып алғып, өзгелерін маңайна жуытпасқа тырысты. Совет Одағынан, Біріккен Араб Республикасынан жәрдем етуге барған жазушыларды Тұрақты алқаның не істеп жатқанымен таныстырмады дейін барды. Элдекімдердің ықпалымен үнді жазушыларын біржола шеттеп жіберді. Тұрақты алқаның 1963 жылы Индонезияда болған сессиясына Судан жазушылары ұйымының бастығы Абдулла Хамит әл Әминді сессияға да қатынастырмады, атқару комитетінің мәжілісіне де қатынастырмады. Оның орнына аяғынан жүрген біреуді Судан өкілі етіп алды.

Осындай әрі отыр, бері отырдың арқасында Азия-Африка жазушыларының қозғалысы кеңеңе берудің орнына, терендей берудің орнына тынысы тарылып, аз ғана бір топтың қолына түсіп кетіп, сөнуге бет алды. Тұрақты алқамыз көңілдестер клубына айналып, өтірік-өсек, айдал салып, арандатудың үясы болып кетті. Жоғарыда аталған Каир конференциясы Тұрақты алқаны — Азия-Африка елдерінде өзара қатынас комитеттерін құрып, ішкі қарым-қатынасты күшайтуге міндеттеген. Оның үстінен Тұрақты алқа сол комитеттердің жұмысына басшылық етіп, бағыт сілтеп, тәжірибе ауыстырып отыруға міндетті еді. Түптеп келгенде, Азия-Африка елдерінің әдеби үлгілерін аудартып, біріне бірін таныстырып отыру, үздік шығармаларды дүниелік көлемге шығарып отыру — Тұрақты алқаның негізгі міндеті болмақ. Африка жазушыларының көбі-ақ осы күнге дейін ағылшын, француз, испан тілдерінде жазады. Тағы біраз елдер басқа бір тілдерден аударады. Бұл әлі жолға қойылмаған, шешімі табылмаған ауыр міндеттердің бірі. Сенанаяке бұл жайларға әрі бей-жай, әрі безіне қараумен келді. Каир конференциясында алынған программа бойынша барлық қолдан келерді істемегенімен, істеуге қарай бірлі-жарымды адым жасар деп күтіп едік, ол үміттен үзамай-ақ баз кештік. Осының салдарынан қозғалыстың алғашқы дәүіріне белсене қатынасқан талай ірі жазушылар, жеке жазушылар түгіл талай елдердің ұйымдастырылған жазушылары қозғалыстан үміт үзіп шеттеп кетті. Қозғалыс түйікқа тірелді. «Енді қайтеміз?» деген сұрау туды.

Каир конференциясы Тұракты алқаның сессиясы кем дегенде жылына екі рет шақырылып тұрсын деген қаулы алған болатын. Алқаның жұмысы түгелімен бас секретарьдың басқаруына берілгендейтін коллегиялық басқаруды, коллективті жауапкершілікті бұлжытпай сақтау үшін бұл қаулының маңызы өте зор еді. Бақсак, Сенанаякенің ең жаны түршігетіні де, ең корқатыны да осы екен. Соңғы үш жылдың ішінде Тұракты алқаның сессиясын ең кемі алты рет шақырудың орнына бір рет те шақырылған жоқ. Алқа мүшелері түгел бас қосып, ақылдастып басқарудан біржола айрылды. Ал, бұл үш жылдың ішінде әлеуметтік курес көзімен қарасақ та, таза әдебиет тілектері тұрғысынан қарасақ та алдымызды кесек-кесек мәселелер тұрды. Алқа басшылығы біріне де көніл аудармады.

Шынын айтсак, алқа мүшелері Сенанаякенің әдебиет қозғалысына ірткі салған жат мінездеріне тым ұзак шыдамдылық жасап келді. Тарихтың өте бір отты кезеңінде отырып осынша шыдауға жол жоқтығын да, мұндай жүгендіздікке жол жоқтығын да айттар уақыт өтінкіреп кетті. Аяқтап келгенде, айтылды да, кесіп айтылды.

Тұракты алқаның мүшелері өзара бас қосудың көрктігі көптен ауызға алынып жүретін. Әсіресе қан төгіп, қайрат көрсетіп жатқан вьетнам халқына достық үнін қосып, американ агрессорына қарсылық білдіруде тым кешеуілдеп қалғанымыз батып кетті. Осы жағдайлар жанға батқандықтан Тұракты алқаның оншын алты мүшесі Каирға жиналып Алқаның төтенише сессиясын өткіздік.

Екі күнге созылған сессияда делегаттардың айрықша көніл аударғаны бас секретарьдың содырлы әрекеттері жайлы болды. Сессия қатал болса да әділ баға беріп, Сенанаяке туралы мынадай тоқтамға келді: «Ол іс жүзінде секретариаттың берекесін кетірді және қызмет бабын жиі пайдаланып, бюро ешбір өкілдік, ешбір келісім бермеген әрекеттермен айналысты».

Бұл тоқтам қандай себептерден туғаны жоғарыда айтылса да тағы бір мысал келтіре кетейік. Біз Каир сессиясын биылғы июннің 19—20 күндері өткіздік. Алқаның жандандыру мәселелерін қараумен бірге американ басқыншыларына қарсы белден қан кешіп алысып жатқан жауынгер вьетнам халқының ерлік куресіне Азия-Африка жазушыларының айбарлы үнін косу еді.

Осы тұста Қоломбодағы Тұрақты алқамыз екі-үш мүшениң қабылдауымен Пекинде төтенше конференция өткізуге қаулы алыпты.

Ең елеулі, әрбір төтенше шаралар өзінің уақытында өткізілсе ғана пайдалы болады. Егер, Сенанаяке мен оның достары въетнам халқына достық белгісін көрсетудің қандай мәні барын жете бағаласа, ондай төтенше кездесуді соңғы үш жылдың ішінде алты рет өткізген болар едік! Және түсінген шошып оянған күні емес, көп болып ақылдасып, мән беріп өткізген болар едік.

Екінші, сессияны қашан шақыру, кай жерге шақыру Тұрақты алқаның екі-үш мүшелерінің ғана правосы емес. Оған алқа мүшелерінің түгел ырзашылығы керек.

Үшінші — конференция шақыру Тұрақты алқаның правосына жатпайды, жиырма үш елдің жазушыларынан құралған атқару комитетінің правосына жатады.

Коломбодағы Тұрақты алқаның аяғы осымен тынды.

Каирде өткен сессияда Сенанаякенің тағы бір қараңғы ісі ашылды. Оны 1962 жылы Сенанаякені қорғап калған Сарананкаара Тхероның өзі ашып берді. Қейін өзі ие болып қалатын үмітпен Сенанаяке бір үйді жөндеуге орталық қордан отыз мың рупия ақша жұмсаған. Әрі ортақ ісімізді былықтырып болғанына жөздері жеткен соң, әрі қолы таза болып шықпағандықтан, Цейлон жазушылары Сенанаякені ысырып тастап, жазушылар үйымының бастығына ірі жазушы Мартин Микромасингін сыйлаган. Сонымен Сенанаяке Цейлон жазушылары атынан Тұрақты алқаны басқаратын праводан да ада болған. Осындай жағдайға кездескеннен біз Тұрақты алқаның оннан алты мүшесі — Азия-Африка әдебиеті қозғалысының болашағы туралы пікір алысып, төтенше шаралар іздестірдік.

Каирде өткен Тұрақты алқаның төтенше сессиясы осы себептерден туды. Сессияның қаулысынан тағы бір үзінді келтіруге болады, онда былай делінген: «Қазіргі бас секретардың төзгісіз нашар жұмысы, Цейлон орталығының кезек күттірмейтін міндеттерін елемеушілігі, өз бетімен жургізген заңсыз әрекеттері көптеген жазушыларға қөнілсіздік тудырып, олардың үйымға деген сенімін кетірді».

Цейлон жазушылар одағының вице-президенті Сарананкаара Тхеро сессияға катысады Азия-Африка жазушыларының ойында күдік қалмасын дегендегі — «Цейлон жазушыларының жаңа үйымы барлық мәселе

жөнінде де сіздерге қосылады» деді. Бұл барлық Цейлон жазушыларының пікірі болды.

Еркін және кең түрде ойланған келіп, Каир сессиясы Тұракты алқаны Коломбодан Каирге көшіруге қаулы алды. Бас секретарымыз Біріккен Араб Республикасының үлкен әлеуметтік кайраткөрі және ірі жазушысы Юсеф эл-Сибаи. Сонымен 1962 жылы Каирде өткен конференцияның қаулы-қараптарын қалай іске асыруды төрт жылдан кейін сол Каирде қайта жиналып, байлам жасалды. Халықаралық үйымды көнеіте берудің орына іштеген ірітіп өшіруге әкелген бас қырсықтан арылдық. Азия-Африка жазушылары Каирге көшірілген Тұракты алқамызға үлкен сеніммен қарап, содан бері өткен бір-ақ ай уақыт ішінде байланыстарын күшейте бастағанын көреміз.

Каирдегі жаңа алқамыз жергілікті үлттық әдебиеттер комитеттеріне таяудағы уақыттың ішінде істелер істің жобасын таратты. Алжир, Вьетнам, Суэц торабындағы араб ақындарының жинақтары баспаға әзірленіп жатыр. Бұл кейін кең еріс алып, Азия-Африка жазушыларының озық үлгілерін бірінен біріне аударып, таныстырып отыратын үлкен программаның алғашкы адымы. «Азия-Африка жазушысы» деген атпен жылына төрт рет әдеби журнал шықпақшы. Бұда қазір тығыз колға алынып жатыр. Айна бір рет әдеби бюллетень шыгады.

Азия-Африка жазушыларының кезекті конференциясын өткізу жұмыстарын әзірлеп, атқару комитетінің мәжілісіне қою үшін төрт ел әдебиет өкілдерінен үйымдастыру комитеті құрылды. Оған Біріккен Араб Республикасы, Цейлон, Унді, Судан жазушылары кірді.

Август айының аяғында Баку қаласында өтетін совет комитетінің сессиясына Тұракты алқаның мүшелері түгел қатынаспақшы. Юсеф эл-Сибаи араб делегациясын өзі бастап келмек. Бұл сессияда «Ұлт-азаттық қозғалысы және совет әдебиеті» деген тақырыптағы баяндама Қазақстанға берілді.

Осы сияқты нақтылы шаралар арқылы Азия-Африка жазушыларының қозғалысы қайтадан күш алып, жаңа белеске шықты. Қозғалыстың сегіз жылға созылған берекесіз бөлімі жабылып, Каир штабы ашылды. Азия-Африка топырағын жайлайтын әрбір елдің жазушылары жаңадан күрған Тұракты алқамызға тұракты үмітпен қарауына болады. Тұракты алқаның көз қыры барлық әдебиеттерге де түсे бастады. Азия-Африка жазушыла-

рының өзара аралас-құраласы бұл күнге дейін болмаған дәрежеде кеңеи бермек. Барлық Азия-Африка жазушыларынан жаңа алқамыздың ісіне жаңын сала араласуды қутеміз.

---

### ҰЛТ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЫНТЫМАҒЫ—

#### ҰЛЫ КУШ

(*Азия және Африка жазушыларының Делидегі IV конференциясының дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін талқылаған комиссиясында сөйлеген сөзі).*

Бірсыныра Афро-Азия елдері жазушыларының алдына қойылған, бүгін таңда да шешімін күтіп тұрған кейбір мәселелерге байланысты ой-пікірлерімді орталарыңызға салғым келеді. Өзіміздің курес тәжірибемізді және қыншылықтарды жено тәжірибемізді Совет Одағының ұлт әдебиеттері тұрғысынан айтып берсем деймін.

Афро-Азия елдерінде әлеуметтік және ұлт-азаттық революция женіске жетіп отырған жағдайда бұл елдер халықтарының озық ойлы ақыл иелері өз әдебиеті мен мәдениетін дамытудың, гүлдендірудің ең қысқа және неғұрлым жемісті жолын ізделп отырса, мұның өзі табиғи да заңды нәрсе.

Олар өздеріне қажетті жолды еркін қалап алу үшін белгілі бір кезеңдерде бірқатар қарама-қайши мәселелердің шиеленіскең шешімін табу қыншылықтарына кездескен болса, бұл да табиғи нәрсе.

Менің ойымша, біздің заманымыз дәстүр мен жаңашылдық мәселесін алдымызға қай кездегіден болсын шұғыл қойып отыр, ал бұл мәселе жалпы әдебиет пен мәдениеттегі ұлттық және интернационалдық мәселелерімен біртұтас.

Мен осы жайларға тоқталмақпын.

Революция жеңді, өзгерістер болды, әлеуметтік игі қадам жасалды, дәуір жаңарды. Эрбір халық өзінің өткен жолына көз тастайды, келешекке қарайды, сана сезім мен мәдениет мұрасының мағна-бағасын мөлшерлейді.

Бөбектің тілі ең әуелі «ана» деген сөзге келеді. Оны алғаш тамақтандырғанда, алғаш аялаған да — Ана. Құлдық пен қанаудан азат болған ересек адам да сол

бөбек сияқты, ең әуелі Отан — Анаға құшақ жаяды, өзімен бірге кемсітілген, қорлаушылық тауқыметін тартқан үлттық мұрасына аялап қол созады. Бұл — аса қастерлі сезім!

Уақыт алға зымырайды, жер токтаусыз айналады, өткен іс қайта қайрылмайды! Өткендегі үлттық сипаты бардың бәріне шектен тыс назар аударудың ақыры үлтшылдықпен үштасады, шеңбері тарылып, тынысы тарылып, оқшаша қалады, сөйтіп құрыптынады. Халықтың отаршылдық түмшалап тастаған мәдени байлығын сол халықтың өзіне қайтарып беру жолындағы парасатты мақсат пен бір ғана үлттық қалыпта қалу жолындағы тенденция арасында ешқандай ортақ сипат жоқ, керегар қайшылық қана бар.

Мен қазақ үлттының жазушысымын. Басымнан кешіргендерім көп, біздің әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өркендер өсуіне ненің кесепаты тигенін де, ненің шарапаты тигенін де аз көріп білгем жоқ. Яғни мен әдебиет пен мәдениеттегі, тіпті адамдардың харakterіндегі үлттық сипат атаулының бәрі бірдей өз дәүірінен озып кете бермейді деп ашық айта алам.

Мынадай бір салалас екі мысал келтірейін: Азияның асыл дидарлы даласын көшіп-қонып мекендерген ата-бабаларымыз сонау ерте замандарда аса пайдалы екі нәрсені — киіз үй мен шалбарды ойлады шығарыпты. Көшіп-қонып жүрген малыш қауымға киіз үй ең қолайлы баспана болды, ал тері шалбар күні-түні ат үстіне жүретіндерге ең мықты киім болды.

Мен де жазда киіз үйде тұруды жақсы көрдім. Бірақ, соған карамастан, Қазақстандағы қазіргі қала құрлысының негізі киіз үй болсын дегім келмейді.

Шалбар жайындағы сөз басқаша. Біріншіден, ішінара сирек кездесетін дәстүрдегілер болмаса, жер шарындағы еркектер түгелдей шалбар киеді, екіншіден, егер Делиден Парижге дейінгі аралыққа қарап отырсаныз, бұл шалбар қайсыбір жерлердегі эйелдер қауымының да жарасымды киімі болып алғанын көресіз. Демек шалбар дегеніңіз сан ғасырдың кәдесіне жарап келеді және барша адамзат мәдениетінің мәңгілік бүйімі болып қала да береді.

Әдебиет пен мәдениеттегі нақты үлттық дүние жөнінде сөз қозғалғанда істің жайы дәл осылай болып шығады деп ойлаймын.

Маркс: «Оқ-дәрі дәүірінде Ахиллес естен шығады!»

деген той. Біздің дәуірімізде Чака Зулу империясының да, Шыңғыс хан империясының да тірлік-түрі мен мән-мағнасының қажеті шамалы.

Азия мен Африка халықтарының әдебиеті бүгінгі өркендеу кезеңінде әртүрлі дәрежеде тұр, дәстүрлері мен тәжірибелері де екі басқа. Менің ойымша, бүгінде неғұрлым өркендерген әдебиеттер күні кеше асқан қызын кезеңдерден осы екі жас әдебиеттің тезірек өтуіне жәрдемдесу баршамыздың негізгі парызымыз болуға тиіс. Көп жақты мәдени байланыс жасау, ілгергі әдебиеттердің игі істеріне жай ғана еліктең қоймай, олардың тәжірибелерін игеру мәселесі осыдан өрбісе керек.

Осылай болған күнде ғана ұлт жазушылары ең прасатты ұлттық дәстүрге ие болып, тамаша әдебиет жасай алады деп білем. XIX ғасырдың ұлы жазушылары өз замандарының таңдаулы жазушыларынан тағым алғандықтарын бүкіл әлемге айтуға намыстанған жок болатын.

Мен қазақ әдебиетінің гүлденуі жайында сөз қозғалғанда біздің прозамыз берілген поэзиямыздың сан қырлы болуына, үлкен проза мен драматургиямыздың тууына Чехов пен Толстой, Бальзак пен Флобер, Горький, Тагор, Лу Синь, т. б. иғі ықпал жасаганын жарқын жүзбен айтып бере аlam.

Сонымен, бала туған екен, оның өзіндік кескін-келбеті болуға тиіс. Бір әдебиеттегі тіпті ең таңдаулы шығармаға жалаң еліктеу, оның қаңқасын ала салу екінші әдебиеттің дұрыс өркендеу процесіне кедергі келтіріп қана қоймайды, оның кескін-келбетін де бұзады. Мұндағай жағдайда әлемдік мәдениет жұтаң тартар еді, өйткені, оған әр алуан ұлттық нәр беретін дән өнбей жатып шіріп біткен болар еді. Демек, көп жақты мәдени байланыс нәтижесінде гүлденетін жас әдебиет, немесе жас мәдениет жалған жолбасшы және жылтырауық боямалы модернизацияның ықпалына душар болмауға тиіс.

Мұны естеріңізге қайталап салып тұрган себебім: біздің мынау шытырман дүниеде адамның ойлау сезімін мейлінше тежеу, тоқырату, жылмағайлау процесі жүріп жатыр. Біз индустріяда, немесе қала мен жол құрлысы жұмысында аса мол пайдасы бар кейбір нәрсенің адамның рухани өмір қажетіне көп кесірі болуы мүмкін екенін есте сактауға тиіспіз.

Адамның ойлау сезімін жылмағайлауға келсек, бұл — адамның ерік күшін жою, рухын жасыту, тағдыр-

ға мойын ұсындыру. Отаршылық империяның орнына империяның жаңа, мәдени түрін орнатуды жанталаса көкsep отырған әсіре отаршылдарға керегі осы. Отарлап келген жерінен кетуге мәжбүр болған әсіре отаршылдар ол жерлерде өздерінің әміршілерін, өз ұлгілерін қалдыруға тырысады.

Жазушылардың міндеті — әр адамның, әр халықтың ерекшелігін сактау үшін, олардың сезімталдықпен ойлау ерекшелігін қорғау үшін күресу. Осы жағдайда ғана халықтар әлемдік мәдениетке өз үлестерін қоса алады.

Сөз соңында мына бір жайды айтқым келеді: қай халықтың болсын сезім күйі мен рухын білдіруге, оның сындарлы ой жүйесін ашып беруге эксперанто тілі мұлдем жарамсыз!

Қазіргі цивилизациялы қоғамда нан, Отан, бала, ана, адам, жұмыс, махабbat, әділет, теңдік тәрізді қарапайым сөздердің мәнін әр түрлі адамдардың біркелкі ұғынуы барған сайын киындаі түсүде.

Әйтседе, бұл сөздер жер жүзіндегі барлық халықтардың тілінде бір мағынада айтылуға тиіс, ол бүкіл адамзатқа сонда ғана әбден түсінікті болады!

—•—

## МА ЗМУНЫ

### **Жапон Балладасы**

Арқаның әңгімесі . . . . .	3
Көздің әңгімесі . . . . .	7
Тастың әңгімесі . . . . .	11
Аранды темір қоршауда . . . . .	15
Жапон әсерлері . . . . .	23
Кеңдесулер . . . . .	39
Аспанда болған жекпе-жек . . . . .	65
Бүкіл Африкалық мәдениет фестивалі . . . . .	75
Хасан Тайир Заррух туралы екі ауыз сөз . . . . .	88
Судан ақыны Абдулла . . . . .	89
Назым Хикмет . . . . .	93
Күресте туған ынтымақ . . . . .	98
Каирдегі маңызды кеңдесу . . . . .	102
Әдебиетіміздің ізгі дәстүрі . . . . .	106
Азия-Африка жазушыларының қозғалысы жаңа белесте . . . . .	112
Ұлт әдебиетінің ынтымағы — ұлы күш . . . . .	121

**Мұсревов Ғабит**

Дұстық сезапы.

Әңгімелер мән очерктер.

Алматы, «Жазушы», 1971

128 бет.

*Қадірлі оқушы!*

*Осы кітап туралы пікіріңізді мына  
адреске хабарлауыңызды өтінеміз.*

*Адресіміз: Алматы, Коммунист  
проспекті, 105. «Жазушы» баспасы.*

Габит Мусрепов  
**ДОРОГИ ДРУЖБЫ**

**Рассказы, путевые очерки**

(На казахском языке)

Издательство «Жазушы» — 1971

Редактор Сабит Досанов. Художник А. Островский.  
Худ. редактор Б. Табылдиев. Техн. редактор К. Фаритденов.  
Корректор С. Умешев.

Сдано в набор 26/1-1971 г. Изд. № 477. Подписано к печати 13/V-1971 г.  
УГ01550. Бумага типографская № 2.  $84 \times 108^{1/2} = 4,0$  п. л.—6,72 усл. п. л.  
(Уч.-изд. 7,1 л). Тираж 8800 экз. Цена 21 коп.

Заказ № 203. Типография № 2 Главполиграфпрома Госкомитета Совета  
Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.